

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАРМТУ-ДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде

5-кітап

2-ші басылым, өңдел. және толық.

ӘОЖ 378.1 (574.3)=512.122

КБЖ 74.58=632.4

Қ 41

ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен.

Құрастырушы-авторлар: Байжабагинова Г.А., Матвеевкова Л.Г., Волкова А.В., Сламбекова А.К., Обухов Ю.Д., Исабек Т.К., Шарая О.А., Тутанов С.Қ., Брейдо И.В., Малыбаев С.Қ., Низаметдинов Ф.К., Шәріпов Н.Х., Пономарева М.А., Дәулетбаева Н.Б., Күзембаев С.Б., Гуртовой В.И., Понкратов С.П., Строков Е.Н., Фомин С.В., Кузнецов С.Б.

Қ 41 **ҚарМТУ-дың даму тарихы.** Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде. 5-кітап / ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен. – 2-ші басылым, өңдел. және толық. - Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті баспасы, 2011. – 73 б.

Жинақ ҚарМТУ дамуының негізгі кезеңдеріне, сондай-ақ университеттің дамуына елеулі үлес қосқан және оның мақтанышына айналған ғалымдарға, педагогтарға арналған. Жинақ материалдары кураторларға Қазақстан Республикасы Президентінің тұлғасы өнегесінде қазақстандық патриотизмді қалыптастыру бойынша куратор сағаттарын және басқа шараларды дайындау үшін ұсынылады.

ӘОЖ 378.1 (574.3)=512.122

КБЖ 74.58=632.4

© Қарағанды мемлекеттік
техникалық университеті, 2011



Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің құрылғанына - 58 жыл

*ҚР ҰҒА академигі
ҚарМТУ ректоры
А.М. Ғазалиев*

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің даңқты тарихы мен тамаша дәстүрлері бар.

1953 жыл - Қарағанды тау-кен институты. 60-шы жылдар - Қарағанды политехникалық институты, ал 1996 жылдан бастап – мемлекеттік техникалық университет. Осы негізгі кезеңдер бүкіл Қазақстан индустриясының дамуымен берік байланысқан.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жоғары базалық білім негізін біздің университетте алғаны оқытушылар мен қызметкерлер ұжымының ерекше мақтанышын тудырады, ҚарМТУ – ҚР Тұңғыш Президентінің білім ордасы екендігін зор мақтанышпен айтамыз.

Институт 1976 жылы мамандар даярлаудағы жоғары жетістіктері және ғылыми зерттеулердегі нәтижелері үшін Еңбек Қызыл Ту Орденімен марапатталған, екі рет Қазақстанның Алтын Құрмет Кітабына енгізілген. ЖОО еліміздің жоғары техникалық білімін дамытуға елеулі үлес қосты: оның Қазақстан бойынша филиалдары бүгінгі таңда дербес оқу орындары болды: Қарағанды индустрия университеті, О. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті, Солтүстік Қазақстан университетінің жоғары техникалық колледжі.

Тарихта Социалистік Еңбек Ері, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының екі мәрте лауреаты, ҚР ҰҒА академигі Әбілқас Сағынұлы Сағыновтың тұлғасы ерекше орын алады. Ол ҚарПТИ құрылуының қайнар көзі болды және 33 жыл бойы басқарды.

Қазіргі уақытта Университет Республика үшін бакалавриатта 39 мамандық, 26 – магистратура және 4 – PhD докторантура мамандарын дайындауды қамтамасыз етуде. Қазақстандағы жалғыз ЖОО қатардағы жауынгерлерді дайындау бойынша Әскери-техникалық институт және Технологиялық колледж жұмыс істейді.

ҚарМТУ елдегі алғашқылардың бірі болып институтаралық және халықаралық тіркеуден өтті. 2011 жылы шілдеде дүниежүзілік WEB-метрикалық көрсеткіш бойынша әлемдегі 5000 ең жақсы университеттер есебіне енді.

2011 жылы 17 шілдеде Университет «Дәнекерлеу әлемдік институты» ықпал етуші клуб мүшесіне алынды.

2011 жылы қарашада ҚарМТУ Еуразия университеттер қауымдастығына нақты мүше болды.

Ақпараттық ортаны дамыту бойынша ҚарМТУ Қазақстанда бастаушы ЖОО бірі болып табылады. Электронды оқу залдары сымсыз қосылу технологиясымен жабдықталған, Университеттің электронды қорларына ноутбук арқылы шығуды қамтамасыз етеді.

ЖОО міндеті тек қана кәсіби даярлау ғана емес, сонымен қатар болашақ маманның тұлға болып қалыптасуы, ҚарМТУ-да тәрбие ісі жұмысына көп көңіл бөлінеді. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өнегесіндегі студенттерге патриоттық тәрбие беру Моделі құрылды және ойдағыдай жүзеге асырылуда.

Қазақстанның жоғары мектебі Болон процесінің шеңберінде әлемдік және еуропалық білім беру кеңістігіне белсене енеді. Қазіргі уақытта адамзат иеленетін білім көлемінің әрбір бес жылдан кейін екі еселенетіні жалпыға белгілі, ал 2020 жылы бұл әрбір 72 күн сайын болады. Ендеше, біз қоғамға жаңа ғасырдың талаптарына жауап бере алатын білікті маманды беруіміз қажет. Жаһандық міндет! Оның шешімі – оқу процесін қарқындатуда, педагогикалық шеберлікті арттыруда және жұмыс берушілермен байланысты бағыттардың кең спектрі бойынша нығайтуда.

Сондықтан ҚарМТУ базасында 2008 ж. 18 маусымда Қазақстанда бірінші «Корпоративті Университет» инновациялық білім-беру консорциумы құрылды, ол 53 ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды біріктіреді (соның ішінде жүйе жасаушы – «АрселорМитталТеміртау», «Қазақмыс Корпорациясы», «Богатырь Көмір», «Шұбаркөл Көмір», «ССГПО» және т.б.) .

Бірлестік Университеттің білім беру және ғылыми-техникалық қызметінің дамуына қуатты күш берді. Шаруашылық келісім шарттардың көлемі 10 есе өсіп 2011 жылы 850 млн. теңгені құрады.

Корпоративті Университеттің кәсіпорындық тұтыну мақсаты бойынша ҚарМТУ-да 600-ден аса студенттер мен магистранттар оқиды. Жұмыс берушілер мемлекеттік білім беру стандарттары және үлгілік оқу бағдарламасын өңдеуге белсенді қатысады, тәжірибенің өтуін, профильді тақырып бойынша дипломдық жобаны қорғауды қамтамасыз етеді, кафедра бөлімшелерін ұйымдастыруға, лабораториялық жабдықтармен жабдықтауға көмек көрсетеді.

ҚарМТУ-да интеграцияланған Университеттік инновациялық ғылыми-техникалық кешен (УИГТК) құрылған, 7 ҒЗИ, 35 ҒЗЛ, 3 ғылыми-техникалық орталық, студенттік инновациялық орталық, инженерлік профиль лабораториясы және «ПОЛИТЕХ» технопаркі кіреді, оның құрамында 4 кіші инновациялық кәсіпорындар жұмыс істейді.

Университет АҚШ, Канада, Германия, Ұлыбритания, Словакия және Ресей университеттерімен жемісті ынтымақтасып келеді, оқу стандарттарын әзірлеу және инновациялық кәсіпорындар құру бойынша үш халықаралық ТЕМПУС жобасына қатысады.



ҚарМТУ құрылуы мен дамуының негізгі кезеңдері

*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
ӨЭ және Х кафедрасының
т.ғ.к., профессоры
Ю.Д. Обухов*

Соғыстан кейінгі елуінші жылдарда Қазақстанның өндірістік күштерінің дамуына, қара және түсті металлургия алыптарының құрылысына байланысты және темір, мыс, басқа да полиметалл рудалары кен орындарының ашылуына байланысты көмір мен басқа минералдық-шикізат ресурстарына өскен сұраныс Орталық Қазақстан аймағында инженер кадрларды даярлау проблемасын анық көрсетті. 1953 жылы КСРО Министрлер Кеңесі тау-кен мамандықтары бойынша инженерлер даярлауды әрі қарай кеңейту мен жақсарту және Қарағандыда, Пермь мен Тулада тау-кен институттарын ашу туралы қаулы қабылдады. Осы қаулының және КСРО Мәдениет министрлігінің 1953 жылғы 9 шілдедегі № 1223 және 1953 жылғы 18 шілдедегі № 1274 бұйрықтарының негізінде Қарағанды тау-кен институты ұйымдастырылды. Директордың қызметіне пайдалы қазбалар кен орындарын қазу жүйелері саласындағы ірі маман – техника ғылымдарының кандидаты, Мәскеу тау-кен институтының доценті Ю.Қ. Нұрмұхамедов шақырылды.

Ю.Қ. Нұрмұхамедов – 1934 жылы Днепропетровск тау-кен институтын бітірген, алғашқы қазақ тау-кен инженерлерінің бірі. Оның бірінші орынбасары болып ұзақ жылдар бойы Қарағанды тау-кен техникумын басқарған, техника ғылымдарының докторы Г.Е. Иванченко тағайындалды.

1953 жылғы күзде Қарағанды тау-кен институтының «Пайдалы қазбалар кен орындарын қазу» және «Тау-кен электр механикасы» мамандықтарына алғашқы 200 адам қабылданды. Сол кездегі көптеген талапкерлердің тазарту және үңгілеу забойларының жұмысшылары ретінде, слесарьлар ретінде жер асты жұмысынан тәжірибелері болғаны есте қаларлық жайт. Қарағанды тау-кен институтында бастапқыда екі мамандық ашылды: «Пайдалы қазбалар кен орындарын қазу» және «Тау-кен электр механикасы». Сабақтар Бейбітшілік бульвары 22-үйдегі кәсіптік-техникалық білім беру мектептерінің бірінің ғимаратында, Үлкен Михайловкада орналасқан Қарағанды ғылыми-зерттеу көмір институтының (ҚҒЗКИ) ғимаратында, 32-кварталдағы жатақханалардың бірінде өткізілді.

1955 жылы институтты бұған дейін Қарағанды ғылыми-зерттеу көмір институтын басқарған, техника ғылымдарының кандидаты Ә.С. Сағынов басқарды. Оның өтініші бойынша институтта жұмыс істеу үшін Свердловск тау-кен институтынан маркшейдерия саласындағы ірі маман, техника ғылымдарының докторы М.Л. Рудаков жіберілді.

Бастапқыда тау-кен институтының ғылыми-педагогикалық кадрлармен толықтырылуы үлкен қиындықтармен жүріп жатты. Алғашқы жылы профессорлық-оқытушылар құрамы небары 30 адамды ғана құрады, соның ішінде 8 ғылым кандидаты болды. Алғашқы оқытушылар М.Ә. Ермеков, Ш.У. Кан, П.И. Кирюхин, Л.Л. Тимохина, Б.Г. Христенко, С.Г. Дегтярев, А. Ишмұхамедов, Г.И. Моисеев, Л.Г. Кейтлин, В.Н. Бринза, Н.Я. Снитовский, Ф.С. Марков, А.П. Ли, С.Л. Серов, Н.Е. Гурин, Р.А. Царева, И.П. Рыбаков, Н.Е. Соколов, Э.П. Келлер, А.Е. Яковлев, А.Г. Здравомыслов, Т.Е. Гуменюк, И.А. Труфанов, Б.И. Халепский, М.П. Тонконогов, Н.Ф. Бобров, А.Б. Акимовтер болды.

Келесі жылдары профессорлық-оқытушылар құрамы елдің басқа ЖОО жоғары білікті мамандардың, тәжірибелі өндірісші-мамандардың және аспирантура бітірген жастардың есебінен толықты.

ЖОО-ны 33 жыл бойы (1955-1987 жж.) басқарған, Социалистік Еңбек Ері, ҚР ҰҒА академигі, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының екі мәрте лауреаты, техника ғылымдарының докторы, профессор Әбілқас Сағынұлы Сағыновтың (1915-2006 жж.) Қарағанды политехникалық институтының сәтті қалыптасуы мен дамуына қосқан баға жетпес үлесі мен жемісті еңбегін ерекше атап кету қажет.

1953-1954 оқу жылында тау-кен инженерлерін даярлау үшін алғашқы базалық кафедралар құрылды: «Пайдалы қазбалар кен орындарын қазу және геология, геодезия және маркшейдерия» (кафедра меңг. м.а. И.А. Труфанов); «Жоғары математика және теориялық механика» (кафедра меңг. м.а. Ш.У. Кан); «Сызба геометрия, графика және металдар технологиясы», «Химия және физика» (кафедра меңг. м.а. Е.А. Гурьянова); «Шетел тілдері» (кафедра меңг. Л.Л. Тимохина); «Физкультура және спорт», «Марксизм-ленинизм» (кафедра меңг. м.а. Н.Ф. Бобров); «Әскери кафедра» (кафедра бастығы полковник В.Н. Ижик).

1958 жылғы 31 наурызда КСРО Министрлер Кеңесімен қабылданған Қарағанды тау-кен институтының Қарағанды политехникалық институты болып қайта ұйымдастырылуы туралы №127 Қаулы институттың екінші туған күні болып саналады. Қарағанды политехникалық институты Орталық Қазақстанда қара металлургияның, кен өндіру өнеркәсібі мен машина жасаудың жедел дамуына және жаңа инженер мамандықтарына деген қажеттіліктің артуына байланысты ашылды. Бұл тек қаланың және аймақтың ғана емес, сонымен бірге республиканың елеулі оқиғасы болып табылды, өйткені осы кезеңде бұл Қазақстандағы тұңғыш және жалғыз политехникалық институт болды.

Институттың қалыптасуы мен дамуына орай сапалы профессорлық-оқытушылар құрамын құру үшін маңызды шараларды іздеу қажеттілігі туды. Институт басшылығы кадрларды даярлаудың бірден-бір дұрыс жолын – мақсатты аспирантура арқылы даярлауды таңдады. Кей жылдары орталық ЖОО-ның мақсатты аспирантурасына 30-ға дейін адам жіберілді. Әрине, олардың барлығы оқуын сәтті бітіріп, қайтадан ЖОО-ға қайтып келген жоқ, бірақ жалпы алғанда курс оң нәтижелер берді. Алпысыншы жылдардың аяғына

қарай профессорлық-оқытушылар құрамының ғылым кандидаттарымен толығу проблемасы, негізінен, шешілді.

Политехникалық институттың қалыптасуына ірі мемлекеттік қайраткер және кенші-ғалым, Қарағанды Кеңестік халық шаруашылығының төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор Д.Г. Оникан үлкен үлес қосты.

1958 жылғы маусымда тау-кен инженерлерінің 157 алғашқы түлегі шығарылды. Абыройларына орай түлектер өздерін жоғары білікті мамандар ретінде көрсете білді. Мәселен, И.Ф. Грязнов, В.А. Топилин және И.Т. Волочаев көптеген жылдар бойы Қарағанды және Донецк бассейндерінің ірі шахталарын басқарды, көмір өндіру жөніндегі салада аса жоғары техника-экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз етті; техника ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Әділов Қазақстан Республикасының ҰҒА академигі болып сайланды; техника ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Данияров көп жылдар бойы институт проректоры қызметін атқарды, өнеркәсіптік көлік кафедрасын басқарды; техника ғылымдарының кандидаттары, доценттер Г.В. Щепеткин, В.В. Ефимов, Д.А. Аманбаев – ұжымдағы тәжірибелі және құрметті оқытушылар; Г.С. Рахутин – техника ғылымдарының докторы, А.А. Скочинский атындағы ТКИ бөлім бастығы; Ә.Ә. Әлімбаев – экономика ғылымдарының докторы, Рыноктық қатынастар институтының директоры.

КСРО ЖОО министрлігінің ұсынысы бойынша елуінші жылдардың аяғында техникалық ЖОО білім алуды өндірістегі жұмыспен үйлестіруге ауыстырылды. Осы жаңалыққа сәйкес күндізгі бөлім студенттері таңдалған мамандығына сәйкес өндірісте жұмыс істеді және ЖОО-да оқыды. Оқытудың мұндай жүйесінің практикалық даярлау жағынан кейбір артықшылықтары болған шығар, бірақ жалпы алғанда бұл оқу процесін ұйымдастыруда үлкен қиындықтар тудырды. Сондықтан оқу орны одан бас тартып, өндірістік практика жазғы уақытта өтілетін дәстүрлі оқу жүйесіне ауысты.

Алпысыншы жылдардың басына қарай оқу-білім беру процесі және ғылыми-зерттеу жұмысы 20 кафедрада жүзеге асырылды: марксизм-ленинизм; физика; жоғары математика; химия; шетел тілдері; геология; сызба геометрия және графика; теориялық механика және материалдар кедергісі; дене тәрбиесі; пайдалы қазбалар кен орындарын қазу; тау-кен машиналары және кеніштік көлік; тау-кен механикасы; тау-кен кәсіпорындарының құрылысы; геодезия және маркшейдерлік іс; құрылыс өндірісінің технологиялары; жылу техникасы және металлургия пештері; жалпы электр техникасы; металдар технологиясы; кеніштік желдету және қауіпсіздік техникасы; тау-кен кәсіпорындарының экономикасы, ұйымдастыру және жоспарлау. 25 арнайыландырылған оқу зертханасы және 7 пәндік кабинет құрылды.

1960 ж. Балқаш қаласында институттың кешкі факультеті ашылды, ол 1977 ж. дейін инженерлерді өндірістен қол үзбей даярлауды жүзеге асырды. 1977 ж. бұл факультет жалпы техникалық болып қайта ұйымдастырылды. 1961 ж. Жезқазғанда кешкі факультет ашылды, ол мамандарды өндірістен қол үзбей даярлауды жүзеге асырды. Жер қойнаулары бағалы минералдық шикізаттың сарқылмас қоймасын құрайтын. Жезқазған облысының құрылуына байланысты

және халық шаруашылығының жылдам өсіп келе жатқан салаларын инженер кадрларымен қамтамасыз ету мақсатында 1973 ж. Жезқазғанда оқытудың күндізгі түрі ашылды. 1977 ж. аталған факультеттің базасында институттың күндізгі және кешкі оқу түрлері бар филиалы ашылды.

1972 ж. Көкшетау жалпы техникалық факультеті (ЖТФ) Павлодар индустриялық институтынан Қарағанды политехникалық институтының құрамына берілді. 1978 ж. Орал политехникалық институтынан Петропавл ЖТФ берілді, ол 1982 ж. институттың кешкі филиалы болып қайта ұйымдастырылды. 1980 ж. Целиноградта ЖТФ ашылды.

Институт тек қана инженерлік емес, сонымен бірге ғылыми кадрлардың ұстаханасы болды, олардың күшімен шаруашылық келісімдік және мемлекеттік бюджеттік тақырыптар бойынша үлкен ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру жылдан жылға өсті. 1966 жылдың аяғында институт жанында бірнеше мамандық бойынша кандидаттық диссертациялар құру бойынша біріккен Кеңес құрылды. Аспирантура ашылды, оған студенттік ғылыми қоғамның жұмысына белсенді қатысқан және практикада ғылыми зерттеулерге бейімділік көрсеткен, аса дарынды түлектер қабылданды. Аспиранттарға 40-тан астам ғылым докторлары мен кандидаттары жетекшілік етті. ҚарПТИ-дің мамандандырылған Кеңесінде 500-ден астам адам кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғады.

Біздің ғалымдарымыздың ғылыми зерттеулерінің жоғары деңгейі әр түрлі үкіметтік наградалармен атап өтілген. 1966 ж. үлкен жүкті мартен пештерінің табандығын пісірудің жеделдетілген әдісін әзірлегені және ендіргені үшін металлург-ғалымдар ұжымының құрамында профессор Е.И. Шевцов КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. 1974 ж. «Жер асты ғимараттарының беріктігі мен орнықтылығын есептеу мақсатында тау жыныстарының сырғымалылығын және бұзылуын зерттеу» атты тау жыныстарының механикасы бойынша жұмысы үшін Ә.С. Сағынов, Ю.А. Векслер, Ж.Е. Ержанов ғылым және техника саласында Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары атанды. Пайдалы қазбалардың бірқатар ірі кен орындарын ашқаны және сәтті игергені үшін шығармашылық ұжым құрамында Л.Ф. Думлерге КСРО Мемлекеттік сыйлығы екі мәрте берілді. 1980 жылы М.Ә. Ермаков көмір шахталарында метанмен күресудің физика-химиялық негіздері бойынша жұмыстар циклі үшін диплом мен академик А.А. Скочинский атындағы сыйлықты иеленді. 1987 ж. «Сокқылық әрекетті гидравликалық машиналарды жасағаны және теориясын әзірлегені» үшін ғалымдар Ә.С. Сағынов, А.Г. Лазуткин, И.А. Янцен және Д.Н. Ешуткиннің авторлық ұжымына Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді. С.С. Квон және Т.Е. Ермаков ғылыми зерттеулердегі табыстары үшін КСРО ЖОО Министрлігі сыйлығының лауреаттары атанды. 1987 ж. И.И. Попов, Р.П. Окатов, П.С. Шпаков, Г.Г. Поклад, Ф.К. Низаметдинов карьер қиябеттерінің орнықтылығын басқару бойынша жұмыстар циклі үшін Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің ғылым мен техника саласындағы сыйлығы лауреаттарының дипломдарын алды. 1991 ж. Н.Н. Безугловқа, А.Я. Горчаковқа, Н. Имге, Г.Г. Ларцевке және А.Н. Синчуковқа гидроэлеватор қондырғыларын әзірлегені және ендіргені үшін

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің ғылым мен техника саласындағы сыйлығының лауреаттары атағы берілді. А.З. Исағұлов «Құю қалыптарын тығыздаудың импульстік процестерін зерттегені және әзірлегені» үшін Қазақстан Лениндік комсомолының ғылым мен техника саласындағы сыйлығының лауреаты атанды. 2001 ж. шығармашылық ұжым құрамында М. Толымбетов техногенді шикізатты қайта өңдеу бойынша жұмыстар циклі үшін Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын иеленді.

Институт Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне тұрақты қатысушысы болды. 600-ден астам авторлық куәлік алынды. 1972 ж. КСРО 50 жылдығы құрметіне өткізілген социалистік жарыста институт КОКП ОК, КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының, КСРО Министрлер Кеңесі мен БКООК мерейтойлық Құрмет белгісіне ие болды.

Халық шаруашылығы үшін инженер кадрларын даярлауда және ІХ бесжылдықтағы ғылыми зерттеулерді орындауда қол жеткізген табыстары үшін 1976 ж. институт КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Сол жылы бесжылдық тапсырмаларын орындаудағы жоғары көрсеткіштері үшін Қазақстан КП ОК, Жоғарғы Кеңес Төралқасының және Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Қаулысымен институт Құрмет дипломымен марапатталды және Қазақ КСР Алтын Құрмет кітабына енгізілді.

1979 ж. Бүкілодақтық социалистік жарыстағы аса жоғары нәтижелерге қол жеткізгені, өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын жоғарылатқаны, экономикалық және әлеуметтік даму жоспарын сәтті орындағаны үшін институт ұжымына КОКП ОК, КСРО Министрлер Кеңесінің, БКООК және БЖОЛК ОК ауыспалы Қызыл Туы берілді.

1980 жылы Қарағанды политехникалық институтына КОКП ОК, КСРО Министрлер Кеңесінің ауыспалы Қызыл Туының тапсырылуы ерекше маңызды оқиға болды. Н.Ф. Краснов «Студенческий меридиан» танымал газетіне берген интервьюінде былай деді: «...Социалистік жарыс – бұл аса маңызды экономикалық рычаг, бұл – ештеңемен ауыстырылмайтын тәрбие құралы. Жуырда мен КОКП ОК, КСРО Министрлер Кеңесінің, БКООК және БЛЖОК ОК құрметті тапсырмасын орындадым - Қарағанды политехникалық институтына ауыспалы Қызыл Туды тапсырдым. Біздің елімізде барлығы 870 ЖОО бар, және оның әрқайсысы социалистік жарысқа қатысады. Бірақ 1980 жылы тек екеуі ғана жеңімпаз болды: еліміздегі байырғы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті және тарихы небары жарты ғасырға сиятын Қарағанды политехникалық институты. Бірақ осы елеусіз уақыт бөлігінде қарағандылықтар көп істер атқарып үлгерді. Оның жиырма бір мың тәрбиеленушісі еліміздің халық шаруашылығында сәтті еңбек етуде. 700-ден астам оқытушы, олардың әрбір екіншісінің ғылыми дәрежесі, 11 мыңға жуық студент бар. Бүгінгі таңда политехникалық институттың индустриялық Қарағанды аймағының өнеркәсіптік дамуын орасан дәрежеде қамтамасыз еткені анық. Тыңайған жерлерді игеру жылдарында жергілікті жас мамандарды даярлау проблемасы өзекті болды. Бұл міндетті Қарағанды политехникалық

институты өзі құрылғаннан кейінгі алғашқы жылдардың өзінде-ақ тыңға тиесілі қарқынмен, қуатпен бастап кетті. Санаулы он жылдардан кейін ол республика үшін білікті кадрларды даярлаудың негізгі ұстаханасы болды».

Кейінгі жылдары Қарағанды политехникалық институты жұмыс қорытындылары бойынша Қазақстан КП ОК, ҚазКСР Министрлер Кеңесінің, Қазақ Кеңестік кәсіподақтың және Қазақстан ЖОЛК ОК, КСРО ЖОО Министрлігінің және ҚазКСР ЖОО Министрлігінің ауыспалы Қызыл Туымен бірнеше мәрте марапатталды.

Институт ұжымы оның түлегі, «Қарағанды» шахтасының директоры Қасым Көрпебаевтың Социалистік Еңбек Ері жоғары атағын иеленгенін, ал түлектері О.Г. Ишхнели мен А.Г. Саламатиннің шахталар учаскелерінің бастығы қызметін атқарып жүріп, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары атанғанын ерекше мақтаныш етеді.

1988 ж. Қарағанды политехникалық институтының ректоры қызметіне ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, техника ғылымдарының докторы, профессор А.Г. Лазуткин сайланды. Ол кезде Қарағанды политехникалық институты Қазақстандағы жетекші техникалық ЖОО бірі ретінде бекіген болатын. Оқу процесі 7 факультетте 23 мамандық бойынша кешкі және сырттай бөлімдерде жүзеге асырылды. 1989 жылы алғаш рет 5 мамандық бойынша мемлекеттік тілде оқыту басталды. Оқу процесін компьютерлендіру, күрделі техникалық міндеттерді шешудің инженерлік әдіснамасын меңгеру бойынша шаралар қабылданды. Оқу процесінің өндіріспен және озық ғылыммен байланыстары нығайды.

1994 жылғы 3 қаңтарда институтты ҚарПТИ түлегі, техника ғылымдарының докторы, ЖМ ХҒА академигі, профессор Г.Г. Пивень басқарды. Жаңа құрылымдық бөлімшелер: жеделдетілген қайта даярлау факультеті (маңызды білім беру факультеті) және қысқартылған мерзімде оқыту факультеті құрылды. Бұл факультеттердің құрылуы республиканың нарықтық экономикаға өту кезеңінің талаптарымен, атап айтқанда екінші жоғары білімді және орта кәсіптік білімнің базасында жоғары білімді жеделдетіп алудағы қажеттілікпен себептелген.

1990-шы жылдардың ортасында КСРО ыдырауына байланысты оқулықтар мен оқу құралдарында тапшылық аса қатты байқалды. Мұндай жағдайда жалғыз ғана дұрыс жол – ЖОО жұртшылығының сұраныстарына жедел жауап беруге қабілетті, меншікті университеттік баспа құру таңдалды. Бүгінгі күні университеттің баспа-полиграфиялық базасына қазіргі заманғы жоғары өнімді ризографтар, ксерокстер, термотүптемелер және басқа қажетті жабдықтар кіреді. Әрбір оқытушының меншікті дәрістер курсы, оқу құралын немесе әдістемелік нұсқауын шығару мүмкіндігі болуы үшін барлық жағдайлар жасалған.

1994 ж. ҚР Білім және ғылым министрлігімен еліміздің жетекші ЖОО жанында Оқу-әдістемелік бірлестіктер құрылған. Қарағанды политехникалық институты 16 инженерлік мамандық бойынша бас ЖОО болып анықталды, олар бойынша қазақстандық білім беру стандарттары және 400-ден астам типтік оқу бағдарламасы әзірленді.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде Қазақстанның ең ірі кітапханаларының бірі бар, онда оқу, ғылыми, рефераттық және анықтамалық әдебиеттің 1,7 миллионнан астам данасы бар. Білікті мамандар даярлау ісінде осы баға жетпес қор маңызды рөл атқарады.

1996 ж. айрықша маңызды оқиға болды – Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесі Кабинетінің 7 мамырдағы № 573 Қаулысымен Қарағанды политехникалық институты Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті болып қайта ұйымдастырылды.

2008 жылғы ақпаннан бастап ҚарМТУ ректоры қызметіне ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР ҰҒА академигі Арстан Мәуленұлы Ғазалиев тағайындалды.

2008 ж. университет Қазақстанда бірінші болып оқу сапасы менеджменті жүйесінің ISO 9001:2000 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне ресертификациялық аудиттен өтті және «Русский регистр» мен IQNet сертификаттарын алды. Сарапшылар сапа инжинирингінің қазіргі заманғы технологиялары пайдаланылған жүйенің теңдессіздігін атап өтті. ҚР БҒМ Ұлттық аккредиттеу орталығы жүргізетін, жыл сайынғы ЖОО тәуелсіз рейтингінде ҚарМТУ республиканың барлық техникалық ЖОО арасында құрметті екінші орынды иеленді.

Университет «электрондық университет» мәртебесін иеленген, Қазақстан ЖОО алтылығына кіреді. 2008 жылғы ақпанда ҚР Тұңғыш Президенті атындағы Электрондық оқыту технологиялары орталығы құрылды, оның мақсаты – қазіргі заманғы ақпараттық білім беру технологияларын оқу процесіне белсенді түрде енгізу. 2008 жылғы наурызда ректордың бастамасы бойынша республикада аналогы жоқ, Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы «Тілдердің үштұғырлығы» тілдік орталығы құрылды, онда әрбір қалаған адам оқудың қазіргі заманғы әдістемелері мен жаңа құралдарының көмегімен мемлекеттік тілді, орыс және ағылшын тілдерін меңгере алады.

Университет дамуының 2006-2010 жж. арналған кешенді бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаны іске асырудағы маңызды қадамдардың бірі 2008 жылғы 19 маусымда Қазақстандағы тұңғыш «Корпоративті Университет» инновациялық білім беру консорциумын құру туралы Келісімге қол қою болды, оның мүшелері Қазақстан мен Ресей Федерациясының ғылыми және өнеркәсіптік кәсіпорындары болды: РҒА УрО Геофизика институты, Қарағанды технопаркi, ИПКОН ЖШС, Әбішев атындағы ХМИ, «Евразийская промышленная химическая группа» ЖШС, «Абсолют-Казахстан» компаниясы ЖШС, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Қараганданеруд», «KEGOC» АҚ және т.б. ҚР Білім және ғылым министрі Ж.Қ. Түймебаевтың айтуынша, Орталық Қазақстан аймағында Корпоративті университет құру жалпы алғанда Қазақстанның барлық техникалық білім жүйесі үшін дер кезінде қолға алынған және маңызды мәселе болып табылады.

2008-2009 оқу жылы жаңа ректордың бастамасымен Электрондық білім беру жылы болып жарияланды. Сонымен бірге жаһандық міндет – ұдайы жүргізілетін семинарлар негізінде педагогикалық шеберлікті арттыру және оқу процесінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кең

ауқымда пайдалану мақсатында ПОҚ штатын түгелдей дерлік біліктілікті жоғарылату жүйесімен қамту міндеті – шешілуде.

Университет құрылымында Маркетинг және шарттық қатынастар орталығы құрылған, ол студенттер құрамының сапалы құрылуын және кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Өнеркәсіптің басым салаларын кадрлармен қамтамасыз ету үшін қосымша 5 жаңа мамандық ашылды: «Биотехнология», «Информатика», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Математикалық және компьютерлік модельдеу», «Бастауыш және әскери даярлық».

Бүгінгі таңда ҚарМТУ – ірі ғылыми орталық. Университет өткізетін халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми-техникалық конференциялар академиялық элитаны, жас аспиранттарды, магистранттарды, студенттерді, аймақтың, республиканың, ТМД және алыс шетелдердің ірі кәсіпорындарының мамандарын біріктіреді.

Университет Словакия мемлекеттік университетімен, Циттау-Гертлиц институтымен (Германия), Болтон университетімен (Ұлыбритания), Рочестер технологиялық институтымен (АҚШ), Кошица қ. техникалық университетімен (Словакия), Техникалық қолданбалы ғылымдар университетімен (Вильдау қ., Германия), Томск политехникалық университетімен (Ресей), Орал мемлекеттік техникалық университетімен (УМТУ-УПИ) ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды. Университет оқу стандарттарын әзірлеу және инновациялық кәсіпорындар құру бойынша үш халықаралық ТЕМПУС жобасына қатысады.

Құқық бұзушылықпен күресу және сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында университетте Қоғамдық тәртіп комиссиясы құрылған, оның төрағасы болып профессор Н.А. Дрижд тағайындалды.

Университет дамуының 2006-2010 жж. арналған кешенді бағдарламасы шеңберінде идеология және тәрбие жұмысы жөніндегі Кеңес құрылған.

Университетте атаулы стипендиялар жинағы бар: «Болашақ» ҚР Президентінің Халықаралық стипендиясы; ұлы адамдар (Абай Құнанбаев, В.И. Вернадский, К.И. Сәтпаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Е.А. Бөкетов, М.О. Әуезов, С. Сейфуллин, А.Л. Чижевский, Д.А. Қонаев, Ә.С. Сағынов) атындағы және университеттің дамуына елеулі үлес қосқан профессорлар атындағы 21 ректорлық стипендия (В.Ф. Бырька, Ә.Ә. Ермеков, И.И. Попов, А.Н. Данияров, Р.П. Окатов, Е.О. Шевцов, Н.Ф. Гращенков, М.Ә. Ермеков, С.С. Квон, Ш.К. Қашық, Социалистік Еңбек Ері Г.К. Кушанов).

Студенттерді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің тұлғасы өнегесінде, сондай-ақ Отан тарихының ұлы және батырлық беттерінің, оның ұлы тұлғалары өмірінің тарихы өнегесінде патриоттық тәрбиелеудің теңдессіз моделі құрылды.



**Академик Сағынов Ә.С. – ғалым және
Қазақстандағы жоғары техникалық білімді
ұйымдастырушы**

*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
ПҚКҚ кафедрасының меңгерушісі,
т.ғ.д., профессор
Т.К. Исабек*

Социалистік Еңбек Ері, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы, ҚР Ұлттық ғылымдар академиясының академигі Әбілқас Сағынұлы Сағынов біздің еліміздің көрнекті ғалымдарының қатарына жатады. Кеңес Одағындағы 800-ден астам ректордың небары екеуіне ғана «Социалистік Еңбек Ері» жоғары атағы берілген болатын. Оның біреуі – біздің Әбеке. Әбілқас Сағынұлын білгендердің барлығы Орталық Қазақстандағы жоғары техникалық білімді ұйымдастырушы, Қарағанды көмір бассейнінің, Қарағанды қаласының қалыптасуы мен дамуына қатысушы, жоғары білікті инженер кадрларды даярлау ісіне баға жетпес үлес қосқан тұлға, көптеген шәкірттер тәлімгерінің еңбегін қадір тұта отырып, оның жарқын бейнесіне құрмет көрсетеді.

Өзінің өндірістік қызметінің алғашқы күнінен бастап Ә.С. Сағынов «Верхняя Марианна» қабатын қазудың тиімді жүйесін іздестіру бойынша эксперименттерге белсене қатысты. Осы қабатты алуды механикаландыру технологиялары мен құралдарының сыналмаған нұсқалары аз еді. Көптеген жылдар өткен соң ғана, 1960-шы жж. аяғында Ә.С. Сағынов өзінің шәкірттерімен бірге жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Механикалық кешендер жүктемесі орташа және төменгі қабаттарда тәулігіне 3000 және одан артық тоннаға жетті.

«Қарағандауголь» комбинатының техникалық бөлімінің бастығы болып жұмыс істеп жүріп, Ә.С. Сағынов шахталардағы ғылыми-техникалық прогресс мәселелеріне, шахта қорының әрі қарай дамуына үлкен көңіл бөлді, бұл оның 1947 жылы Қазақ КСР Ғылымдар академиясының Тау-кен институтына сырттай аспирантураға түсуіне мүмкіндік берді. Диссертация тақырыбы өте маңызды болды, ол Қарағанды бассейнінің даму перспективасымен жұқа және орташа қуатты көлбеу құламалы қабаттарын қазу технологиясының қазіргі жағдайымен байланысты болды. Сол жылдары көмір басым көпшілігінде қуатты қабаттардан өндірілді, ал жұқа және орташа қуатты қабаттарды қазу кейінге қалдырылып отырды. Бұл қабаттар тобының қорлары бассейн шахталарының барлық өнеркәсіптік қорларының 40%-ға жуығын құраса да, оларға жеткілікті көңіл бөлінбеді. Осы қабаттарды қазу тәсілдері мен жүйелері жетілдіруді қажет етті.

1951 жылы Ә.С. Сағынов Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу көмір институтының (БҒКИ) Қарағанды филиалының директоры болып тағайындалды, кейіннен 1952 жылы оның басшылығымен Қарағанды ғылыми-

зерттеу көмір институты (ҚҒЗКИ) болып қайта ұйымдастырылды. Осы кезеңде Ә.С. Сағыновтың шахтерлердің алдында пайда болған үшінші көмір отыны қоймасының күрделі проблемаларын шешуге қабілетті зерттеушілер ұжымын қалыптастырған, ірі ұйымдастырушы және ғалым ретінде жарқын таланты айқындалды. Ол жаңа институттың жұмысын Қарағанды көмір бассейнін игерудің бірқатар проблемаларын тиімді шешуге бағыттады. Ә.С. Сағыновтың басшылығымен ҚҒЗКИ-да «Верхняя Марианна» көмір қабатын қазумен және метанды қабаттарды газсыздандырумен байланысты ірі проблемалар сәтті шешілді.

Ә.С. Сағынов институтта өндірісті механикаландыру құралдарын және еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру, кен орындарын қазу, көмір бассейнінде жаңа техника мен технологияларды тиімді пайдалану сияқты маңызды проблемалармен айналысты. Мамандар мен ғалымдар осы күнге дейін оның КСРО үшінші көмір базасы - Қарағанды көмір бассейнінің қалыптасуына қосқан үлесін жоғары бағалайды. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің сол кездегі ректоры техника ғылымдарының докторы, профессор Геннадий Георгиевич Пивень 2000 жылғы 20 желтоқсанда «Индустриальная Караганда» газетінде басылған «Ғалым, жоғары мектепті ұйымдастырушы» мақаласында былай деп жазған: «Осы кезеңде Ә.С. Сағыновтың шахтерлердің алдында пайда болған үшінші көмір отыны қоймасының күрделі проблемаларын шешуге қабілетті зерттеушілер ұжымын қалыптастырған, ірі ұйымдастырушы және ғалым ретінде жарқын таланты айқындалды. Ол жаңа институттың жұмысын Қарағанды көмір бассейнін игерудің бірқатар проблемаларын тиімді шешуге бағыттады. Ә. Сағыновтың басшылығымен көмір қабаттарын қазумен байланысты ірі проблемалар сәтті шешілді».

1955 жылы Ә.С. Сағынов директивті органдардың шешімімен 1958 жылы Қарағанды политехникалық институты (ҚарПТИ) болып қайта ұйымдастырылған Қарағанды тау-кен институтының ректоры болып тағайындалды. Ол бір мезгілде пайдалы қазбалар кен орындарын қазу кафедрасын басқара отырып, ректордың қызметін 33 жыл бойы атқарды.

Бұл қызметте оның ұйымдастырушылық таланты және бірегей ғылыми қабілеттері айқын ашылған. Профессорлық-оқытушылар құрамы небары 28 адамнан құралған, оның ішінде тек алтауы ғана ғылым кандидаты болған институтты басқарып, Ә.С. Сағынов «институттың дамуы екі негізгі факторға – оқу-материалдық базаның жағдайына және оқытушылардың ғылыми-педагогикалық біліктілігіне байланысты болады» деген тұжырымға келеді. Ә.С. Сағынов ірі оқу-зертханалық корпус – қазіргі университеттің бас корпусының кірпішін қалауға және құрылысын жеделдетуге қол жеткізді. Көп ұзамай бірқатар басқа оқу корпусарын, жатақханаларды, асхананы және т.б. тұрғызу басталды.

Оқу-материалдық базаның дамуы институттың бірінші курсқа талапкерлер қабылдауды 200 адамнан 2500-ге дейін ұлғайтуына мүмкіндік берді, кешкі және сырттай оқыту факультеттері ашылды. Бұл институтта білім алатын студенттер құрамын отыз мың адамға дейін жеткізуге мүмкіндік берді.

Қарағанды политехникалық институты тек Қазақстанның ғана емес, сонымен бірге Орта Азия республикаларының да ірі ЖОО қатарына кірді. Ә.С. Сағынов институтқа «Қарағандауглеразрезы» трестінің ғимаратын бекітуге қол жеткізді. Бұл тапсырма әскери кафедраны орналастыру үшін пайдаланылған. Ә.С. Сағыновтың соңғы тумасы – тау-кен факультетінің ғимараты, ол қазір де өзінің сәулеттік сұлулығымен көз тартады.

Институттың материалдық-техникалық базасын, жаңа корпусстар мен ғимараттарды нығайту туралы қамқорлық жасай жүріп, Әбілқас Сағынұлы ұжымдағы ғылыми-педагогикалық және тәрбие жұмысы туралы, жаңа кафедралар, зертханалар құру, оқытушылар, ғалымдар кадрларын іріктеу және орналастыру туралы да ұмытпады.

Пайдалы қазбалар кен орындарын қазу кафедрасында Ә.С. Сағынов пайдалы қазбалар кен орындарын қазу технологиясы және кешенді механикаландыру бойынша ғылыми мектепті құрды, ол Қазақстанда да, жақын және алыс шетелдерде де кеңінен танылды. Кафедра ғылыми және педагогикалық қызмет бойынша республикада екі рет үздік кафедра атағын иеленді. Бүгінгі күні кафедрада техника ғылымдарының 4 докторы, профессор, техника ғылымдарының 11 кандидаты, доцент жұмыс істейді. Олардың барлығы – Ә.С. Сағыновтың шәкірттері. Бұл - Н.А. Дрижд, Б.Т. Берқалиев, Т.К. Исабек, В.Ф. Демин және т.б.

Ғылыми-педагогикалық қызметі кезеңінде ректор және кафедра меңгерушісі постында ауысымсыз қызмет етіп, Ә.С. Сағынов Қазақстан өнеркәсібінің кен өндіру салаларын дамытуға, сондай-ақ жоғары білікті мамандарды даярлауға елеулі үлес қосты.

1993 жылы Қарағанды қалалық халық депутаттары Кеңесінің шешімімен ғылым мен техника саласына, Қарағанды көмір бассейнінің дамуына және халық шаруашылығы үшін кадрлар даярлауға қосқан үлкен үлесі үшін, Ә.С. Сағыновқа «Қарағанды қаласының құрметті азаматы» атағы берілді. Оның КСРО және республиканың халық шаруашылығын, жоғары білім мен ғылымның дамуына сіңірген еңбегі Үкіметтік наградалармен – бірнеше рет бес орденмен және он медальмен атап өтілді. 1995 ж. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Ә.С. Сағыновқа «Қазақстан Республикасының ғылым мен техникасының құрметті қайраткері» атағы берілді.

Қарағанды политехникалық институты (қазіргі уақытта ҚарМТУ) Ә.С. Сағынов басшылық еткен уақытта Қазақстан кадрларының нағыз ұстаханасына айналды. Мыңдаған инженерлер шығарылды, олар қазіргі уақытта да тек біздің республикамызда ғана емес, сонымен бірге ТМД елдерінде және алыс шетелдерде де еңбек етіп жүр.

ҚарПТИ қабырғасында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев білім алған. Ірі мемлекеттік қайраткерлер, кен өндіру кәсіпорындарының басшылары, мәжіліс депутаттары және сенаторлар Ю.А. Кубайчук, Ш.А. Оразалинов, Н.З. Нығматуллин, М.Б. Тінікеев, Г.М. Презент, П.П. Нефедов институт түлектері болып табылады:

Ә.С. Сағынов көп қырлы қоғамдық қызмет пен ғылыми-педагогикалық жұмысты бірлестірді. Мысалы, 30 жыл бойы Қарағанды облыстық партия комитетінің мүшесі, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1966-1970 жж.), әр түрлі деңгейлі жергілікті Кеңестердің депутаты, Қарағанды және Жезқазған облыстарының ЖОО ректорлары Кеңесінің төрағасы (1973-1987 жж.), бірқатар журналдардың редакциялық алқасының мүшесі, бірқатар институттардың Ғылыми Кеңестерінің мүшесі және т.б. қызметтерді атқарды.

2006 ж. Ә.С. Сағыновтың 90 жылдығын тойлаған күндері оның көрнекті қызметтерінің құрметіне және оның есімін мәңгі есте сақтау мақсатында 33 жыл бойы басшылық еткен Пайдалы қазбалардың кен орындарын қазу (ПҚКҚ) кафедрасына ғалымның аты берілді. Сондай-ақ оның аты 2-ші корпусының 2-ші қабатында орналасқан, 150 орындық № 205 кеңейтілген аудиторияға берілген. Ал 2008 жылы Пайдалы қазбалардың кен орындарын қазу кафедрасының оның атымен аталатыны туралы мемориалдық тақта жасалып, ПҚКҚ кафедрасы орналасқан, 2-ші корпусының 3-ші қабатының фойесінде орнатылды. Бұл шараны университет ректоры ұйымдастырды, оған Ә.С. Сағыновты жақсы білген көптеген қонақтар шақырылды.



ҚарМТУ – ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың білім ордасы

*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
машина жасау институтының директоры
т.ғ.к., профессор
О.А. Шарая*

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің құрылғанына 2011 жылы 58 жыл болды. 1958 жылы Қарағанды тау-кен институтының политехникалық институт болып қайта құрылуы жоғары оқу орнының өзі үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл республика үшін елеулі оқиға болды, өйткені Қазақстанда тұңғыш политехникалық ЖОО пайда болды. 1996 жылы ҚР Министрлер кабинетінің Қаулысымен ол Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті болып қайта ұйымдастырылды, бұл жоғары оқу орнының жоғары білікті мамандар даярлаудағы еңбегінің танылуы болды.

Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге еліміздің шекарасынан тыс елдерде де жақсы белгілі ҚарМТУ жоғары наградамен – Еңбек қызыл Ту орденімен марапатталған, екі рет Алтын Құрмет кітабына енгізілген. Біздің ЖОО 39 бакалавриат, 26 магистратура, 4 докторантура мамандығы және 6 әскери-есептік мамандықтар бойынша кадрлар даярлайды. Қазіргі уақытта ҚарМТУ-да 12 мыңнан астам студент оқиды.

Университет жұмысының басты қорытындысы – алпыс мыңнан астам түлек. ҚарМТУ уақыт талабына сай инженерлік-техникалық кадрларды даярлайды. Біздің түлектеріміздің арасында белгілі саяси қайраткерлер, ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының, ғылыми мекемелердің, білім беру, мәдениет және бизнес саласы ұйымдарының басшылары бар. Университет мақтанышы – 1962-1965 жылдары жалпы білім беретін және техникалық пәндердің негізін меңгерген, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдарында өнеркәсіп Қазақстанда қарқынды дамыды. Жастар шахтер, құрылысшы, металлург сияқты мамандықтарды игеруге талпынды. Бір күні болатты қалай құятынын көріп және осындай әдемі де ғажап көріністің әсерінде бола тұрып, Нұрсұлтан есімді қазақ жігіті, өзінің көптеген құрдастары сияқты, өмірін металлург мамандығымен байланыстыруға бел байлады.

Жоғары білім алу үшін Қазақстанның болашақ Президенті Қарағанды политехникалық институтына оқуға түседі. Н.Ә. Назарбаевтың студенттік жылдарында инженер кадрларын даярлау жүйесі қазіргі жүйеден қатты ерекшеленетін. Ол Теміртау қ. тұратын талапкерлерден құрылған, ЛП-62-2 (Қара және түсті металдарды күйю өндірісі) тобына қабылданды. ЛП-62-1 тобында қарағандылық студенттер оқыған. Оқу «ДВ» жүйесі бойынша жүргізілді –

студент өндірісте жұмыс істеп, бір жарым жыл институтта оқыды. Бұл студенттердің практикамен бекітілген, берік білім алуына мүмкіндік берді.

ЛП-62-1, 2 топтарында айрықша жолдастық қарым-қатынас болды. Білімі мен өмірлік тәжірибесі бойынша мықты студенттер Н. Назарбаев, Т. Сүлейменов және В. Андреев өздерінің топтастарына көмектесіп, оларға қолдау көрсетті.

Сол жылдардың өзінде-ақ болашақ Президенттің жеке бірегей қасиеттері айқындалды. Басқа құрдастарынан оны мақсатқа талпынушылығы, табандылығы, өзіне жоғары талап қоя білуі, көшбасшылық қасиеттері, бастаған істі аяғына дейін жеткізу қабілеті ерекшелендірді.

Студенттік құрылысшылар отрядында Н. Назарбаев бригадир болды және құрылысты барлық қажетті материалмен: кірпішпен, құммен, цементпен қамтамасыз ете отырып, нысан құрылысын басқарды, ол кездері бұл өте қиын іс болды. Бұл материалдарды жабдықтау ұйымдарынан «тартып алуға» тура келді. Басшы ретінде табандылығының арқасында нысанның құрылысы дер кезінде және жоғары сапамен аяқталды.

Студент бола тұрып, Н. Назарбаев қоғамдық өмірге белсене араласты. Спорттың футбол, баскетбол, волейбол, үстел теннисі сияқты түрлері бойынша факультеттің мықты спортшыларының бірі болып табылды. Еңбек сүйгіштігі, жаңа білімге ұмтылысы, қоғамдық жұмысы, белсенді өмірлік ұстанымы үшін БЛЖОК XIV съезіне делегат болып сайланды, Хельсинки қаласында VIII Бүкіләлемдік жастар мен студенттер фестиваліне қатысты.

1965 жылы Н.Ә. Назарбаев Теміртауға ауысты. «Шойын металлургиясы» мамандығы бойынша өндірістік тәжірибесі болса да, ол онда Қарағанды металлургия комбинаты үшін мамандарды даярлау жүргізілген, ЖТЖО-да оқуын жалғастыруды шешті.

Қазіргі таңдағы ҚарМУ – жеті оқу корпусы, жастар сарайы, жатақхана, спорт кешені, студенттер емханасы, қоғамдық тамақтандыру цехы, Қарқаралы қаласындағы «Политехник» спорттық-сауықтыру лагері. Университет құрылымында технологиялық колледж және лицей сәтті жұмыс істейді. ЖОО профессорлық-оқытушылар құрамы 700 оқытушыны біріктіреді, олардың қатарында 300 ғылым кандидаты, 50-ден астам ғылым докторы, профессорлар, академиктер мен республикалық және халықаралық академиялардың корреспондент-мүшелері бар.

Біздің ЖОО қарқынды дамып, болашаққа жаңа қадамдар жасап келеді. Оның дәлелі – оқу сапасы менеджменті жүйесінің ISO 9001:2000 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігі сертификатын алуы; техникалық ЖОО арасындағы бас рейтингтегі екінші орын (ҚР БҒМ Ұлттық аккредиттеу орталығының деректері бойынша); INSAM Жоғары бизнес және басқару институтының (Швейцария), Technomic Consultants Консалтингтік компаниясының (Франция) және Centre for Business Excellence Қауымдастығының (Ұлыбритания) «Алтын феникс» халықаралық сыйлығы; Еуропалық бизнес Ассамблеясы Комитетінің (Оксфорд, Ұлыбритания) «Еуропалық сапа» халықаралық наградасы.

«Алтын сапа» көрмесіне қатысқаны үшін ҚарМТУ Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі басшысының «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» алғысымен марапатталды, оның құрметті қонағы Елбасы болды. Бұл награда – ЖОО бүкіл ұжымының қажымас еңбегі нәтижелерінің танылуы.

Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді ендіру және ҚарМТУ-дағы сапалы тілдік даярлық үшін Тұңғыш Президент атындағы Электрондық білім беру технологиялары орталығы, Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы «Тілдердің үштұғырлығы» бірегей тілдер орталығы және академик Ә.С. Сағынов атындағы «Инновациялық орталық» ашылды.

Оқу процесін толық ақпараттық ортамен қамтамасыз ету үшін ЭОТО-да: аралық оқыту технологиялары орталығы, микроэлектроника, компьютерлік модельдеу және жасанды зерде зертханалары, оқу-ғылыми байланыс орталығы, бейне және дыбыстық жазу студиясы құрылған, әрі белсенді жұмыс істейді; мультимедиялық және сертификатталған электрондық оқыту құралдары, деректерді шоғырланған түрде өңдеудің желілік оқыту әзірлемелері (WEB-портал) жүргізілуде. Қысқа мерзім ішінде 4000-нан астам электрондық оқыту ресурстары әзірленген, Интернетке шығатын жергілікті желісі және радио-қатынасы бар жергілікті желіге біріктірілген, 65 компьютерлер класынан тұратын, 2500-ден астам қазіргі заманғы ЖЭЕМ бар бірыңғай ақпараттық білім беру ортасы бар, автоматтандырылған басқару және білім беру сапасын бағалау жүйелері жұмыс істейді.

Академик Ә.С. Сағынов атындағы Инновациялық орталықта білімге, ғылымға және тәрбие жұмысына инновацияларды ендіру бойынша ақпарат жалпылап қорытындыланады және ұсыныстар әзірленеді.

Ұлы философ, ақын және ағартушы Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы «Тілдердің үштұғырлығы» орталығы қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қарқынды және сапалы үйрету үшін жағдайлар жасайды. Мұнда әр түрлі шаралар өткізіледі, жақын және алыс шетелдік ЖОО-мен халықаралық келісім-шарттар жасалады, шығармашылық конкурстар, «дөңгелек үстелдер», тілдік олимпиадалар өткізіледі, Орталық көмегімен студенттер тіл тасушылармен қарым-қатынас жасау үшін АҚШ-қа, Ұлыбританияға, Германияға, Францияға шетелдік іссапарларға шығады.

Ш. Құдайбердіұлы атындағы «Тілдердің үштұғырлығы» орталығының базасында Конфуций Институтымен бірге қытай тілін зерделеу бойынша курстар ашылады, Қытай тарихы мен мәдениетіне арналған шаралар өткізілетін болады.

Дәстүрлі және электрондық тасығыштарда бір жарым миллионнан артық ғылыми, оқу және анықтамалық-ақпараттық әдебиеттен тұратын университеттің кітапханасы – интеллектуалдық қатынастың өзіндік орталығы. Ол жыл сайын 40 мыңнан астам жаңа кітаппен және 800-ге жуық мерзімді басылыммен толықтырылады. Кітапханада ақпараттық және анықтамалық басылымдардың бай қоры, электрондық оқыту құралдары мен үш электрондық оқу залы бар ақпараттық-білім беру орталығы жұмыс істейді.

Инновациялық білім беруді дамытудың маңызды бағыты: «Құрылыс және сәулет», «Ғарыш техникасы және технологиялары», «Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару», «Оқу қызметін программамен қамтамасыз ету» және студенттер шығармашылығына мүмкіндік туғызатын басқа студенттік бюролар болып табылады.

Жоғары оқу орны – ерекше орта, ол көптеген гуманитарлық және арнайы пәндер арқылы, педагогтар, ғылыми жұмыстар және алуан түрлі студенттік өмір арқылы жеке тұлғаны қалыптастырады.

Біздің студенттеріміздің ұрпақтары қайда жұмыс істесе де, ылғи да бір үлкен отбасының мүшесі болып қалады және оны «alma mater» – үйіміз деп атайды. «Үй» ұғымына жылы шырай, туыстық, өзара түсіністік, жалпы мақсаттар кіреді.

Университетте айқын және алыстан танылатын фирмалық корпоративті стиль құрылған және қолданылады, ол ғимараттарды, стендтерді, маңдайша жазуларын, ЖОО баспа өнімін ресімдеуден байқалады. Студенттер мен оқытушыларға ЖОО имидждік өнімдері – қалпақтар, футболкалар, қаламдар, блокноттар, күнтізбелер, көкшіл ақ түсті белгісі бар значоктар – кеңінен танымал.

Университеттік корпоративті мәдениеттің маңызды құраушысы түлектермен жұмыс істеу болып табылады. Тіпті ЖОО-ны көп жыл бұрын бітіріп кетсе де, түлектер өздерінің alma mater-ге тиесілілігін сезінеді және студенттер мен жалпы университетке көмектесетін, «ҚарМТУ оқытушылары мен түлектері қауымдастығының» қызметіне қатыса алады. ЖОО-ның бірде-бір ірі шарасы қауымдастықтың демеушілік көмегінсіз өтпейді.

ҚарМТУ-да студенттердің өзін-өзі дамытуы, жеке тұлғалық өсуі үшін барлық жағдайлар жасалған. Кез келген шығармашылық түрде икемделген студент ұсынылатын бағыттардың кең спектрінен өзінің жаны қалаған ермегін таңдай алады: ғылыми-зерттеу жұмысы, көркемөнерпаздар үйірмесі, дебаттық клуб, студенттік өзін-өзі басқару органдарындағы жұмыс және т.б.

Бүгінгі күні ҚарМТУ-дың профессорлық-оқытушылар құрамы өзінің алдына жаңа қалыпты, жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, біздің Елбасымыз бүкіл қоғамның алдында белгілеген міндеттерді орындау үшін барлық қажетті білімді иеленген инженер-мамандарды даярлаумен байланысты күрделі де маңызды мақсаттарды қояды. Қазіргі әлемде бәсекеге қабілеттіліктің тек бір ғана ресурсы – адамзат парасаты бар екенін біз жақсы түсінеміз. Оны белсенділендіру және адамгершілік пен рухани құндылықтарын жоғалтып алмай, қоғам игілігіне барынша жұмсау - ғалымдардың, педагогтардың және біздің Университетімізде көптеп саналатын жас таланттардың жаңа ұрпағының міндеті. Тек оған қажырлы талпыныс болуы тиіс. «Өз білімін үнемі аяқталмаған деп санайтын адам ғана білімді адам ретінде таныла алады» деген сөз бекерге айтылмаса керек.

Ғалымдар, педагогтар – ҚарМТУ мақтанышы

*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
ӨЭ және Х кафедрасының
т.ғ.к., профессоры
Ю.Д. Обухов*

Мемлекеттік техникалық университеттің жоғары мәртебесі оқу процесі мен ғылыми-зерттеу жұмысының аса тығыз байланысын міндеттейді. Болашақ маманды толығымен оқыту және сапалы даярлау жетістігінің негізі осыдан көрінеді.

Көптеген жылдар бойы университет ғылыми-білім беру кешені ретінде қалыптасты және ол озық технологиялардың ғылыми-техникалық орталығына айналды. Бұл келесі ғылыми бағыттар бойынша маңызды және қолданбалы зерттеулердің басым дамуымен қамтамасыз етілді:

- Пайдалы қазбалардың кен орындарын қазу технологиясы (Ә. Сағынов, С. Квон, Ю. Векслер, Ю. Берқалиев, Т. Исабек).
- Тау-кен машинасын жасау (А. Кичигин, А. Лазуткин, И. Янцен, Г. Пивень, Д. Ешуткин, С. Жетесов, Ю. Климов, Ю. Черкашин, Т. Ермеков, А. Ушаков, А. Павлов, Ю. Смирнов).
- Тау-кен кәсіпорындарының аэрологиясы және еңбек қорғау (Н. Кременчущкий, Н. Гращенков, Е. Глузберг, Ә. Әкімбеков, Ф. Гельфанд, В. Журавлев, Г. Панов).
- Көлік жүйелері (А. Данияров, З. Ақашев, С. Малыбаев, Ж. Қуанышбаев).
- Маркшейдерлік іс және жер қойнаулары геометриясы (И. Попов, Р. Окатов, П. Шпаков, Ф. Низаметдинов).
- Техникалық жүйелерді модельдеу және жобалауды автоматтандыру (П. Степанов, Г. Пивень, М. Нұрғожин, Л. Когай, И. Альтер).
- Ядролық геофизика және пайдалы қазбалардың құрамы мен сапасын зерттеудің ядролық-физикалық әдістері (Ю. Пак, В. Красноперов).
- Өндірістік процестерді автоматтандыру (В. Бырька, И. Брейдо, Б. Фешин).
- Геология және жер қойнауларын барлау (М. Ермеков, Л. Думлер).
- Құю өндірісі (Е. Шевцов, А. Исағұлов).
- Құрылыс механикасы және құрылыс конструкциялары (А. Боженев, Н. Жадрасынов, Ж. Бәкіров, Ж. Нұрғожин).
- Экономикалық теория және басқару экономикасы (Ш. Қашықов, Б. Ахметжанов, Р. Каренов, В. Муров, Р. Ходжаев)

Жетістіктер халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда, монографияларда және мақалаларда кеңінен көрсетіледі. Тек соңғы 10 жыл ішінде ғана профессорлық-оқытушылар құрамы және ғылыми қызметкерлер әр түрлі деңгейлі ғылыми конференцияларда 900-ге жуық баяндамалар ұсынды, 3000-нан астам ғылыми жарияланымдар жариялады. 64 монография шығарылды, 30 докторлық және 55 кандидаттық диссертация қорғалды, 200-ден астам авторлық куәлік пен патент алынды.

Орындалатын ғылыми зерттеулердің жоғары деңгейі және маңыздылығы университеттің көптеген ғалымдарының ғылымдар академияларының нақты сайланған мүшелері (академиктері) болуына мүмкіндік берді: Ә. Сағынов – ҚР ҰҒА академигі; А.М. Ғазалиев – ҚР ҰҒА; Г. Пивень – ЖМ ХҒА, ХАҒА, ҚР ЖҒА, ҚР АА; Ю. Пак – ҚР ЖҒА; И. Альтер – ХАҒА; И. Арыстан – ХАҒА; Б. Берқалиев – ХАҒА; Б. Біләлов – ҚР МҒА және т.б.

Көптеген түлектер ғылым докторлары болды: Г.Г. Пивень, И.А. Янцен, Р.П. Окатов, Ә.Қ. Әкімбеков, С.С. Жетесов, П.П. Палев, А.Н. Данияров, Д.Н. Ешуткин, Ф.К. Низаметдинов, Ю.И. Климов, Ю.М. Смирнов, И.М. Альтер, Б.А. Ахметжанов, Ж.Б. Бәкіров, А.З. Исағұлов, С.Қ. Малыбаев, Б.Н. Фешин, Ж.М. Қуанышбаев, Т.Н. Бекенов, С.Б. Колоколов, Р.С. Каренов, В.И. Соловьев, В.В. Грузин, Т.К. Исабек және т.б.

Оқытушылар мен қызметкерлер инженер кадрларын даярлауда және ғылыми зерттеулерді орындауда қол жеткізген табыстары үшін жоғары үкіметтік наградаларды иеленді. Сонымен, Ә. С. Сағынов екі Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту, Октябрь революциясы және Халықтар достығы ордендерімен, «Алтын Жұлдыз» медалімен марапатталды, Социалистік Еңбек Ері атанды.

Ғылыми мектептерді құру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға шаруашылық шарттар жасасу және ғылыми жұмыстағы басқа маңызды жетістіктер ғылыми жұмысты ұйымдастыру мен басқаруды күшейтуді талап етті. Осы мақсатта 1961 жылы ректоратта ғылыми жұмыс жөніндегі проректор лауазымы енгізіледі, ол қызметке А.Ф. Кичигин тағайындалады.

А.Ф. Кичигиннің (1961-1971 жж.) 10 жыл белсенді жұмысы ішінде институт республиканың озық ЖОО деңгейіне шықты. Көптеген әзірлемелер КСРО және ҚазКСР халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмелеріне қойылды. Институтта кандидаттық диссертацияларды қорғау бойынша бірінші диссертациялық кеңес құрылды, институттың көптеген ғалымдары үкіметтік наградаларды иеленді және әр түрлі сыйлықтардың лауреаттары атанды.

Сонымен қоса, институтта ғылыми-зерттеу секторы (ҒЗС) құрылды, оны қалыптасу сатысында басқаруды Ю.И. Сигарев (1960-1961 жж.), А.С. Савельева (1967-1968 жж.) және А.Д. Гарницкая (1969-1974 жж.) жүзеге асырды.

1971 жылғы 16 тамызда ғылыми жұмыс жөніндегі проректор болып Лазуткин А.Г. тағайындалады, ол осы қызметте 16 жыл жұмыс істеді (1988 жылға дейін). Осы жылдарда институтта мамандарды даярлау сапасын жақсарту, өнеркәсіптік кәсіпорындармен, ғылым академияларымен, салалық министрліктермен және ведомстволармен ынтымақтастықты нығайту міндеттерімен тығыз байланыста ғылыми зерттеулердің деңгейі мен тиімділігін әрі қарай жоғарылатуға бағытталған шаралар кеңінен өткізілді. Нәтижесінде шаруашылық шарттар бойынша жалпы қаржыландыру көлемі 1971 ж. 1335 мың сомнан 1988 ж. 4784,5 мың сомға дейін өсті. Сонымен бірге зерттеулер маңызды халық шаруашылығы проблемаларын шешу бойынша 22 кешенді, 8 жалпы одақтық, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша орындалды, бұл ҒЗЖ маңызды тақырыптамасының меншікті салмағын көтеруге мүмкіндік берді – 1988 ж. қаржыландыру көлемі 269 мың сомға дейін жеткізілді (1971 жылдары – орындалмады, 1972 ж. – 40 мың сом).

Орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстары көлемінің ұлғаюымен, оларға профессорлық-оқытушылар құрамын, аспиранттар мен студенттерді кеңінен қатыстырумен ғылыми-зерттеу секторының міндеттері өзгертілді, оларға 1974 жылдан 1986 жылға дейін жетекшілік етуді В.А. Фомин жүзеге асырды. ҒЗС ғылыми-зерттеу институты мәртебесін иелене бастады.

Ғылыми қызметте қол жеткізген табыстары үшін КОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесінің Қаулысымен Қарағанды политехникалық институты маңызды халық шаруашылық мәні бар жетекші ЖОО қатарына жатқызылды.

Қазақ КСР Жоғары және орта арнайы білім министрлігінің 1987 ж. 28 мамырдағы № 506 бұйрығымен ғылыми-зерттеу секторының және «Тау жыныстарын бұзуға арналған күштік гидравликалық жүйелерді құрудың ғылыми негіздері» проблемалық зертханасының базасында ғылыми-зерттеу бөлімі (ҒЗБ) құрылды.

ҚазКСР Халық ағарту ісі министрлігінің 28.07.1988ж. бұйрығымен институттың ҒЗБ толық шаруашылық есепке және өзін-өзі қаржыландыруға ауыстырылды.

ҒЗС және ҒЗБ ауыстыру және нормативтік базасын құру бойынша орасан зор ұйымдастыру жұмысын ҒЗС бастығы Муштаков Н.А. (1986-1989 жж.) орындады.

Ғылыми-зерттеу бөлімінің шеңберінде 15 – институттық, 3 – факультеттік және 9 кафедралық деңгейлі ғылыми-зерттеу зертханаларын құру көзделді. Көптеген ғылыми-зерттеу зертханаларының жетекшілері кафедра меңгерушілері болып тағайындалды, бұл ғылыми қызметтің оқу процесімен байланысының нығаюын алдын ала анықтады.

1987 жылғы 14 шілдеде ҚазКСР Ж және АОБМ Министрі Ш.Ш. Шаяхметовпен бекітілген, институттың ғылыми-зерттеу бөлімінің құрылымына ғылыми-зерттеу зертханалары, сондай-ақ ғылыми жұмысты үйлестіру, басқару, ұйымдастыру және жалғастыру қызметі қосылды. ҒЗБ әкімшілік-басқарушылық бөлімшесі ҒЗБ дербес бөлімдерінен және жалпы институттық қызметтерге кіретін жеке топтардан (тұлғалардан) құралды. ҒЗБ құрамына сондай-ақ ҒЗЖ ұйымдастыру және ендіру (Кулявцева Т.И., Гуртова Т.И.), ғылыми-техникалық ақпарат (Фабричная Н.П., Абинов А.Г.), ҒЗЖ стандарттау және метрологиялық қамтамасыз ету (Мырзаханов С.А., Крицевый Ю.Ф.) сияқты ірі бөлімдер енгізілді. Жалпы институттық қызметтерге жоспарлық-қаржы тобы (Максимова К.К.) және ҒЗБ бухгалтериясы (Цайгер Р.Г., Суркова С.И., Чичаева Л.А.) бөлінді. Ректордың 20.07.1987ж. № 546 бұйрығымен ғылыми жұмыс жөніндегі проректор болып т.ғ.д., профессор Лазуткин А.Г., ал оның орынбасары болып т.ғ.к., доцент Муштаков Н.А. тағайындалды. Ғылыми хатшы қызметіне т.ғ.к. Рудая Р.И. қабылданды.

ҒЗБ қызметі Қазақ КСР 28.07.1988 ж. № 32 халық ағарту ісі министрлігінің бұйрығымен бекітілген және 21.04.1988ж. халық ағарту ісі бойынша КСРО Мемлекеттік комитетімен келісілген, Қазақ КСР «Еңбек Қызыл Ту орденді Қарағанды политехникалық институтының толық шаруашылық есебі және өзін-өзі қаржыландыру негізінде оның қызмет етуі жағдайларында ғылыми-зерттеу бөлімі туралы ережесімен» регламенттелді.

Ғылыми-зерттеу бөлімінің қалыптасуы ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың қызметіне 08.02.1988 ж. тағайындалған, техника ғылымдарының докторы, профессор И.А. Янценнің жетекшілігімен өтті.

Ғылыми жұмысты ұйымдастыруды күшейту, оның нәтижелерін ендіру және халықаралық ынтымақтастыққа шығу үшін институтта ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың орынбасары қосымша лауазымы енгізілді. Бұл қызметке алғаш рет техника ғылымдарының докторы, профессор Ушаков Л.С. (1988-1989жж.) қабылданды, оны техника ғылымдарының кандидаты Негруцкий С.Б. (1990-1994жж.) ауыстырды.

1989 жылы ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың орынбасары - ҒЗБ бастығы қызметіне техника ғылымдарының кандидаты, доцент Моисеев В.С. тағайындалды, оның белсенді араласуымен ҒЗБ барлық нормативтік базасын әзірлеу аяқталды және институттың ғылыми қызметін басқару жүйесі құрылды.

Ғылыми-зерттеу бөлімі қызметінің алғашқы жылдарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуді қатаң регламенттеуден шаруашылық есептеу және өзін-өзі қаржыландыру принциптерінде басқаруға түпкілікті ауыстыру жүзеге асырылды, ол кезде тақырыптар санын ұлғайтуда, оларды орындау мерзімдерін қысқартуда және ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін жоғарылатуда ғылыми жұмыстарды орындаушылардың жеке мүдделілігі пайда болды, яғни, мәні бойынша, рыноктық механизм ғылымында қалыптаса бастады.

Институтта ғылыми-зерттеу зертханалары түрінде ҒЗБ классикалық құрылымымен параллель шағын кәсіпорындар мен кооперативтер құрыла бастады. 1989 жылы «Символ», «Импульс», «Лазер» «Кристалл», «Изотвор» кооперативтері ұйымдастырылды.

2008 жылғы наурызда университет ректоры ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің бастамасы бойынша республикада аналогтары жоқ Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы «Тілдердің үштұғырлығы» тілдік орталығы құрылды, онда әрбір қалаған адам қазіргі заманғы әдістемелердің, жаңа оқыту құралдарының көмегімен мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгере алады.

Университеттің 2006-2010 жж. дамуының кешенді бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаны іске асырудағы маңызды қадамдардың бірі 2008 жылғы 19 маусымда Қазақстандағы тұңғыш «Корпоративті Университет» инновациялық білім беру консорциумын құру туралы Келісімге қол қою болды, оның мүшелері Қазақстан мен Ресей Федерациясының ғылыми және өнеркәсіптік кәсіпорындары болды: РҒА УрБ Геофизика Институты, Қарағанды технопаркі, ИПКОН ЖШС, Әбішев атындағы ХМИ, «Еуразиялық өнеркәсіптік химиялық топ» ЖШС, «Абсолют Қазақстан» Компаниясы ЖШС, «АрселорМиттал Теміртау» КД АҚ, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС және т.б. ҚР Білім және ғылым министрі Ж.Қ. Түймебаев айтқандай, Орталық Қазақстан аймағында Корпоративті университет құру тұтас алғанда Қазақстанның және Қарағанды аймағының барлық техникалық білім беру жүйесі үшін жаңашыл және маңызды болып табылады.

2008-2009 оқу жылы жаңа ректордың бастамасы бойынша Электрондық білім беру жылы болып жарияланған, оның міндеті – тұрақты қолданылатын семинарлардың негізінде ПОҚ штатының барлығын дерлік педагогикалық шеберлікті арттыру және оқу процесінде қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кең ауқымда пайдалану мақсатында біліктілікті жоғарылату жүйесімен қамту.

Университет құрылымында Маркетинг және шарттық қатынастар орталығы құрылған, ол студенттер құрамының сапалы қалыптасуын және кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігін жоғарылатуды қамтамасыз етеді.

Өнеркәсіптің басым салаларын кадрмен қамтамасыз ету үшін 5 жаңа мамандық ашылған: «Биотехнология», «Информатика», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Математикалық және компьютерлік модельдеу» және «Бастапқы әскери даярлық».

ҚарМТУ – ірі ғылыми орталық. Университет өткізетін халықаралық, республикалық және аймақтық ғылыми-техникалық конференциялар академиялық элитаны, жас аспиранттарды, магистранттарды, студенттерді, аймақтың, республиканың, ТМД елдерінің және алыс шетелдердің ірі кәсіпорындарының мамандарын жинайды. «Қараганда-Инвест-2008» Халықаралық форумында Университеттің 11 ғалымының жобасы ұсынылды.

Словакия мемлекеттік университетімен, Циттау – Гертлитц институтымен (Германия), Болтон университетімен (Ұлыбритания), Кошица қ. Рочестер технологиялық университетімен (Словакия), Томск политехникалық университетімен (Ресей) және т.б. ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. ҚарМТУ оқу стандарттарын әзірлеу және инновациялық кәсіпорындарды әзірлеу бойынша үш халықаралық ТЕМПУС жобасына қатысады.

Университеттің дамуына т.ғ.к., доценттер А.М. Леонов, Н.В. Ешуткин, А.В. Шабурников, А.П. Ли, В.И. Рыженков, В.С. Оробинский, А.Ф. Немкин, А.Н. Мурашев, В.П. Попов (қазіргі уақытта Мәскеу мемлекеттік тау-кен университетінің маркшейдерлік іс және геодезия кафедрасының меңгерушісі) және т.б. үлкен үлес қосты.

Ірі және белгілі ғалымдар, университеттің оқытушылары т.ғ.д., профессорлар С.С. Квон, Б.Т. Берқалиев, Н.А. Дрижд болып табылады, олар Қазақстанның кен өндіру саласы үшін жас мамандарды тәрбиелеу және даярлау ісіне үлкен үлес қосты.

Университетте оның құрылған сәтінен бастап М.Т. Омаров, В.И. Удалых, В.И. Фольгарт, Т.Д. Қашқымбеков жұмыс істеді. Университеттің алғашқы оқытушыларының бірі т.ғ.к., доценттер В.Н. Аракелов, В.К. Донис, Э.Ф. Боярский, Л.И. Жуган, Л.И. Когай, Е.Н. Протасов болды. Кейіннен Л.И. Когай т.ғ.д., профессор, В.К. Донис профессор, Э.Ф. Боярский, Л.И. Жуган, Т.Д. Қашқымбеков, Е.Н. Протасов, М.Т. Омаров, В.И. Фольгарт т.ғ.к., доценттер атанды. Университет дамуының бүкіл тарихында бірталай ұрпақ ауысты. Бүгінгі таңда өмірден кеткен қызметкерлердің барлығын үлкен алғыс сезіммен еске аламыз, олар Қарағанды тау-кен, политехникалық институтының, қазіргі техникалық университеттің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосты. Оның тарихына Ә. Ермековтің, Л. Рахлистің, Р. Козловтың,

А. Лебедевтің, А. Петрушанскийдің, А. Эттельдің, И. Деревинскийдің, Г. Кинелеваның, А. Анисимовтың, Е. Ақбасовтың, Х. Хасеновтың, Ю. Гудовскийдің, С. Раковтың, М. Лангенің, Н. Песиннің, В. Аракеловтің, Э. Гофманның, В. Лыткиннің, И. Фрейганттың, Г. Қожахметовтің, П. Акимочкиннің, Л. Егорычеваның, М. Волощиннің, З. Кенжиннің, Э. Келлердің, Р. Зудинаның, Х. Әбдірахмановтың, К. Ахметовтың, В. Бырьканың, З. Байназаровтың, И. Богатыревтің, Е. Пятенецтің, А. Сеницынаның, И. Гуртовойдың, А. Данияровтың, В. Даниловтың, Ю. Евстифеевтің, Л. Когайдың, Б. Құлпейісовтің, М. Кеңесбаевтың, Ф. Крицевойдың, Е. Көпбаевтың, Н. Летованың, В. Лидің, Е. Омаровтың, Е. Огаркованың, С. Кимнің, И. Поповтың, Н. Пахомовтың, Ю. Риттердің, А. Теннің, С. Үмбеталиннің, Б. Христенконың, Е. Щевцовтың, Ф. Кремердің, В. Маляревскийдің, А. Маховтың, Б. Сулимовтың, В. Архиповтың және басқалардың есімдері мәңгіге жазылған. Олардың жарқын өмірі мен игі істері біздің есте сақтауымызға лайық.



Қазақтың тұңғыш математигі Ә.Ә. Ермековтің өмірі және қызметі

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің жоғары математика кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор С.К. Тұтанов

Әлімхан Әбеуұлы Ермеков туралы білген де, естіген де адамдар аз. Оның есімі Қазақ Кеңестік Энциклопедиясының беттерінде қалмады. Тарихшылар ол туралы айтпады. Тек математиканың тарихы, Қазақстандағы математика білімі және ғылымы мәселелерін зерделеп жүрген математиктердің ғана Ә. Ермеков тегіне көздері жиі түсетін. Ә. Ермеков Октябрь революциясынан кейін бірден республикадағы орта оқу орындарының, ал сонан соң жоғары оқу орындарының да белсенді ұйымдастырушыларының бірі болды, оларды құрып қана қоймай, сонымен бірге оларды басқарды, әрі оларда математика бойынша сабақ берді. Зерттеушілер 1935 ж. өзінде-ақ 10 мың дана таралыммен шыққан, қазақ тіліндегі жоғары математика бойынша алғашқы оқулықты тапты. Сол жылдары қазақ алфавитінің латиница негізінде құрылғаны белгілі. Сондықтан оқулық жазу үшін зерделенетін пәннің сәйкес терминологиясы болуы тиіс еді. Ә. Ермеков 1932-1936 жж. осы проблема бойынша қарқынды жұмыс істеді. Халық ағарту комитетінің арнайы тапсырмасы бойынша ол басқарған математиктер тобы (Н. Бакаев, Р. Бөкейханов, Р. Маскеев) математика терминологиясы бойынша бірнеше бюллетеньді сәтті әзірлеп, жариялады. Бірақ жуырдағы уақытқа дейін математиканың әр түрлі бөлімдері бойынша шығарылған бірде-бір оқулықта, бірде-бір терминологиялық сөздікте Ә. Ермековтің есімі мүлде еске алынбайды. Барлығына Ә. Ермековтің кезінде «Алаш» партиясының басшылығына кіргені себеп болған еді.

Ә. Ермеков – революцияға дейін Томск технологиялық институтында жоғары инженерлік-техникалық білім алған тұңғыш қазақ, жоғары математика бойынша қазақ тіліндегі алғаш оқулықтың авторы, қазақ ғылыми математика терминологиясын құрудың және дамытудың бастамашысы.

Әлімхан Әбеуұлы Ермеков 1891 ж. Бөріктас деген жерде туылған, қазір ол жер Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының «Қызыларай» кеңшарына қарайды (100 жыл бұрын бұл аумақтар Семей губерниясына тиесілі болған).

Ә. Ермеков Қарқаралы қалалық училищесінде сегіз жасында оқуын бастап, оны 1905 ж. үздік бітіреді. Сонан соң ол Семей гимназиясына оқуға түсіп, оны 1912 ж. алтын медальмен бітіреді. Сол жылы аттестаттар конкурсы бойынша Томск технологиялық институтына қабылданады. Сібірдің Томск қаласының ерекшелігі - бұл жерде Ресейдің жер аударылған прогрессивті қайраткерлерінің, тамаша орыс ғалымдарының көп болуы. Ең алдымен, Ә. Ермеков Қазақстанды, Сібірді, Қытайды зерттеуші, көрнекті орыс саяхатшысы, этнограф, публицист және фольклорист Шоқан Уәлихановтың және бүкіл қазақ халқының досы

Григорий Николаевич Потанинмен танысады. Біртіндеп оның танысу шеңбері кеңейе түседі. Бұл — жазушылар В.Я. Шишков, В.М. Бахметьев, философ-марксист Е. Дволейский, революционер Н. Бауэр. Ә. Ермаков олардың құпия үйірмелерінің белсенді мүшесі болады. Бірақ Ә. Ермаковтің дүниетанымын қалыптастыруда тамаша тарихшы, этнограф, археолог, публицист және фольклорист Н.М. Ядринцев ерекше роль атқарады. Оның «Сибирь как колония» (СПб., 1883 ж.) кітабы Ә. Ермаковте ұмытылмас әсер қалдырады. Ойы ұтқыр жас Ә. Ермаков Сібір мен Қазақ даласы арасында параллель жүргізе алатын және өзінің туған өлкесіне қатысты өзіндік державаның пайдаланылушылық мәнін әбден түсіне алар еді.

Сондықтан ол 1917 ж. революциялық процестерді және В.И. Лениннің жетекшілігімен большевиктердің Ресей империясының езілген халқына бостандық беру ниетін еш ойланбастан қолдады. Ә.Ә. Ермаков Томск қ. оқыған жылдары революционер В.М. Косаревпен жақынырақ танысады, ол 1917-1918 жж. Сібірде РКДРП ОК (б) тұрақты төрағасы болған, ал 1918 ж. наурыздан бастап Батыс Сібір ревкомының төрағасы болып табылды, ол кезде оның құрамына Семей губерниясы кіретін. Л. Косаревтің ұсынысы бойынша Ә. Ермаков Семей губревкомының құрамына енгізілді. Осылайша, оның туған өлкесіне Кеңес үкіметін — кейіннен оларды қуғын-сүргінге ұшыратқан, лагерьлерге жер аударған, түрмелерге жапқан Кеңес үкіметін — орнату және нығайту бойынша революциялық қызметі басталды.

Өз өмірінің келесі өте маңызды бөлігі жайында Ә. Ермаков «Моя встреча с Лениным с 1920 г.» естеліктерінде жазған. 1919 ж. күзінде Қазақстан өлкесін басқару бойынша Әскери-революциялық комитет ұйымдастырылған болатын, оның құрамында: Пестковский — төрағасы, Жангелдин, Меңдешев, Айтиев, Арганчеев, Қобайдолла және Әлиасқар Әлібековтер, Б. Қаратаев, Тұңғашин М., Бегімбетов және т.б. болды. Семей губревкомын қайта құрылған Қазәскериревкомға қайта бағындыру туралы мәселе тұрды. Осы мәселені шешу үшін 1920 ж. мамыр айының басында Ә. Ермаков онда Қазәскериревком болған және Қазақ республикасының ұйымдастырылу және қалыптасу сәтінде уақытша орталығы болған Орынбор қ. іссапарға жіберілді. Семей және Ақмола облыстарын қосу туралы мәселені талқылау кезінде оның құрамына Қазақ өлкесінің барлық облыстарын қосу арқылы болашақ автономдық республиканы бекіту және оның шекаралары туралы мәселе көтерілді.

Осы үлкен жұмысты жүргізу үшін Қазәскериревком Ә. Ермаковті жалпы алғанда Қазақстанның жағдайы туралы баяндау үшін, әсіресе, шекаралардағы мәселе бойынша Мәскеу қ. іссапарға жіберді. Ә. Ермаков Қазәскериревком өкілеттігі алқасының төрағасы болып тағайындалады және әрі қарай БОАК Төралқасының қаулысымен Қазәскериревком мүшесі болып бекітіледі. Осы құжатпен Қазәскериревком құрамына Ақмола облысынан Сәкен Сейфуллин қосылған болатын. Мәскеудегі жұмыс төрт айға созылды. Ә. Ермаков өзінің баяндамасында басты назарды болашақ республиканың шекараларын анықтау кезінде үлкен мәні болған, аса күрделі, шатысқан мәселе — жер мәселесіне аударды. Патша үкіметі кезінде өзендердің, көлдердің жағасында, орман массивтерінің жанында орналасқан ең жақсы жерлер, қара топырақты жердің

үлкен телімдері қазақ халқының пайдалануынан тартып алынды. Сондай-ақ ауқымды бөліктер мал өсіру кәсібіне берілді. Осындай жерлердің бірі Ертіс бойындағы 10 шақырым жолақ болды.

Столыпин реформалары деп аталған сол жылдары, Ресейден Қазақстан аумағына жарты миллионға жуық адам қоныс аударғанда қазақ жерлерінің тартып алынуы күшейді. Ертіс бойындағы он шақырым жолақ 1904 ж. Сібір казактарының иелігіне берілді. Ә. Ермеков бұл жағдайларда қазақ халқы оларды қуып жіберген басқа жерлерде орналаспай тұрып, өздерінің меншікті, ата-бабаларының жерлерін жалға алушы болып қалып, мал баққандары үшін орасан зор сома төлеп, үй жалшылары және малшылар ретінде шаруашылық атқарып жүріп, барынан жылдам айырылып, батрақтарға айналды. Тіпті іс қазақтар қайтыс болған адамның мәйітін жерлейтін орын үшін, 18-29 сомға дейін алтынмен жалға төлегенге дейін жетті. Осыған байланысты Ә. Ермеков қазақ халқының пайдалануынан тартып алынған жерлерді болашақ Қазақ республикасына бекіту туралы ұсыныс енгізеді де, жергілікті қазақ және отырықшы орыс халқының белгілі жерге орналасуын жүргізгенге дейін ішкі Ресейден қоныс аударуды тоқтата тұруды сұрайды. Астрахань облысының қарамағында болған, Каспий теңізінің солтүстік жағалауындағы 70 шақырым жолақты қайтару туралы мәселе әсіресе өткір қойылды. Ақырында ол Қазақстанның сол кездегі Гурьев облысының құрамына берілген болатын.

Жоғарыда айтылғаннан Ә.Ә. Ермековтің қандай көреген болғаны көрініп тұр. Қазақстандағы темір жолдардың ұзындығының өте мардымсыз екендігін, сондықтан үлкен темір жол құрылысы қажет болатындығын да айтқан — Ә.Ермеков. Түрксібтің, Мойынты-Шу, Ақмола-Қарталы темір жол магистральдарының құрылысын еске түсірейік. 1920 ж. 24 тамызда Автономдық Қазақ Республикасы туралы Декрет жобасы жайындағы мәселе бойынша РКФРО Кеңестік халық комитетінің қорытынды мәжілісі болды, мұнда Ә. Ермеков осы мәселе бойынша баяндамашы болды. Декреттің жобасы 1920 ж. 26 тамызда қабылданды және халықтан қолдау тапты. Бұл күн қазақ халқының өміріндегі бұрылыс болды. Сол 1920 ж. 23 шілдеден 7 тамызға дейін Мәскеуде Коминтерннің екінші Конгресінің мәжілісі өтті. Ә. Ермековтің осы мәжілістерге қонақ ретінде билеті болды. РКП (б) делегациясының құрамына В.И. Лениннің жетекшілігімен партия мен үкімет басшылары кірді. Ә. Ермеков Коминтерннің 2-ші Конгресінде РКФРО Компартиясының құрамында Тұрар Рысқұловтың болғанын есіне түсіреді. 1920 ж. 4-12 қазанда Орынборда Қазақ Автономдық Кеңестік Социалистік Республикасының (1936 ж. бастап одақтық республикасының) құрылуын жариялаған, I-ші Бүкілқазақстандық кеңестер съезі өтті. Әрі қарай Қазақстанның құрамына республиканың қазақтар мекендеген солтүстік және оңтүстік облыстары кірді.

Сөйтіп, Әлімхан Әбеуұлы Ермеков қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігін құруға, бір республикада бүкіл қазақ жерін біріктірудің аяқталуына тікелей қатысты. Бүгінгі күні біз оның өз халқының алдындағы азаматтық парызын абыроймен орындағанын еске аламыз.

1921 ж. Ә. Ермеков Қарқаралыда екі сатылы мектеп пен педагогикалық техникум ашты. Осы орта оқу орындарын болашақ ҚР ҒА академигі

О.А.Жәутіков, ҚР ҒА корреспондент мүшесі А.Ж. Машанов, ғалым және мемлекеттік қайраткер А. Сембаев, генерал-майор К. Бошаев және басқалар бітірген. Қарқаралыда Ұлытау, Баянауыл, Балқаш шалғай жерлерінің балалары оқытылды. Бастауыш мектептер енді Кент, Қызыларай және Тоқырау болыстарында ашылды.

Мұнда, атап айтқанда, Ә. Ермаковтің 1921 ж. Қаныш Имантайұлы Сәтпаевты Баянауылда геология ғылымдарының магистрі, кейінірек академигі Михаил Антонович Усовпен кездестіргенін атап кету керек. 1925 ж. Ә. Ермаков Семейге шақырылады және губерния атқару комитетінің Мемлекеттік жоспары төрағасының орынбасары болып тағайындалады. Сонан соң Орынборда Қазақстанның Мемлекеттік жоспарының төрағасы болып табылады және бір мезгілде өнеркәсіп секциясын басқарады. 1926 ж. Қазақ АКСР ОАК VI-ші шақырылымының мүшесі, ал 1929 ж. ОАК VII шақырылымының мүшесі болып сайланды. Бірақ Ә. Ермаковтің осы қызметі баспада жарияланбаған дерлік, сондықтан оның Қазақстанның халық шаруашылығын дамытуға қатысқанының шынайы бағасын беру мүмкін емес.

Аздаған мамандардың бірі ретінде Ә. Ермаков онда алдымен Ташкентте, ал сонан соң Алматыда Қазақ жоғары педагогикалық институты ашылған ЖОО-лардағы жұмысқа қатыстырылды. Ол Қазақ педагогикалық институтында, Қазақ мемлекеттік университетінде, Алматы зооветеринарлық институтында доцент ғылыми атағын иеленіп, математика кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1935 ж. КСРО ЖАК оған математика профессоры ғылыми атағын береді. 1934 ж. Қазақ кен-металлургия институты ұйымдастырылады да, Ә. Ермаков оған жоғары математика және теориялық механика кафедрасының меңгерушісі қызметіне жіберіледі және бір мезгілде жалпы техникалық факультеттің деканы болып қызмет етеді. Сол кезде ол ғылыми математика терминологиясын әзірлеу және қазақ тілінде жоғары математика бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын құрумен айналысады.

1937 ж. күзде қуғын-сүргіндер толқындары Алматыға да жетті. Ә. Ермаковтің достары, профессорлар Санжар Аспандияров, Құдайберген Жұбанов, халық ағарту комитетінің төрағасы Темірбек Жүргенов тұтқынға алынды. Ә. Ермаков Мәскеуге кетіп, Куйбышев жоспарлау институтының математика кафедрасының меңгерушісі қызметіне жолдама алады да, онда 1938 ж. 17 наурызына дейін жұмыс істейді. Бірақ оның сыртынан жалған сөздер айтылып, оны тұтқынға алады. 1947 ж. Ә. Ермаков түрмеден босатылып, КСРО ЖОО Министрлігімен математика кафедрасының меңгерушісі ретінде Шымкент химия-технологиялық институтына жіберіледі. Мұнда ол көп уақыт жұмыс істейді. Оны қайтадан ҰПК тұтқындайды. Осы кезде ол 1955 ж. түрмеден шығады. Кейіннен, 1957 ж. Ә. Ермаков ақталды. Осы кезде ол Қарағандыда тұрғылықты мекен-жайға орналасады, онда Қарағанды политехникалық институтында жоғары математика пәнінен сабақ береді. Ә. Ермаков 1970 ж. 22 маусымда 79 жасында көз жұмды. Ә. Ермаковті жерлегенде ҚР ҒА академигі Е.А. Бөкетов жан тебіренер сөздер айтты. Осылайша, ол туралы бірнеше рет «тұңғыш» деп айтылған, өзінің 17 жылын түрмелерде — құрылуына өзі белсене

қатысқан мемлекеттік құрылыс түрмелерінде — өткізген, қазақ халқының тамаша ұлдарының бірі өмірден өтті.

Ә.Ә. Ермеков көптеген шәкірттерін қалдырды, олар кейіннен белгілі мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлер, ғылым, халық ағарту ісі, мәдениет қайраткерлері болды. Октябрь революциясынан кейінгі кезеңде Әзербайжанда Э. Эфендиев, Өзбекстанда Т.И. Кары-Ниязов көрнекті ағартушылар болса, Қазақстанда Ә.Ә. Ермеков болды. Әлімхан Әбеуұлы Ермеков жан-жақты білімді, кең парасатты және жоғары мәдениетті, орасан зор беделді адам болған.



Бырька В.Ф. – ғалым, ұйымдастырушы, ұстаз

*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
ӨПА кафедрасының меңгерушісі
т.ғ.д., профессор
И.В. Брейдо*

Орталық Қазақстанда автоматика, есептеуіш техника, ақпараттық және басқару жүйелері саласындағы ғылыми мектептің қалыптасуы және дамуы профессор, техника ғылымдарының докторы Владимир Филиппович Бырькамен тығыз байланысты.

Барлық еңбек және ғылыми қызметін Бырька В.Ф. тау-кен өнеркәсібі үшін білікті инженерлерді даярлауға, шахталарды автоматтандыру мен телемеханикаландырудың ғылыми негіздерін әзірлеуге, кен өндіру кәсіпорындарында және өнеркәсіптің басқа салаларында өндірістік процестерді кешенді механикаландыру мен автоматтандыру құралдарын жасауға және ендіруге арнады.

Қарағанды ғылыми-зерттеу көмір институтының (ҚҒЗКИ) автоматика және телемеханика бөлімінің бастығы, өндірістік процестерді автоматтандыру кафедрасының меңгерушісі, Қарағанды политехникалық институтының ғылыми және оқу ісі жөніндегі проректоры, 170 ғылыми еңбектің және 30 өнертабыстың авторы, 30 ғылым кандидаты мен докторын даярлады, Еңбек Қызыл Ту орденімен екі мәрте марапатталды.

Бұл ресми өмірбаянының бірнеше жұпыны жолдары ғана, бірақ оларда ондаған жылдар бойы үздіксіз қарбаласқан, шығармашылық еңбек шоғырланған.

Владимир Филиппович Бырька 1927 ж. 20 желтоқсанда Украинаның Луганская облысының Верхний қаласында туылған.

В.Ф. Бырканың отбасы Украинада оккупацияда болды. Сол жерде 1942 ж. Владимирдің әпкесі Вера қайғылы жағдайға ұшырады. Он бес жастағы бозбала 1942 ж. Қызыл Әскер ұшағы қаланың үстінен тастаған листовкаларды жинағаны үшін гестапомен тұтқынға алынды. Володяның жолдасын атып тастағанда, оның тірі қалғаны таң қаларлық: ол үсті-басы көгеріп, өкпесіне суық тигізіп, үйіне оралды.

1943 ж. Батыс Донбасты оккупациядан босатқан соң Владимир Бырька Лисичанск тау-кен техникумына «Тау-кен электрмеханикасы» мамандығына оқуға түсті. Оны бітірген соң 1947 ж. Киев политехникалық институтының электрмеханикалық факультетіне түсіп, оны 1952 ж. «Тау-кен инженер-электр-механигі» біліктілігімен бітіреді.

Қабілетті студентке жұмыстары шахталар мен кеніштердің тұрақты қондырғыларының электр жетегіне арналған, белгілі ғалым-электрмеханик, профессор Е.Я. Иванченконың назары түседі, ол В. Бырькаға институттан кейін

аспирантураға түсуді ұсынды. Аспирант В. Бырька жер асты шахта көлігін автоматтандыру проблемаларымен сәтті және мақсатты айналысты. Сол кезеңде туындаған шеткі автоматтар мен реле-түйіспелік сұлбалар теориясының бастамаларын меңгеріп, ол жарылыс қауіпті көмір шахталары жағдайларында электровоз көлігі үшін қолданылып жүрген сигнал беру, орталықтандыру және блоктау жүйелерін әзірледі.

1956 ж. аспирантураны бітірген соң В. Ф. Бырьканы Қарағанды тау-кен институтының ректоры Ә.С. Сағыновтың тапсырысы бойынша Қарағандыға жібереді, онда жас ғалым тау-кен электрмеханикасы кафедрасының аға оқытушысы лауазымына конкурс бойынша өтті.

1958 ж. мамырда ол Харьков тау-кен институтының Ғылыми Кеңесінде кандидаттық диссертациясын қорғайды, ал осы жылдың қараша айында ҚҒЗКИ институтының директоры Г.Е. Иванченконың ұсынысын қабылдап, салалық көмір институтына автоматика және телемеханика бөлімінің бастығы лауазымына ауысады.

Өмірінің 1958 жылдан 1966 жылға дейінгі кезеңі – салалық ҒЗИ-да жұмыс істеген жылдары, онда Владимир Филипповичтің ұйымдастыру таланты толығымен ашылды, теңдессіз инженерлік және ғылыми қабілеттері айқындалды. В.Ф. Бырька басқарған ҚҒЗКИ институтының автоматика және телемеханика бөлімі қысқа мерзім ішінде еліміздің тау-кен өнеркәсібінің дамуына маңызды үлес қосқан ғылыми жұмыскерлер мен конструкторлардың жемісті ұжымына айналды.

Жас, талантты инженерлер командасы Қарағанды шахталарын және еліміздің басқа көмір бассейндерін автоматтандыру және телемеханикаландырудың өзекті проблемаларын шешуге батыл кірісті. Қысқа мерзім ішінде олар патенттер, авторлық куәліктер, ХШЖК дипломдары берілген таң қаларлық ғылыми-техникалық нәтижелерге қол жеткізді. Ең бастысы, әзірлемелер өндіріске ендіріліп, техника-экономикалық нәтижелерге қол жеткізіле бастады. Бөлім бастығының еңбектері бірінші Еңбек Қызыл Ту орденімен атап өтілді.

Кейіннен оның шәкірттерінің ең үздіктері техника ғылымдарының докторлары мен кандидаттары, өнеркәсіптің әр түрлі саласын автоматтандыру саласындағы ірі мамандар атанды. Олардың арасында Мұқанов Д.М., Когай Л.И. Ақылбеков З.Ж., Аракелов В.Н., Донис В.К., Зубов Б.С., Ибикус У.Ю., Карасёв Н.И., Кузьменко А.П., Ланге М.В., Левидов Ю.С., Маркус Г.О., Местер И.М., Новиков С.А., Протасов Е.Н., Ребров Н.И., Рогозов В.В., Савченко В.Л., Стройковский А.К. болды.

1966 ж. қазанда В.Ф. Бырька ректор Ә.С. Сағыновтың шақыртуымен Қарағанды политехникалық институтының Өндірістік процестерді автоматтандыру кафедрасына меңгерушісі болып ауысады, дәлірек айтқанда, қайтып келеді.

Педагогикалық және ғылыми ұжымды қалыптастырудағы күйбеңі көп, көзге көрінбейтін, күнделікті жұмыс қайта басталды. Кейіннен оның белгілі оқытушы, белгілі ғалым, маман болған көптеген шәкірттері көшбасшыларының ізімен салалық институттан кафедраға ауысты.

Осы жерде олар институттың аса беделді мамандықтарының бірі болған, «Тау-кен автоматикасы» атауымен белгілі «Жер асты тау-кен жұмыстарын электрлендіру және автоматтандыру» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік және зертханалық базаны құрды.

Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, оқу ісі жөніндегі проректор лауазымдары, онымен параллель кафедра меңгерушісінің жұмысы, докторлық диссертациясын сәтті қорғау және жаңа қамқорлықтар.

Бұл жылдары академик Ә.С. Сағыновтың басшылығымен институт бүкіл Одаққа танылды, академиктің жанында үнемі В.Ф. Бырька еңбек етті.

Профессор В.Ф. Бырьканың күшімен институт Қазақстандағы технологиялық және ұйымдастыру-экономикалық процестерді автоматтандыру проблемалары бойынша жоғары ғылыми білікті кадрларды даярлаудың жетекші ғылыми-әдістемелік орталығы болды. Осы кезеңде ЖОО электрондық-есептеуіш машиналардың бірыңғай модельдерінің базасында оқу және тәрбие процестерін компьютерлендірудің сол кездегі жоғары түріне қол жеткізді және республикада ақпараттық жүйелер мен технологияларды дамыту бойынша жетекші орынды иеленді.

В.Ф. Бырька көптеген жылдар бойы Қазақстанның жоғары мектебін басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің бас конструкторы болып табылды, ал институттың есептеу орталығы оның басшылығымен барлық пайдаланушылар үшін жоғары сенімділікті, өміршеңдікті және қолайлылықты көрсеткен, ұжымдық пайдаланудың ақпараттық аса жетілген жүйесі болды.

Проф. В.Ф. Бырьканың ғылыми жетекшілігімен 30 аспирант пен ізденуші кандидаттық және докторлық диссертацияларын орындап, қорғады. Оның Жоғары мектепті дамытудағы еңбегі екінші Еңбек Қызыл Ту орденімен атап өтілді.

Туған кафедрасы үшін де көп істер атқарылды. Кафедраның арнайы пәндер бойынша оқу зертханалары қосымша толықтырылды және жаңа зертханалар құрылды. Автоматтандырылған электр жетегі, микропроцессорлық және түрлендіргіш техника зертханалары ашылды. Қарағандыдағы тұңғыш дербес компьютерлер класы ұйымдастырылды. Құрылған оқу-әдістемелік және зертханалық база 1988 жылы жоғары білім мамандықтарының жаңа топтастырғышына сәйкес енгізілген, «Электр жетегі және өнеркәсіптік қондырғылар мен технологиялық кешендерді автоматтандыру» кең бейінді мамандығы бойынша инженерлер даярлауға ауысуға мүмкіндік берді.

Өндірістік процестерді автоматтандыру кафедрасының базасында осы уақыт кезеңінде ақпараттық-есептеуіш техника және автоматтандырылған ақпараттық жүйелер кафедралары құрылды, олар кейінірек құрылған ақпараттық технологиялар факультетінде негізгі кафедралар болды.

Денсаулығы нашарлап, демікпе ауруы мазасын алса да, институт пен кафедраның проблемалары үнемі басты орында тұрды. Владимир Филиппович өмірінің соңғы күніне дейін еңбек етті.

Оның артында шәкірттері – ғылым докторлары мен кандидаттары, өндіріс басшылары, кәсіпқой инженерлер, оның есімімен аталатын кафедрасы қалды. Қазіргі уақытта Владимир Филиппович Бырьканың көптеген шәкірттері

мемлекеттік құрылымдарда, өндірісте, жоғары оқу орындарында жетекші орындарға ие. Кафедра түлектері Қазақстан мен Ресей кәсіпорындарында, АҚШ, Австралия, Германия, Израильдің ғылыми-зерттеу институттарында және ғылыми-өндірістік фирмаларда сәтті еңбек етуде.

Проф. В.Ф. Бырька атындағы Өндірістік процестерді автоматтандыру кафедрасы Қазақстанның білім беру кеңістігіндегі өзінің ұстанымдарын сақтады және нығайтты.

Кафедра бакалавриат пен магистратураның «Автоматтандыру және басқару» және «Электр энергетикасы» мамандықтары бойынша түлектер даярлайды, оның шеңберінде электрондық, микропроцессорлық және түрлендіргіш техника, электр жетегі, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар, автоматтандыру құралдары мен жүйелері саласында терең білімді иеленген, кең бейінді мамандар даярланады.

Кафедра жанында «Электр энергетикасы» мамандығы бойынша PhD докторантурасы ашылған. Кафедра халықаралық білім беру жобаларына және ғылыми қызметке белсене қатысады. Меншікті әзірлемелер және әлемдік жетекші өндірушілер жабдықтарының негізінде теңдессіз оқу-зертханалық база құрылған, ол көптеген ұстанымдар бойынша ТМД аумағындағы ең үздік базалардың бірі болып табылады.

Проф. Бырьканың жетекшілігімен басталған Қазақстан Республикасында, ТМД-да және алыс шетелде танылған қызметтің әр түрлі салаларындағы интеллектуалдық ақпараттық технологияларға арналған аппараттық және программалық құралдарды құру бойынша жұмыстар сәтті дамып келеді.

Кафедра оқытушылары оқытуды, тәрбиелеуді, ғылыми жұмысты жүргізуді, өз әзірлемелерін өнеркәсіпке ендіруді жалғастырып келеді және олар үшін Владимир Филиппович Бырька үлгі-өнеге болады.



**Профессор, техника ғылымдарының докторы
Данияров А.Н.**

*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
ӨК кафедрасының профессоры,
т.ғ. д.,
С.К. Малыбаев*



*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
ӨК кафедрасының профессоры,
т.ғ. к.
А.Н. Дедов*



*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
ӨК кафедрасының профессоры,
т.ғ. д.
Н.А. Данияров*

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев, еліміздің Үкіметі, барлық деңгейдегі әкімдіктер тарихи естелікті қайта жаңғырту, жоғалтқан дәстүрлерімізді қалпына келтіру, мәдениет пен руханият мәнділігін мойындау жөнінде көп істер жүргізуде. Мемлекеттік мәдени саясаттың маңызды бөлігі Отанымыздың көрнекті қайраткерлерінің шығармашылық мұрасын қорғау және пайдалану болып табылады, олардың өмірді сипаттау призмасы арқылы өздері басты қатысушылары болған тарихи оқиғаларының маңызын анағұрлым терең ашуға болады. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық прогресі зияткерлік әлеуеттің болуына байланысты, ал еліміздің болашағы білім мен ғылымның дамуына тікелей байланысты. Осыған орай, бұрынғы буынның тәжірибесін бағалау қажет.

Қазақстан білімінің XX ғасырдың 60-80 жылдары қарқынды дамуы бірқатар ірі ғалымдардың қызметімен анықталды, олардың арасында техника ғылымдарының докторы, Қарағанды политехникалық институтының

профессоры Асылхан Нұрмұхаметұлы Данияровтың – кеңестік және қазақстандық талантты ғалымның, тау-кен кәсіпкерлігі ғылыми мектебінің жетекшісінің, Қазақстан білімі мен ғылымының көрнекті ұйымдастырушысының тұлғасы сол кезеңнің бүкіл жасампаз жұмыстарында айрықша көрінеді.

Асылхан Данияров 1935 ж. 10 тамызда дүниеге келген (арнайы құжаттарда туған жері Қарағанды облысы Нұра ауданы Казгородок ауылы деп көрсетілген). Оның әкесі Нұрмұхамет Данияров жеке кәсіпкер болып, Ақмола уезінде ғана емес, сондай-ақ барлық облыс бойынша кеңінен танымал атасы Данияр мен әкесі Қызметбай негіздеген істі жалғастырады. Ақмола ұзақ уақыт бойы Сібірді Орта Азиямен және Батыс Қытаймен байланыстыратын ежелгі сауда жолдарының торабында жүк тиейтін бекет болып келді. Қаланың орталық алаңында Қонақ үйлер қатарында сауда үйлері мен дүкендер болды, олардың бірі Данияр мен оның ұрпақтарына тиісті болатын.

Октябрь революциясының салдары байлар мен дәулетті шаруашылықтарды жою, орта шаруалардың жерін, мал-мүлкін тартып алу, мемлекет пайдасына барлық материалдық «артығын» экспроприациялау болды. Бұл тағдыр Нұрмұхамет Данияровқа да жазылды. Отбасын қалай да асырау үшін Нұрмұхамет жақын жердегі Казгородок ауылына жылқышы болып орналасады. Таяу арада сол жерге өз үй-ішін көшіріп алады. 40-жылдардың басында Данияровтар Қарағанды қаласына көшіп келеді. 1946 ж. Асылхан Нұрмұхаметұлының анасы Ауа бала туысымен қайтыс болады, жаңа туған егіз нәресте тұрақтамайды. Шаруашылықтың, інісі мен сіңлілерін тәрбиелеудің барлық ауыртпалығы Асылханның әпкесі Мараштың иығына түседі.

1953 ж. Асылхан Данияров Жамбыл атындағы №7 қазақ мектеп-интернатын үздік бітіреді де, күміс медальмен марапатталады. Үздік кәмелеттік аттестат еліміздің кез келген ЖОО емтихансыз түсуге мүмкіндік береді. Күнделік жазбаларда А.Данияров: «Ломоносов атындағы ММУ, Бауман атындағы МЖТУ, адмирал Макаров атындағы Жоғарғы теңіз училищесіне түскім келді, ал құжаттарды И.В.Сталин атындағы Мәскеу тау-кен институтына (ММИ) жібердім. Бұған Еркін Омаржановтың әкесі (мектептегі досым А. Данияровтың әкесі) көндірді. Кенші, ақша көп, студенттік киім, ол кезде көмірлі Қарағанды дүрілдеп тұрған болатын. Мені де, Еркінді де МТКИ тау-кен факультетіне, «Пайдалы қазбалардың кен орнына жұмыс жүргізу» мамандығына алды» - деп жазады.

1953 ж шілдеде кенеттен әкесі қайтыс болады. Мәскеудегі оқу жоспарының бәрі бұзылады. Сол жылы Қарағандыда тау-кен институты ашылады. Халыққа білім беру облыстық бөлімінде Асылхан Данияровқа оның орта мектепті үздік бітіргені туралы анықтама береді. Осы ресми қағаздың негізінде оны шартты түрде (Мәскеу тау-кен институтынан құжаттары келгенше) Қарағанды тау-кен институтына алады.

Өзінің естеліктерінде А.Н. Данияров былай дейді: «Институт ғимараты жоқ. Алғашқы сабақтар тау-кен техникумында, бірқатар орынжайларда өткізілді. Сосын Бейбітшілік бульвары, 22-үйден 4 қабатты ғимарат берді. Міне, мен де студентпін. Бірінші ректор бұрын ММИ доцент болып істеген

Нұрмұхамедов Жүніс Қадырбайұлы болып тағайындалды. Бір деканат, деканы – П.И.Кирюхин. Біздің алғашқы оқытушыларымыз: математикадан – Ш.У.Кан, сызба геометриядан – Брынза, теориялық механикадан - Б.И.Халепский, шетел тілінен - Л.Л.Тимохина. Үш топ - электр механиктері, кенші-технологтардан бес топ. Мен - топ комсоргымын. Бейбітшілік бульвары, 22-үйде оқимыз, дәрісханаларды жөнге келтіреміз, жер төле орынжайларында дәрістер тындаймыз, шаңғы тебеміз. Бейбітшілік бульвары қысқа, сайларға толы, бір көшеден кейін тұтқындар тоқыма фабрикасын салып жатыр».

1957 ж. 2 маусымдағы «Социалистическая Караганда» газетінде «Қарағанды тау-кен институтында емтихандар жүріп жатыр» атты жазба жарияланды, жазбада студент Асылхан Данияров туралы айтылған: «... есіктің арғы жағында емтихан жүріп жатыр. Оның маңынан студенттер аяғының ұшымен жүруге тырысуда, алайда бұл оларға сол жердің өзінде-ақ талас тудыруға, оқып үлгермеген беттерін қатты күбірлеп оқуға, әбігер тудыруға кедергі бола алмауда. Ақырында есік айқара ашылып, достары бір сәтте Асылхан Данияровты қаумалап қоршап алған.

- Қалай?

Асылхан сәл ұяла, сиясын кептіру үшін, сынақ кітапшасын бұлғайды.

- Әрине, бес! – деп жауап береді ол үшін біреу.

Кенші электр механиктерінің 3-тобы бүкіл төрт жыл ішінде Асылханның бұлжымайтын бестігіне үйренген. Осы сессия да ол үшін сондай табыспен өтуде: сынақ кітапшасына төрт үздік баға қойылып үлгерген».

Институтты аяқтағаннан кейін, Асылхан Данияров тау-кен инженер-электр механигі мамандығын алып, 1958 жылдың қыркүйегінен бастап 1959 жылдың мамырына дейін № 019 Новая шахтасында тау-кен шебері болып жұмыс істейді. 1959 ж. мамырынан 1960 жылға дейін электр темір ұстасы, сосын Сталинуголь №1 тресінің Орталық электр механикалық шеберханаларында механик болады.

Сол жылдары КСРО-да тау-кен өнеркәсібі қарқынды даму үстінде болды, өнеркәсіп кәсіпорындарының құрылысы қанат жайды, осыған орай жоғары біліктіліктегі мамандарды – кеншілерді дайындау мен одақтас республикаларда кәсіби ұлттық кадрлар үлесін арттыру қажеттілігі бірден артты. Қарағанды көмір бассейні үшін бұл мәселе бірінші кезекте тұрды. Асылхан Данияровқа Мәскеу радиоэлектротехника және тау-кен электр механикасы институтының сырттай оқу аспирантурасына түсуге ұсыныс жасайды.

Аспирантурада оқыған кездерінде (1961-1964 жж.) өзіне ғана сенуіне тура келеді. Материалдық көмек күтетін жері жоқ. Әпкесінде бұл кезде өзінің үлкен отбасы - бес баласы болды. Аспирантураның алғашқы жылдарында тұратын орын мәселесі туындайды, институт жатақханаларында орын жетпейтіндіктен, А.Данияровтың Мәскеуде бір бөлмені жалдап тұруына тура келеді. Таяу арада жатар орын мәселесі шешіліп, оған жатақханадан орын бөлінеді, көршісі ретінде шетелдік азаматты – египеттік ірі магнаттың ұлын орналастырады. А.Данияровты жатақханаға орналастырмас бұрын, оны институттың партия комитетіне шақырады да, «капиталистпен» қарым-қатынаста қырағылық танытуды міндеттейді. Ешбір материалдық қиындықтар мен мәселелерге

қарамастан, бір ғана аспирант стипендиясымен жүріп, 1965 жылы мамырда А.Данияров өзінің аспирант-жолдастарының бірі болып, профессор А.В.Андреевтің жетекшілігімен «Қуатты таспалы конвейерлер жетегінің жұмысы кезінде таспа мен барабанның өзара әрекетін зерттеу» тақырыбына кандидаттық диссертациясын табысты қорғайды.

Аспирантурада оқып жүрген кездерінде де, одан кейін де, ғылыми-педагогикалық қызмет еткен жылдарында да Асылхан Нұрмұхаметұлы Данияровтың кәсіби көзқарастарының қалыптасуына, оның ғылыми бағытын таңдауына КСРО ҒА корреспондент-мүшесі, техника ғылымдарының докторы, Мәскеу тау-кен институтының (қазір – Мәскеу мемлекеттік тау-кен университеті (ММТУ)) профессоры - шахта және карьер көлігінің, тау-кен ісіндегі механикаландырудың маңызды бағыттарының бірінің негізін салушы Александр Онисимович Спиваковский; ҚазКСР ҒА академигі, Қазақстанның тау-кен ғылымындағы ірі ғалым, ҚарПТИ-дің тұңғыш ректоры Әбілқас Сағынұлы Сағынов және Ресей Федерациясының еңбек сіңірген ғылым мен техника қайраткері, техника ғылымдарының докторы, ММТУ профессоры Григорий Иванович Солод зор ықпал етеді.

1964 ж. сәуірінен бастап А.Н.Данияровтың ғылыми, педагогикалық, ұйымдастырушылық және инженерлік қызметі оның өмірінің соңына – 1993ж. 2 наурызға дейін Қарағанды политехникалық институтымен байланысты болды. Ол мұнда 25 жыл бойы (1968-1993 жж. аралығында) өнеркәсіптік көлік кафедрасын басқарды, 17 жыл бойы (1970-1987 жж. аралығында) кешкі және сырттай оқу жөніндегі проректор болып қызмет етті.

Еліміздің ірі техникалық ЖОО бірі - Қарағанды политехникалық институты барлық бұрынғы Одақ өнеркәсібінің мүддесіне қызмет етті. Бұл жағдай онда қызмет еткен инженерлердің, кенші-ғалымдардың ғылыми көзқарастарына ықпал етіп, оларды кең техникалық көзқарастармен сусындатты.

Асылхан Нұрмұхаметұлы тамаша қабілетін терең және мол білімімен тоғыстыра отырып, өзінің ғылыми қызметін тау-кен ісінің өзекті мәселелерінің бірі – еліміздің тау-кен өндіру көлігінің арнайы құралдарын зерттеу мен жасауға арнайды. 1984 ж.. А.Н. Данияров көп жылдар бойы жүргізген зерттеулер нәтижесінде Мәскеу тау-кен институтындағы мамандандырылған кеңесте «Тасты тау жыныстарына арналған күрделі трассалы карьер конвейерлерінің пайдалану және конструкциялық параметрлерін зерттеу және бекіту» тақырыбына техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне іздену диссертациясын табысты қорғады. КСРО Министрлер Кеңесіндегі Жоғарғы аттестациялық комитеттің 1986 ж. 27 маусымдағы шешімімен оған техника ғылымдарының докторы дәрежесі берілді.

Профессор А.Н. Данияровтың ғылыми және ұйымдастырушылық қызметінің ерекшелігі ғылыми қызметкерлер мен өндірісшілерді біріктіруі, оларды өнеркәсіптің маңызды мәселелерін шешуде жұмылдыра білуі болып табылды. Практикамен үнемі байланыста болуы оның зерттеуші-ғалым ретіндегі негізгі қасиеті болды. А.Н. Данияров жедел даму үстіндегі тау-кен техникалық білімінің қажеттіліктерін ескере жүріп, құнды-құнды:

«Тасымалдық машиналар мен кешендер» және «Ашық кен орындарындағы конвейер көлігі» (1975 ж.); «Өнеркәсіптік көлік құралдарының сенімділігі» (1978 ж.); «Толассыз көлік құралдарын таңдау негіздері» (1980 ж.); «Өнеркәсіптік көліктің арнайы түрлері» (1981, 1983, 1984 жж., С.К.Малыбаевпен бірлескен); «Климаттық жағдайларды ескере отырып, карьерлер жабдықтарын таңдау» (1985 ж., В.Н.Кучинмен бірлескен); «Күрделі тасымалдық жүйелер динамикасы мен статикасы» (1986, 1987 жж., З.Т.Ақашевпен бірлескен) оқу құралдарын жазады.

А.Н. Данияров ұзақ уақыт бойы (1975-1993 жж. аралығында) КСРО ЖОО министрлігі ғылыми-әдістемелік кеңесі мен Ресей Федерациясы өнеркәсіптік көлік жөніндегі мүшесі және «Жоғары оқу орындарының хабарлары» сериясы бойынша «Горный журнал» журналының редакциялық алқасының мүшесі болды.

Көптеген жылдар бойы профессор А.Н. Данияров өнеркәсіптік көлік кафедрасында атқарылатын мемлекеттік бюджет және шаруашылық келісім-шарт жұмыстарының ғылыми жетекшісі болды. Оның жетекшілігімен жасалған ғылыми ұсыныстар өндіріске табысты енгізілді. Олар 200 астам ғылыми жұмыстар жариялады, өнертабысқа 40 авторлық куәлік алынды, жалпы алғанда 14 оқу құралы және 18 оқу-әдістемелік әзірleme дайындалды. Көп жылдар бойы жүргізген зерттеулер нәтижесі бойынша (академик Ә.С. Сағынов және профессор З.Т.Ақашевпен авторлықта) – «Карьерлік пластинка тәріздес конвейерлерді жобалау және есептеу негіздері» атты ғылыми монография дайындалып, шығарылды, ол Қазақ КСР «Наука» баспасынан 1984 ж. жарық көрді. 1993 ж. Мәскеудің «Транспорт» баспасынан А.Н.Данияров пен оның алғашқы аспиранты – қазіргі кезде өнеркәсіптік көлік саласындағы жетекші мамандардың бірі, профессор, техника ғылымдарының докторы С.Қ. Малыбаевпен бірлесіп жазған «Өнеркәсіптік көліктің арнайы түрлері» атты оқулық басылып шығарылды.

Профессор А.Н. Данияровтың кітаптары мен оқу құралдары зор рөл атқарды. Ол бойынша тау-кен инженерлік факультеттерінің бірнеше буыны оқып келеді, оның еңбектерін қазір де пайдалануда. Ғалымның күші - өзінің болашақ идеяларын қаншалықты кеңінен таратып, өз шәкірттерінің ғылыми көзқарастарының қалыптасуына ықпал ете алатындығында. А.Н. Данияровтың ғылыми мектебі – бұл кітаптар, оқу-әдістемелік дайындамалар мен мақалалар, ізбасарлары (оның ғылыми жетекшілігімен 20-дан астам кандидаттық диссертация қорғалды) мен тәлімгердің ісін жалғастырушылар. Бүгінгі күні ҚарМТУ профессоры С.Қ. Малыбаев басқаратын өнеркәсіптік көлік кафедрасы университет профессорлары - З.Т. Ақашев, А.Н. Дедов, Т.К. Балғабеков, доценттері - Н.А. Данияров, Т.У. Сәрсембаев, А.З. Ақашев, Б.Б.Т оғызбаева сияқты белгілі ғалымдары мен педагогтары және басқа да көптеген жоғары біліктілікті мамандары бар жетекші шығарушы кафедралардың бірі.

А. Н. Данияров 30 жылдай ғұмырын ғылыми-педагогикалық қызметке арнады және осы жылдары жүздеген тау-кен инженер-механигін даярлады. Оның шәкірттерінің арасынан тау-кен өнеркәсібінің бірталай ірі қайраткерлері мен ғалымдары шықты. А.Н.Данияровтың педагогтық дарыны туралы айта

отырып, олар оның дәрістері керемет қызықты болғанын айтады, оларды мазмұндаудың қарапайымдылығы мен материалдың зор мәнділігімен үйлесуіндегі оның қисындылығы мен құрылысының түзулігі ерекше еді. Асылхан Нұрмұхаметұлы ғылыми кадрлар даярлау бойынша және аспиранттардың жетекшісі, ғылыми және диссертациялық кеңестердің мүшесі немесе диссертация қорғау кезіндегі арнайы оппонент ретінде үлкен жұмыстар атқарды.

А.Н. Данияровтың көп жылғы шығармашылық жұмысы ғылым мен техникада үлкен із қалдырды. Оның шәкірттері мен ізбасарлары арасында ғылым докторлары мен кандидаттары, инженерлер мен ғылыми қызметкерлер бар. Профессор А.Н.Данияровтың ғылыми мектебінің өкілдері - С.Қ. Малыбаев, Т.Н. Бекенов, К.О. Оразов, Ж.М. Қуанышбаев, К.А. Омаров, И.И. Тазабеков сияқты белгілі ғалымдар, профессорлар, техника ғылымдарының докторлары; Т.Х. Хайруллин, А.А. Нәсіпқалиев, К.Г. Кәрімов, В.Н. Кучин, Н.Г. Горшкова, А.В. Рожков, Н.Т. Сағынтаев сияқты техника ғылымдарының кандидаттары, талантты, өкінішке орай өмірден ерте кеткен С.М. Әдекенов және т.б. Олардың бәрі Асылхан Нұрмұхаметұлының ғылыми жұмыстарды бағалауда жоғары талап және принциптілік байқататынын, бірақ бір мезетте жас ғалымдармен өзінің мол тәжірибесін және ақыл-кеңесімен бөлісуге, олардың диссертациялық зерттеулеріне көмек беруге тырысатынын айтады. «Табиғи дарындылық, ұйымдастырушылық қасиеттері, техникалық интуиция, айрықша теориялық білімдері – осы қасиеттердің бәрі А.Н.Данияровты іскерлік тұрғыдан анықтайды. Бір мезетте онда басқасы да – зор адамгершілік болды», - дейді академик Ә.С. Сағынов.

Өзінің қолжазбаларымен, өз шәкірттерінің, аспиранттарының ғылыми еңбектерімен күнделікті көп сағаттық жұмыстары, еңбектену, шығармашылық, тапсырылған іске жоғары жауапкершілік оның өмірінің басты мазмұны болды. Өзінің мол білімділігімен, үлкен мәдениеті және эрудициясымен, адал ниеттілігімен өзіне әр түрлі адамдарды тартатын.

А.Н. Данияров шығармашылық күшінің толысқан шағында, 58 жасында қайтыс болды. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Аппараты, Қарағанды облысының әкімшілігі, бұрынғы Одақтың бүкіл ғалымдары, олардың ішінде: Мәскеу және Санкт-Петербург мемлекеттік тау-кен университеттерінің, Тула және Солтүстік Кавказ мемлекеттік техникалық университеттерінің, Урал тау-кен институтының, Ростов на Дону қаласының техникалық университетінің, Қазақ политехникалық университетінің (қазіргі кезде – Қ.И.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ), Алматы автожол институтының (қазіргі кезде – М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының) ұжымдары, Қазақстанның жетекші өнеркәсіптік кәсіпорындарының басшылары және оннан астам жеделхаттар мен көңіл айтуларда оны Қазақстанның жоғары білім беру саласындағы ірі ғалым және ұйымдастырушы деп атайды. Олар А.Н. Данияровтың ерекше қасиеті - байыптылық, принциптілік, жүйелілік, жоғары мамандылық және азаматтық патриотизм екенін мәлімдейді.

Қазіргі кезде «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру кезеңінде жұртшылықтың Қазақстан тарихына, ғылымына, рухани өміріне және осы мәдениет иелеріне қызығушылығы артып келеді, еліміздің тарихи-мәдени құндылықтарын сақтау және дамытуға бағытталған ауқымды іс-шаралар жүргізілуде. Осыған орай, көрнекті ғалым, ғылым мен білімнің талантты ұйымдастырушысы профессор А.Н.Данияровтың естелігін мәңгі сақтау ісінде де жағымды өзгерістер болып жатқандығын атап өткен жөн, атап айтқанда, ҚарМТУ-дың «Өнеркәсіптік көлік» кафедрасына оның аты берілді; университеттің «үздік» оқитын студенттеріне А.Н.Данияров атындағы стипендия беріледі; ол соңғы жылдары тұрған Ермеков көшесіндегі 73/3-үйде мемориалдық тақта орнатуға ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің келісімі алынды; 2008 жылы техника ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Данияровтың ғылыми мектебі еңбектерінің циклі жаратылыстану ғылымдары бойынша үздік ғылыми зерттеулері үшін академик Қ.И.Сәтпаев атындағы мемлекеттік сыйлық алды. Осының бәрі Қарағанды облысының Әкімі Н.З.Нығматулиннің, ҚарМТУ ректоры, ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің және қаланың ғылыми жұртшылығының (ҚР ҰҒА академигі С.М. Әдекенов және т.б.), ҚарМТУ-дың Ғылыми Кеңесінің және техникалық университет түлектері ассоциациясының қоғамдық қоры (атқарушы директоры – профессор Т.С. Ынтықов), А.Н. Данияров атындағы «Өнеркәсіптік көлік» кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің белсенді түрде қолдауымен жүріп жатыр.

Профессор А.Н. Данияровтың өмірі мен қызметі өз Отанының ғылымы мен білімін гүлдендіру ісіне қалтқысыз қызмет еткен көптеген адамдардың тағдырын бейнелейді.



Попов И.И. – Орталық Қазақстанда маркшейдер ғылыми мектебін құрушы

*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
MI және Г кафедрасының меңгерушісі,
т.ғ.д., профессор
Ф.К. Низаметдинов*

Попов Иван Иннокентьевич 1919 жылы 15 сәуірде Солтүстік Двинск өңірінде Чуприяново селосында дүниеге келген.

И.И. Попов біздің мемлекетіміздің дамуының қарқынды кезеңінде тәрбиеленген, Ұлы Отан соғысының және соғыстан кейінгі кезеңдердің барлық ауырпалығы мен қайғы-қасіреті иығына түскен кеңес адамдарының қатарына жатады. Осыған қарамастан, ол өзін адам сүйгіштік, адамдарға сезімталдықпен қарау сияқты тамаша қасиеттерге тәрбиеледі. Оған таңғажайып еңбек қабілеттілігі мен еңбек сүйгіштік, жұмыста мұқияттылық, өзінің міндеттеріне ұқыпты, адал қарауы, өзіне және өз ұжымына талап қоя білуі тән.

Мектепті бітірген соң Попов И. Свердловск тау-кен институтына түсіп, оны «Маркшейдер ісі» мамандығы бойынша табысты аяқтайды.

1942 ж. Свердловск тау-кен институтын бітірген соң, Иван Иннокентьевич Урал көмір өнеркәсібінде шахталардың, «Свердловскуголь» комбинаты трестерінің бас маркшейдері, геолог-маркшейдер қызметі және Свердловск СХШ отын өнеркәсібінің басқармасын байыту бөлімінің бастығы болып 16 жыл қызмет етті. Өндірісте жұмыс істей жүріп, өзін ғылыми ой-өрісі кең шебер бақылаушы-зерттеуші ретінде көрсетті.

Осы қасиеттері, әсіресе, Қарағанды политехникалық институтында қызмет еткен кездерінде айқын ашылды, онда ол 40 жыл табысты еңбек етіп, доценттен профессорға, ҚазКСР ҒА корреспондент-мүшесіне, «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының меңгерушісіне дейінгі жолды жүріп өтті.

Попов И.И. кандидаттық диссертациясын 1958 ж., ал 1972 ж. Ленинград институтында докторлық диссертациясын қорғады. 1979 ж. ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі болып сайланды.

Ашық және жер асты жұмыстарында тау жыныстарының ығысу, тау қысымы, жер қойнауын қорғау мәселелері бойынша зерттеулермен айналыса жүріп, Попов И.И. аспирантураны басқарып, Орталық Қазақстанда бүкіл Одақты мойындатқан ғалымдар мектебін құрды. Оның жетекшілігімен 5 докторлық және 29 кандидаттық диссертация қорғалды. И.И. Поповтың жетекшілігімен жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары әрқашан жоғары ғылыми деңгейімен, жаңалықтарымен, пайдалылығымен және тиімділігімен ерекшеленетін. Ол – 200-ден астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 12 монографияның, маркшейдер ісі бойынша 2 оқулықтың және 6 кітапшаның авторы.

Иван Иннокентьевич Попов тамаша дәріскер болды. Оның дәрістері әрқашан жоғары ғылымилығымен, қатаңдығымен, қарапайым мазмұндалуымен өзгешеленетін. Ол оқу-әдістемелік жұмысқа, атап айтқанда, инженер-маркшейдерлерді даярлауға байланысты әдістемелік мәселелерді құрастыруға көп көңіл аударды. Ол студенттерді программалық-басқарып оқыту және проблемалық жағдайларды ойын түрінде модельдеу арқылы білімді бақылау жүйесін жасады.

Көп жылдар бойы И.И. Попов Қарағанды политехникалық институтында «Знание» қоғамының төрағасы болды.

Иван Иннокентьевич спортқа, әсіресе, волейболға табынушы болды. Көптеген жылдар бойы ол «Сергектік және денсаулық» спартакиадаларында тау-кен факультетінің және институттың намысын табысты қорғап келді. Өзінің жас әріптестеріне денсаулық пен спорттық ұзақ өмір үлгісін көрсете жүріп, әрқашан сергек, жинақы көрінетін.

Иван Иннокентьевичтің табысты өндірістік, ғылыми және педагогикалық қызметі үкімет тарапынан бірнеше рет марапатталды: жеті медаль; III дәрежелі «Шахтер даңқы», КСРО жоғарғы білім саласындағы «Еңбектегі үздік табыстары үшін» белгілер; Алтын құрмет кітабына енгізілді, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы, Қазақстан Компартиясы ОК Құрмет грамотасы; ҚазКСР Министрлер Кеңесі сыйлығының Лауреаты.

1998ж. қазанда И.И. Попов өмірден өтті. Оның шәкірттері мен ізбасарлары қалды. Иван Иннокентьевич Поповтың барлық педагогтық және қоғамдық қызметі өзінің күші мен білімін тау-кен өнеркәсібінің, ғылым мен жоғары мектептің дамуына, Отанға қызмет етуге жұмсаған адам қызметінің өнегесі болып табылады.



Гращенко Н.Ф. – қазақстандық еңбек қауіпсіздігі мектебін құрушы

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің
КА және ЕҚ кафедрасының меңгерушісі,
т.ғ.к., доцент
Н.Х. Шәріпов*

Н.Ф. Гращенко 1929 жылы 4 ақпанда Смоленск облысының Духовщинск ауданында Сущево ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Балалық шағы адамзат үшін ең қатерлі сынақ - соғыстың ызғарына шалынады. 1941 жылы оның әкесі майданға аттанады. Шешесі бес кішкене баласымен 1941 жылдан бастап 1943 жылға дейін басқыншылықта қалады. 1943 жылы 14 жасында фашистер жұмыс күші ретінде батысқа айдауға жібереді. Николай Отанына – Смоленск облысы Духовщина қаласына тек 1945 жылы ғана қайтуға мүмкіндік алады. Туған ауылы түгелдей өртеніп кеткен. Бақытына қарай, сұрапыл жылдары әкесі де, шешесі де аман қалды, ата-анасы оны астан-кестен уақытқа қарамастан, одан әрі оқуға көндірді.

1950 жылы Николай Гращенко мектепті алтын медальмен бітіреді, бұл - мақсаттылықтың, мақсатқа бағыттылықтың және білім мен дүниетануға үлкен талпыныстың куәсі.

Мектепте оқып жүрген кездің өзінде, әрі қарай қайда оқуға түсу керек екендігін ойлайтын. Құжаттарын Жоғары теңіз байланысы училищесіне, Рига теңіз училищесіне жібереді. Училищеге оны денсаулығына байланысты (соғыс жылдарындағы аштық және басқындық аймақта болуы әсер етеді) оқуға алмайды.

Мәскеу тау-кен институтына медалист ретінде кеңесуден кейін түседі. Студенттік өмір басталады. Жеңіл атлетикамен және волейболмен айналысады. Бірақ үнемі ақшаны қайда жұмсау керектігін – жатақханаға төлеуге ме, бәтеңке сатып алып, бірақ кешкі тамақты күнара ішемін бе немесе тәпішкемен жүремін бе деп ойлау керек болды. 2-курстан кейін Бобруйскіде жазғы әскери жиындар болды, одан әрі – практика, Сталин облысы «Красноармейскуголь» тресінің 17-18-шахтасында кен қазушы болып жұмыс істеді, екі аптада 462 сом тауып, отбасы қажетіне жаратты.

Келесі практикалары Кемерово облысы Копейск қаласында Осинникте өтті. 1954 жылы жазда «Западуголь» ОБ №27 шахтасында тау-кен шебері болып істеді.

Диплом алдындағы практика тау-кен инженерінің тағдырын анықтап, Қазақстан даласына деген сүйіспеншілігін оятқан Қарағанды қаласындағы №20 шахтада желдету учаскесінде өтті.

1955 жылы Н.Ф. Гращенков институтты аяқтағаннан кейін, Аэрология және Еңбек қорғау кафедрасының меңгерушісі А.И. Ксенофонтова оған аспирантурада оқуды ұсынды.

Бұл жылдары ММИ Аэрология және еңбек қорғау кафедрасында академик А.А. Скочинский, профессор А.И. Ксенофонтова, профессор Е.С. Чендлер, доценттер А.А. Харев, С.Я. Хейфиц, К.А. Шильников, К.З. Ушаков, А.С. Бурчаков, ассистент А.Д. Климанов, ассистент В.С. Орехов жұмыс істеді, олар аспиранттың ғылыми қызметінің негізін анықтады.

Оған доцент Анатолий Семенович Бурчаков ерекше көңіл бөлді, ол кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін кафедрада қалған және шахталардағы шаңмен күресу саласындағы маман болатын. Ол аспирант Н.Ф.Гращенковқа теориялық бөлімнен және эксперименттер қоюдан көмектеседі.

50-ші жылдары кафедраның газодинамикалық зерттеулерінің жаңа бағыты – үздіксіз газ бөліну және онымен байланысты өндірудегі газ тасымалдау динамикасын зерттеу қабылданды.

Нәтижесінде газды шахталар үшін ауа мөлшерін есептеудің «забой бойы әдісі» деп аталатын жаңа әдісі жасалды. Бұл әдіс Қарағанды бассейні шахталарында 1957-1958 жж. сынамаланды, ол кезде кафедра Қарағанды шахталарында тұйық қазбаларға газ бөлінуге зерттеу жүргізді (А.И.Ксенофонтова, А.С. Бурчаков, В.С. Орехов, Н.Ф. Гращенков, В.М.Маляревский). Нәтижелері «Қарағандының көмір бассейндеріндегі газды шахталарында ауа мен депрессия мөлшерін есептеу жөніндегі нұсқаулық» (ММИ, 1960 ж.) және «Қарағандының газды шахталарында ұзын созылыңқы дайындық қазбаларын желдетуді есептеу жөніндегі нұсқаулық» (ММИ – Қарағанды көмір» комбинаты 1960 ж.) деп аталатын жұмыстарда көрініс тапты, олар қазіргі кезде де өзектілігін жойған жоқ.

50-жылдардың аяғында Н.Ф. Гращенков көмір шахталарында шаң факторы бойынша қопару жұмыстарынан кейін дайындық забойларын желдету бойынша зерттеулер жүргізді.

Осы жұмыстардың қорытындысы академик А.А. Скочинскийдің ғылыми жетекшілігімен дайындалған және 1958 ж. табыспен қорғалған кандидаттық диссертациясы болды.

Ірі ғалым және ғылымды талантты ұйымдастырушы, КСРО ҒА академигі профессор Александр Александрович Скочинский және оның шәкірті профессор Анна Ивановна Ксенофонтова болашақ ғалымның тағдырын алдынала анықтап, ғылыми әлемде өміршеңдіктің негізін салып берді. КСРО-ның осы көрнекті ғалымдарымен тау-кен ісі саласында жұмыс істей жүріп, Николай Федорович ғалым ретінде ғана емес, тамаша әдіскер және аналитик ретінде де қалыптасты. 1958 жылы Николай Федорович Қарағанды тау-кен институтында жұмысқа кірісті. А.А. Скочинскийдің мектебі Қарағандыда тау-кен ісінде еңбек қауіпсіздігі саласында ғылыми база жасауға мүмкіндік берді.

Н.Ф. Гращенковтың ғылыми жетістіктерінің негізгі саласы көмір шахталарында тұйық қазбаларды желдетудің қауіпсіз параметрлерін негіздеу және үңгілеу бойынша жаңа технологиялық схема жасау болып табылды. Бұл

бағыттағы зерттеулер техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін іздену диссертациясын қорғаумен және кеніштік желдету жөніндегі анықтамалық құжаттарды жариялаумен аяқталды, ол бірнеше рет басылым көрді, ал мазмұны бүгінгі күнде де өзекті, әрі қажетті. 1972 жылы Н.Ф.Гращенко докторлық диссертациясын тұрғылықты «политехшілер» ішінде, Ә.С. Сағынов, А.Ф. Кичигин, М.П. Тонконогов және В.Ф. Бырька сияқты белгілі және іргелі ғалымдарды алдыға салып, жетінші болып қорғады. Осының бәрі – профессор Н.Ф. Гращенконың үлкен ғылыми деңгейінің куәсі.

ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Ә.С. Сағыновтың ұсынысы бойынша 1962 жылы «Кеніштік аэрология және еңбек қорғау» кафедрасын 33 жастағы ғылым кандидаты Н.Ф. Гращенко басқарды, ол кафедраның даму болашағы тек оқу-әдістемелік жұмыспен ғана емес, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де байланысты екенін түсінді, осының айғағындай, талантты, еңбекке қабілетті ғалымның маңайында пікірлестері – шәкірттері мен әріптестері тоғысты. Профессор Н.Ф.Гращенко 45 жылдық ғылыми жұмысы ішінде 50-ден астам ғылымдар кандидаты мен докторын дайындады, олардың көбі бүгінгі күні ЖОО-да, кәсіпорындарда, Қазақстан мен Ресей министрліктерінде басқарушы орындарда. Осы жылдар ішінде 200-ден астам ғылыми еңбек, 3 монография шығарылды, өнертабысқа 12 авторлық куәлік алынды. Бұл – ғалымның және маманның зор еңбек қабілеттілігі мен мақсаттылығының куәсі.

ХШЖК өнертабыс көрмесіне қатысқаны үшін 1960 ж. күміс медаль мен құнды сыйлық алды.

Профессор Н.Ф. Гращенконың ҚарПТИ-дың қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі айтарлықтай. Жоғары білім мен ғылымның көрнекті ұйымдастырушысы, академик Ә.С. Сағыновтың жетекшілігінде және ғалыммен тығыз ынтымақтастықта жұмыс атқара жүріп, Николай Федорович өзінің барлық энергиясын, барлық айрықша талантын білім сапасын арттыруға, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарының жаңа деңгейін арттыруға бағыттады. Оқу ісі жөніндегі проректор Н.Ф. Гращенконың тікелей қатысуы мен бастамасы бойынша (1981-1990 жж. дейін) кураторлар кеңесі, екі факультет, төрт жаңа мамандық ашылды, ЖОО студенттері мен түлектері шетелдерде оқуға мүмкіндік алды.

Николай Федоровичтің еңбектері шетел баспаларында жарияланды және 1996 жылы ол Еңбек қорғау және тіршілік қауіпсіздігі секциясы бойынша Экология, адам және табиғат қауіпсіздігі халықаралық ғылым академиясының (ЭҚХҒА) нағыз мүшесі болып сайланды.

Николай Федорович көп жылдар бойындағы жемісті еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, III және II дәрежелі «Шахтер даңқы» Құрмет Белгісімен, «В.И. Лениннің туғанына 100 жылдық құрмет мерекесіне орай қажырлы еңбегі үшін» медалімен (1970 ж.), «КСРО ЖОО министрлігі жұмысындағы үздік табыстары үшін» белгісімен (1974 ж.) және «Еңбек ардагері» медалімен (1989 ж.), КСРО және ҚазКСР Жоғары білім министрлігінің құрмет грамоталарымен марапатталды.

Н.П. Гращенко айрықша, мақсатқа ұмтылған, орынды қалжыңдасып, адамдарға құрметпен қарайтын тұлға болды.



**Академик, профессор,
геология-минералогия ғылымдарының докторы
Ермеков М.Ә.**

*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
ГӘ және ПҚКҚ кафедрасының меңгерушісі,
т.ғ.к., доцент,
М.А. Пономарева*

Геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, көмір кен орындарының газдылығы бойынша ірі маман, табиғаттың күрделі құбылыстары мен технологиялық процестерін, оларды компьютерлік технологияны пайдалана отырып, оңтайландыру мақсатында модельдеудің жаңа бағытының негізін салушы Ермеков Мағауия Әлімханұлы 1921 жылы Семей облысы Шыңғыстау ауданында Абай ауылында дүниеге келген, сондықтан ата-анасы оны Абайдың кіші ұлы Мағаштың құрметіне Мағауия деп атаған.

Бастауыш білімді үйінде, отбасында алған, себебі әкесі ғана емес, шешесі Рақия Шағабетдінқызы өте жоғары білімді адамдар, Қазақстанның алғашқы дипломды дәрігерлерінің бірі болған. Мағауияның әкесі - Әлімхан Әбеуұлы Ермеков – Қазақстандағы белгілі қоғамдық-саяси қайраткер, математиканың бірінші қазақ профессоры.

Ол мектепке дейін-ақ үш тілді – қазақ, орыс және неміс тілдерін жетік меңгерді.

Қазақстанның барлық прогресшіл қайраткерлері іліккен Сталиндік геноцид кезеңінде Әлімхан Ермеков «Алашорда» партиясы көшбасшыларының бірі ретінде көп рет тұтқынға камалды және жалпы алғанда, 18 жылға жуығын еңбекпен түзету лагерьлерінде өткізді. Оның қайғылы тағдыры отбасына да әсерін тигізді.

Он екі жасар бала Мағауия әкесін тұтқындаудың куәгері болды. Тінту кезінде дүние-мүліктерді қалай төңкергенін, шақырылмаған «қонақтардың» айуандығын көрді. Мұндай нәрсе ұмытылмайды. Сталиннің жеке басына табыну кезеңіндегі, тұтқындау, ату кезеңіндегі балаларда өмір бойы жазылмас жара қалды.

Отбасын алдымен қала шетіндегі жер төле үйге, сосын қала сыртындағы жер үйге көшірген кезде Мағауия Алматы орта мектебінің төртінші сыныбында оқитын. Бірақ онда да олардың отбасына тыныштық бермей, Үштөбе стансасына Қаратал ауылына көшірді, онда Ресейдің батыс облыстарынан 300 мыңға тарта қоныс аударушылар тұратын. Аштық пен шешек ауруы ызбарлана түсті. Өліктерді қыста үйме-үйме етіп жайдақ үлкен шаналармен траншеяларға жерлеуге алып кетіп жатты. Құжаттары мен мүліктерін тартып алды, Қазақстаннан шығуға тыйым салынды.

Отбасы шешесінің хирург-дәрігер, оның үстіне жақсы ұйымдастырушы және шаруақор болғандығынан ғана аман қалды. Ол Үштөбеде темір жол ауруханасын басқарды.

1939 жылы Мағауия Алматының орта мектебін үздік аяқтағаннан кейін, Ростов Ауыл шаруашылық машина жасау институтына түседі. Екі жылдық оқудан кейін ол Кеңес Әскері қатарына шақырылады, онда 6,5 жыл қатардағы солдаттан аға лейтенантқа, жеке батальон штабының бастығы және әскери училище оқытушысына дейін қызмет етті. Ол өзінің батырлығымен тұтқында жүрген әкесінің жағдайын жеңілдетермін деген аңғалдықпен майданға сұранғанымен, жазаланушының баласы ретінде жіберілген жоқ.

Әскери қызметін Қаракұм құмдарында Орта Азия әскери округы бөлімдерінде өткізді. Онда бір жұтым су үшін сол кездері сирек кездесетін зат – қол сағаты берілетін. Тыл ішінде қызмет ету ауыр болатын. Жорықтардан кейін тұз сіңген гимнастеркалары қатты қораптарға айналады. 40 градус ыстықта газ қағармен лақтыру. Аптаның алғашқы төрт күнінде 12 сағаттан және жұма мен сенбіде үзіліссіз 36 сағаттан шұғылданды. Әрбір 2-4 апта сайын майдандағы жағдайға байланысты даярлығы жоқ жауынгерлерден майданға жіберілетін жауынгерлерді даярлады.

1946 жылы әскерден келген соң ол погондары мен ілгектері сөгілген, үйкелген офицер шинелін киіп жүруін жалғастырды (басқа киімі болған жоқ). Канск және Тайшет лагерьлеріне әкесімен кездесуге бірнеше рет барып қайтты. Осындай әрбір баруы үлкен қиындықтармен өтетін. Тас қараңғы түндерде – ауылда электр жарығы болмағандықтан, батпақ арқылы төсемелерден өтуіне тура келетін.

1950 жылы Мағауия Әлімханұлы Алматы Тау-кен институтын «Геология және пайдалы қазбалардың кен орындарын барлау» мамандығы бойынша инженер-геолог атағымен бітіріп шықты. Сол жылы ол Қарағандыға жол тартады, онда учаскелік геолог, кейін «Қазақкөміргеология» тресінде аға геолог болып жұмыс істейді. Басында оны стратегиялық шикізат ретінде көмірге жолатпады да, ол жергілікті құрылыс материалдарымен айналысты. КБА 1953 жылы сол тресте Қарағанды көмір бассейнінің көмірлі қабаттарының газдылығын зерттеу бойынша тақырыптамалық отрядтың жетекшісі болып тағайындалады. 1957 жылға дейін олар газдық сынамалардың әдістемелері мен техникалық құралдарын жасайды, бұл Қарағандының осы мәселені жүйелі түрде зерттеуге жол ашқаны болатын. 1957 ж. М.Ә.Ермеков бір жылдық сырттай аспирантурада оқыған соң, кандидаттық диссертациясын табысты қорғайды.

Ол 1958 жылдан 1970 жылға дейінгі кезеңде ҚазКСР ҒА химия-металлургия институтында, ҚҒЗКИ, Шығыс ҒЗИ алдымен АҒҚ лауазымында, ал 1963 ж. бастап зертхана бастығы ретінде бассейнің газдылығы мәселесімен еңбектенуін жалғастырады. 1968 жылы геология-минералогия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ізденуге диссертациясын қорғайды.

1968 жылы Қарағанды политехникалық институтының геология кафедрасының профессоры болып сайланады, ал 1970 жылы оның меңгерушісі болып тағайындалады, геофизика, тау-кен және құрылыс мамандықтарының

студенттеріне геологиялық барлау, құрылымдық және инженерлік геология, гидрогеология, мұнай мен газды кен қабаттарынан дәрістік курстар жүргізеді. Бұларға қоса көмір қабаттарының газдылығы жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізеді (Ғылым және техника жөніндегі Мемлекеттік комитет тақырыбы бойынша). Геологиялық факторлардың, қойнаулар термодинамикасының газдылығына сандық бағалаудың бірегей әдістері жасалады.

Олар Қарағанды бассейнінің газдылығының бірінші картасын құрастырады, ол жеткілікті түрде газдың молдылығын дәлелмен болжауға, нормативтік құжаттарды жасауға мүмкіндік береді.

Өндіріске практикалық көмек көрсеткені үшін М.Ә. Ермеков бірнеше рет «Көмір өнеркәсібі Социалистік Жарысының үздігі», «Шахтер даңқы» белгілерімен марапатталды, Құрмет кітабына және облыстың Құрмет тақтасына енгізілді. 1980 ж. шахталарда жарылысқа қауіпті метанмен күресудің физика-химиялық негіздерін жасау жөнінде жұмыс циклі үшін оған Академик А.А.Сочинский атындағы Диплом мен Сыйлық берілді.

1979-80 жылдары оның авторлық бірлестігімен үш томдық «КСРО көмір бассейндері мен кен орындарының газдылығы» монографиясын баспадан шығарады да, М.Ә.Ермеков КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері болады. 1983 жылы Қазақ Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланады.

М.Ә. Ермеков геологиялық және тау-кен мамандығының 13 кандидатын қорғауға даярлайды. Ғылымдағы бес ізденушінің жұмысы оның жетекшілігімен және тікелей қатысуымен есептелген математикалық модельдер негізінде орындалды.

Жоғарыда аталған үш томдық монографиядан басқа оның 160-тан астам баспа жұмысы түрлі одақтық басылымда жарияланды, төрт авторлық куәлік алынды. Көптеген жұмыстарда көмірлі түзілімдердің газдылығы мәселесі, бірегей аспаптар және газдық сынамалар әдістері, қойнаулар термодинамикасы сипатталды.

Оның көмір кен орындары газ динамикасы бойынша зерттеулері көмір шахталарында метан болуын анықтау жөніндегі жөнелту пункті болып табылады және тек ТМД мемлекеттерінде ғана емес, сондай-ақ Чехия, Польша, Словакия, АҚШ, Канада, Австралияда кеңінен пайдаланылады.

Мағауия Әлімханұлы Ермековтің тағдырын «жұмыс, табанды, үздіксіз жұмыс» деген бірнеше сөзбен атауға болады. Мағауия Әлімханұлы әкесінен – таң қаларлық өмірбаяны бар адамнан үлгі алды. Математик болды, математика ешқашан құрғақ, қатты болмайтынын дәлелдей алды. Осы өз пәніне сүйіспеншілігін жеткізе білуді Мағауия Әлімханұлы, бәлкім, әкесінен мұра етіп алған болар. Ол геолог, адам үшін асыл затты жер қойнауынан іздеп қана қоймай, адамдардың жақсы қасиеттерін де аша білді.

Мағауия Әлімханұлында сирек кездесетін тыңдай білу қасиеті болды, академик А.М.Терпигоревтің: «Дәрісті жақсы алған студенттер емес, жақсы сұралған студенттер жақсы оқиды» деген сөздерін жиі еске алғанымен, осы қасиетін студенттерге де сіңірді. Оның әрбір дәрісінде міндетті түрде өзінің

«қызығы», өзінің кездейсоқ бұрылысы сақталған, ол ең күрделі нәрсені қарапайым нәрсе арқылы түсіндіре білді, бастысын көруге көмектесті.

Дәрістер Мағауия Әлімханұлының студенттермен араласуының жалғыз ғана нүктесі болған жоқ. Сонымен қатар көп күші мен энергиясын студенттік ғылымға берді. Оның «Эксперимент стратегиясы» үйірмесі институтта ең атақтылардың бірі болды.

Мағауия Әлімханұлы геология мен тау-кен ісінің ең күрделі проблемаларын әзірлеуге әрқашанда жас ғалымдарды қатыстыратын. Әрқашан өзінің сүйікті ісіне берілгендігінің көрнекті үлгісін көрсететін. Одан бәрі білім алды. Ең алдымен, мақсатқа қол жеткізуде қайтпастық танытқанда, жан дүниен қатайып кетпей, мейірімді, қайырымды адам болуға, тағы да еңбекке қабілеттілікке үйретті. Мағауия Әлімханұлы оқытушылық қызметпен айналыса жүріп, ешқашан ғылыми зерттеулерін қалдырмады. Ол әрқашан шығармашылық ойлар мен жаңа идеялар билігінде болатын. Ізденумен өмір сүрді. Өз студенттерін де осыған үйретті.



Қашық Ш.Қ. – ұстаз, ғалым, тәлімгер, патриот

*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
КМ кафедрасының меңгерушісі,
э.ғ.к., доцент
Н.Б. Дәулетбаева*

Қашық Шағатай Қашықұлы 1925 жылы 22 қазанда Қарағанды қаласында қызметкер отбасында дүниеге келді. 1942 жылы орта мектепті аяқтағаннан кейін әскери комитет бастауыш және толық емес орта мектептің мұғалімдерін даярлау бойынша қысқа мерзімді курстарға іссапарға жіберді, ол Қарағанды облысының Қу ауданына (қазіргі Егіндібұлақ ауданына) ауылдық мектепке жіберілді. Мұғалім ретінде оған 1943 жылдың ақпанына дейін жұмыс істеуіне тура келді. Мектептерге мұғалім қажет болғанымен, Ұлы Отан соғысы майдандарындағы жайт сын көтермейтін еді: соғысқа барлық 18 жасқа толғандар және әскери қызметті атқаруға жарамды адамдар шақырылуға тиіс болды. 1943 жылы ақпанда шақырылғандар арасында Ш. Қашық та болды. Оны Ташкент артиллерия училищесіне қысқартылған оқу мерзімімен оқуға жіберді. Оқу бір жылға созылуы керек, бірақ 1943 жылы шілдеде Ш.Қ. Қашық жазылған курсанттық полкты майданға жіберді.

Осы оқиғалар туралы және кейіннен әскери әрекеттер туралы 1943-1945 жж. Ш.Қ.Қашық өз өмірбаянында толық сипаттайды. 1945ж. ақпанда ол ауыр жараланып, Тбилиси қаласының госпиталінде емделеді де, «әскери қызметке жарамсыз» деген қорытындымен шығарылады.

Жиырма жастағы, соғыстың алапатынан өткен, «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен, Ұлы Отан соғысының II дәрежелі орденімен марапатталған жасөспірім мұғалім болып жұмыс істеуге, балаларды оқыту арманына қайта оралады. 1945ж. Қарағанды мұғалімдер институтына түседі, сосын Семейдегі Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтына «Тарих» мамандығына ауысады.

Ш.Қ. Қашық жастайынан бәрін тиянақты, үлкен талпыныспен орындауға үйренген. Ол педагогикалық институтты да үздік бітіріп, Семізбұғы орта мектебіне оқу бөлімінің меңгерушісі қызметіне жіберіледі, бір жыл өткен соң осы мектептің директоры болады.

Ш.Қ. Қашық он жыл бойы – 1948 жылдан 1958 жылдың тамызына дейін директор қызметін атқарды. Осы уақыт ішінде Семізбұғы орта мектебі аудандағы үздік мектептердің бірі болды, нығайды, оның материалдық базасы жақсартылды, жігерлі жас директордың талпынысымен ұйымшыл педагогикалық ұжым қалыптасты. Осы табыстары облыстық халыққа білім беру бөлімінің басшылығымен ескеріліп, Ш.Қ.Қашық аудандық білім беру бөліміне меңгеруші болып тағайындалады. Екі жылдан кейін Алматыда

Қазақстан мұғалімдерінің III съезінің делегаты бола жүріп, ол білім саласында сіңірген еңбегі үшін «Еңбектегі ерекшелігі үшін» медалімен марапатталады.

Қазақ КСР Кеңес Одағының сол кездегі ең табысты дамып келе жатқан республикаларының бірі болды: оның әлеуеті нығая бастады, өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы қарқынды дами бастады. Қазақстан ғылымы үлкен табыстарға жетті.

Жас әрі менмен басшы - Ш.Қ. Қашықтың жүрегінде ғалым болу, Отанына экономика саласының маманы ретінде қызмет ету арманы ұялады. Балалары өсіп келе жатқан отбасының отағасы бола жүріп, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің саясат экономикасы кафедрасында сырттай аспирантураға түседі де, диссертациялық жұмысына Қазақстанның ұлттық табысын өндіру және тарату тақырыбын тандап алып, өзі үшін жаңа пәнді зерделеуге үш жыл уақытын жұмсайды.

Ол қазақстандық ғылымның мэтрларынан – академик С.Б. Бәйішев, профессорлар С.Нейштадт, В.Н.Пуриц, А. Әшімбаевтардан білім алады. 1963 ж. желтоқсан айында аспирантурадағы оқуын аяқтап, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алуға дайындалған диссертациясын қорғауға ұсынып, сәтті қорғалады.

Жас ғалымды ЖОО ғылыми-педагогикалық қызмет күтіп тұрды және ЖОО анықталды. Ол Қарағанды политехникалық институты болды, оны сол кезде ең жас ректор Әбілқас Сағынұлы Сағынов басқарып тұрған.

Ш.Қ. Қашық аға оқытушы ретінде саяси экономика кафедрасының штатына енді, сосын доценттік лауазымға ауысты, КСРО ЖАК диссертациялық жұмысын бекіткен соң, кафедра доценті болды. 1965 жылы ол кафедра меңгерушісі болып тағайындалды.

60-70 жж. ортасы шаруашылық механизм реформаларымен, ырғағынан жаңылған әкімшілік-командалық жүйеге жаңа импульс беру әрекеттері байқалғанына көңіл аударған жөн. Бұл кезең жоғары білімді мамандарды экономикалық даярлауды жетілдіруге және экономикалық пәндер бойынша жаңа оқу бағдарламаларын құрастыруға қызығушылықтың артуымен әйгілі болды. Қоғам жаңа идеяларға, осы идеяларды алға жетелейтін және оларды практика жүзінде енгізетін білімді және бастамашыл мамандарға зәру болды.

Осындай жағдайларда жоғары оқу сапасына (оның ішінде экономикалық) талап күшейді. Кадрлық әлеуетті күшейту мақсатында Ш.Қ.Қашық бар мүмкіндікті жасады: жас оқытушыларды Киевке, Мәскеуге, Алматыға аспирантураға, біліктілігін арттыру институттарына оқуға жіберді, ғылыми зерттеумен айналысуға қызығушылығын оята отырып, олармен жұмыс істеді. Осындай күш-жігер нәтиже бермей қоймайды. Бірнеше жылдан кейін, 1970 жылға қарай саяси экономика кафедрасы өңірдегі туыстас кафедралардың социалистік жарыстарында үздіктердің бірі болып танылды, халықаралық тасымалдау тиімділігін 100 мың сомға (сол кездерде бұл үлкен сома) анықтау жөніндегі ғылыми-зерттеу тақырыбын орындау бойынша қол қойылған келісім-шарт және жоғары дәрежеге ие болған ұйымшыл жұмысқа қабілетті ұжым болды.

Кафедра оқытушылары бүкілодақтық және Республикалық ғылыми-теориялық конференцияларға қатысты, өз жұмыстарын Алматыда, Мәскеуде, Ленинградта жариялады. Ш.Қ.Қашық ҚПТИ ректоры Ә.С. Сағыновтың қолдауымен оқытушыларға және студенттерге кеңес беруге, әрі дәріс оқуға Алматыдан А.Қошановты, В.Н.Пурицаны; Мәскеуден Н.В. Козодоевты және т.б. шақырды.

1976 ж. жоғары біліктілікті мамандарды даярлау бойынша жемісті ғылыми-зерттеу қызметі үшін Ш.Қ. Қашық «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды, ал 1980 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы оның еңбегін ҚазКСР ЖК Құрмет Грамотасымен атап өтті. Жоғары білім саласындағы еңбегінің осындай жоғары бағасы 1985 жылы оның алпыс жасқа толу құрметіне - республика Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен атап өтілді.

Он жылға жуық (1973-1983 жж.) Ш.Қ. Қашық мемлекет пен кәсіпорын арасында ұлттық табысты тарату жөнінде ең қызықты ғылыми тақырыптың бірін жасады, ол оның докторлық диссертациясының тақырыбы болды.

1984 ж. Ш.Қ. Қашық өзінің докторлық диссертациясын Ташкент мемлекеттік университетінде қорғады. Сол уақытқа қарай олар үш монография, бірнеше ондаған мақалалар жариялады.

Кафедрада ғылыми-зерттеу зертханасы құрылды, онда 1972 жылдан бастап ҚазКСР Автокөлік министрлігімен, КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігімен, КСРО Мемлекеттік құрылысымен, еңбек БҒЗЖИ және т.б. отырылған келісім-шарттар бойынша ғылыми-зерттеу тақырыптары жасалды.

Кафедра КСРО ҒА УҒО экономика институттарымен, КСРО ҒА Солтүстік Батыс бөлімінің экономика институтымен ғылыми ынтымақтастық жүргізді. Ғылыми есепті тапсырушылар ұйымдарына тапсырылды және РФ орталық кітапханасының қорларында сақталады.

Ш.Қ. Қашық уақытының көп бөлігін студент жастармен және жас оқытушылармен жұмыс істеуге бөлді.

Экономикалық теория курсының түбегейлі жаңаруы оны мойытқан жоқ: 1997 жылдан 2004 жылға дейін техникалық және экономикалық мамандық студенттері үшін үш оқулық шығарды (олардың екеуі мемлекеттік тілде). Студенттердің оның жетекшілігімен дайындаған ғылыми баяндамалары облыстық, республикалық және республика аралық конкурстарға ұсынылды.

Ш.Қ. Қашық ауылдан келген жастарға ерекше қызығушылық пен қамқорлық білдірді. Ол ауылдық аудандарда он жылдан астам мұғалім, ал кейін мектеп директоры және Аудандық ХББ меңгеруші болып жұмыс істегенде, кейде жас адамдар қалаға, ЖОО әсіресе, техникалық оқу орнында, қандай қиыншылықпен бейімделетінін, олардың тәлімгерге, кейде өздерінің мүддесін қорғаушыларға қалай зәру екендігін бәрінен жақсы білетін. Шағатай Қашықұлы өзінің ғылым докторы және профессор дәрежесіне қарамастан, жатақханалардағы кезекшілікке, қайта құрудың, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелерін насихаттау мен талқылауға қатысатын.

Қателерін ұқыпты және тәсілмен нұсқай білуі, анағұрлым әлсізді төмендетпей, моральдық жағынан төмендетпей тәлім беру Ш.Қ.Қашықтың мінезінің басым сипаты болды. Ол жалқа, жұмыстан қашқақтайтын, адал емес адамдарға қатал, аяусыз болды, бірақ өзінен ақыл-кеңес сұрағандарға көмектесуден бас тартқан емес.

1991 жылы Ш.Қ. Қашық кафедра меңгерушісі орнын денсаулығына байланысты тастай отырып, кафедра профессоры ретінде жұмысқа ауысты. Бұл оның кәсіби қызметінде айтарлықтай өзгерістер болғандығын білдірмейді. Керісінше, оның барлық энергиясы оқу процесіне, кафедраның оқу-әдістемелік семинарының жұмысына бағытталды. Экономикалық теория оқытушыларының оның экономикалық теорияны оқыту мәселесі, оқыту әдістемесінің, мемлекеттік тілде оқыту топтарындағы оқу жұмыстарының ерекшеліктері туралы мәселелері бойынша сөйлеген сөздері естерінде.

Осы кезеңде Ш.Қ. Қашық кандидаттық диссертацияларды қорғау жөнінде мамандандырылған Кеңестің мүшесі болып сайланады да, (1998 ж.) Еуразия халықаралық экономикалық Академиясының академигі болады, мемлекеттік тілде гуманитарлық пәндер бойынша оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер дайындау жөніндегі әдістемелік кеңесті басқарады, аспиранттар мен ізденушілерге кеңес береді.

Ол кафедраның оқу-әдістемелік семинар жұмысына шақырылу орталығы және қала мен облыс ЖОО барлық ғылыми форумдарында қалаулы қонақ; ол өз білімі мен тәжірибесін жастарға жомарттықпен бөліседі және қала мен облыстың қоғамдық өміріне белсене араласады. Оны Қазақстан халқы кіші Ассамблеясының мүшесі етіп сайлайды, 2004 жылы Қарағанды қаласының Құрметті азаматы атағы – бұл сексен жасқа толуына бір жыл қалғанда беріледі!

Қашық Ш.Қ. өз Отаны – Қазақстанның патриоты болды, қазақ халқының тарихын өте жақсы білді және өз тыңдаушыларының шынайы қызығушылығын тудыра отырып, өз білімімен шын жүрегімен бөлісті. Ол Президент Н.Ә.Назарбаевты қайта сайлау бойынша сайлау компаниясына қатысты.

Оның еңбектегі және ғылымдағы өмірбаяны, өмір салты – еңбек, мақсатқа жетудегі табандылық, барлық өмір жолында ризашылық сезімі мен қоршаған ортаға төзімділік, оның барлық істерінен байқалатын патриотизм – өзінің өмірлік таңдауын анықтайтын жасөспірімдер үшін тамаша үлгі.

Ш.Қ. Қашық 2006 жылы 12 ақпанда мәңгілік сапарға аттанды. Қырық жылдан астам еңбек еткен кафедрасы – экономикалық теория кафедрасына ғалымның есімі берілді. Қарағанды қалалық мәслихатының ономастика жөніндегі Комиссиясы Қарағандының Құрметті азаматының, Ұлы Отан соғысының ардагерін, экономика ғылымдары докторын, профессорды МЕАЕ академигі Ш.Қ. Қашықтың тұрған мекен-жайы – Ермеков көшесі, 73-ші үйде мемориалдық тақта орнатып, мәңгілік естелік қалдыруға шешім қабылдады. Бұл мемориалдық тақта 2007 жылы қарашада ашылды, кейін 2008 жылы желтоқсанда ҚарМТУ Кеңесінің шешімімен қазақ халқының осы қасиетті ұлы, патриоты, ғалымы және педагогына естелік ретінде Ш.Қ.Қашықтың мемориалдық тақтасы IV-ші корпусқа ЭТ кафедрасының (қазіргі кезде КМ) жанынан ашылды.



Профессор Шевцов Е.И. – металлург, ғалым, ұстаз

*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
т.ғ.д., профессор
С.Б. Күзембаев*



*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
ММ және Н кафедрасының доценті
Л.С. Купнис*

Евгений Иванович Шевцов 1910 жылы Украинада шаруа отбасында дүниеге келген. 1926-1928 жж. азаматтық соғыстан кейінгі халық шаруашылығының күйреуінен болған жұмыссыздық кезінде жұмыс іздеп, Аргентинаға қоныс аударды, онда мал өсіру шаруашылығында ауыл шаруашылық жұмысшысы (ковбой) болып еңбек етті.

Отанына қайта оралғаннан кейін Евгений Иванович Днепропетровск политехникалық институтына «Қара металдар металлургиясы» мамандығы бойынша жұмысшы факультетіне түсті.

1934 жылы институтты жақсы аяқтағаннан кейін, ол Краматор машина жасау зауытына жолдама алады, онда жұмысын қорыту шебері лауазымынан бастап, кейін құю цехының инженер-технологы болады. Мұнда ол сауатты маман және жұмысшы ұжымының білікті жетекшісі ретінде тез танылады.

Ұлы Отан соғысының бас кезінде Евгений Иванович Сталинград трактор зауытына іссапарға жіберіледі, болат құю цехының болат қорыту бөлімшесінде мастер және технолог болып жұмыс істейді. Соғыс кезінде қиын жағдайларда зауыттың өндірісте қалған аздаған мамандарының ішінде Евгений Иванович зауыттан шығарылатын танктер мен басқа әскери шынжыр табан машиналарға арналған шынжыр табандар (трактор) буындарын өндіру мен сапасын арттыру технологияларын жетілдірудің күрделі мәселелерін шешті.

1942 жылы мамандар тобының құрамында Е.И. Шевцов Самарканд кентіне (қазіргі Теміртау қаласы) жіберілді, онда еліміздің батыс аймақтарынан қоныс аударған кәсіпорынды жабдықтау базасында Қазақ металлургия зауытының құрылысы басталды. Мұнда оған құю цехының құрылысы мен іске қосылуына қатысуға және оның бастығы болуға тура келді. Мартен цехы (онда бірінші қорытпа 1944 жылы 31 желтоқсаннан 1945 жылдың 1 қаңтарына қарай

жана жыл түні алынды) іске қосылғаннан кейін, ол мартен пешінің бастығы болып тағайындалды.

1952 жылдан бастап Евгений Иванович Қазақ металлургия зауыты техникалық бөлімінің бастығы болды.

Өндірістік қызметімен қатар Евгений Иванович бірнеше жылдар бойы мартен қорытпаларының технологиялық процестерін жетілдіру және тиімділігін арттыру жолдарын іздеу жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы зерттеулер барысында олар шегендеуді жөндегеннен кейін пештерді жұмысқа дайындау уақытын айтарлықтай қысқартуды қамтамасыз ететін мартен пештерінің табандықтарын жеделдетіп пісіру әдісін тауып, өндіріске табыспен енгізді. Евгений Ивановичтың қатысуымен әдіс КСРО қара металлургияның барлық кәсіпорындарына таралды, бұл халық шаруашылығының тиімділігін айтарлықтай арттырды. Осы жұмыстың нәтижелері оның техника ғылымдары кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін даярланған диссертациясының негізіне жатқызылды.

1967 жылы Е.И. Шевцов қазақстандық және уралдық металлург-мамандар ішінде техника саласында – мартен пештерінің табандықтарын жеделдетіп пісіру әдісін жасап, игергені үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды.

Диссертациясын қорғағаннан кейін 1954 жылы Евгений Иванович бір жыл бұрын ашылған Қарағанды тау-кен институты басшылығының шақыруымен оқытушылық жұмысқа ауысады.

Оған өзі ұйымдастырып, басқаруға берілген «Металдар технологиясы» кафедрасында жас ЖОО студенттеріне жалпы техникалық пәндер циклін оқыту міндеті жүктелді. Бір мезгілде Евгений Ивановичты тау-кен факультетінің деканы, ал кейіннен бірнеше жылдар бойы ол механика-технологиялық факультеттің деканы етіп тағайындайды.

ЖОО жұмысының алғашқы күндерінен бастап Евгений Иванович Қазақстанның дамып келе жатқан металлургиясы мен машина жасау саласы үшін инженер кадрлады даярлау жөніндегі жұмысына белсене кірісті. Өзінің ұйымдастырушылық талантын, маман эрудициясын, баға жетпес өндірістік тәжірибесін ол оқытушылық, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмсады.

Ұйымдастырушылық қабілеті мен белсенді жұмысының арқасында Е.И. Шевцов қысқа мерзімде кафедрада жұмысқа қабілетті, ұйымшыл педагогикалық ұжымды ұйымдастыра алды, ол оқу процесінің материалдық базасы мен әдістемелік қамтамасыз етілуін қалыптастырып қана қоймай, зерттеу жұмысына да араласты. Қарағанды мен облыстың металлургия және машина жасау кәсіпорындарымен тығыз байланыс орнатылды.

1958 жылдан бастап кафедраға инженер-металлургтарды, ал 1961 жылдан бастап құюшыларды даярлауды ұйымдастыру тапсырылды.

Осы жылдары Е.И. Шевцов арнайы пәндерді оқыту үшін кафедраға жоғары білікті инженер-практиктерді – белгілі домна инженері, металлургия комбинатының бас инженері болған Л.Г. Шумаковты, құю цехының бұрынғы бастығы С.С. Раковты, талантты металтанушы, бірегей беріктігі жоғары

болаттың авторы В.Г. Кречмерді, тамаша металтанушы және педагог, кейін кафедрада 30 жылдан астам жұмыс істеген А.Ф. Белякованы, металдарды қысыммен өңдеудің мамандары Н.Х. Дәуілбеков және О.С. Меңдібаевтарды, құю өндірісінің технологы Д.О. Манинді шақырады.

Евгений Иванович ғұмыр бойы білгір және ешқашан көмегін аямайтын оқытушы, әрі қатал, бірақ әділ, қамқор декан ретінде студенттердің құрметіне бөленді.

ҚӨ-62-2 құюшылар тобында Қазақстан Республикасының болашақ Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев оқуын бастағандығын атап өткен жөн. Ол кейін Теміртау қаласында ЖТОО зауытына ауысып кеткенімен, өзінің білімін алғашқы «Шойын металлургиясы» мамандығы бойынша аяқтады, Н.Ә.Назарбаев Қарағанды металлургиялық комбинатында және партияның Қарағанды облыстық комитетінде жұмыс істей жүріп, Евгений Иванович туралы әрқашан жылылықпен еске алатын, оны өзінің ұстазы деп атайтын.

1964 жылы кафедра құю өндірісі және металдар технологиясы кафедрасы болды. Е.И. Шевцов өндірісшілер мен ғылыми қызметкерлер арасындағы жеке байланысына сүйене отырып, олардың білімі мен тәжірибесін кафедрадағы оқу процесі мен ғылыми жұмысын жетілдіруге пайдаланды.

Жыл сайын дәрістер оқу мен кеңестер беру үшін оның шақыруымен кафедраға құю өндірісінің жетекші мамандары Мәскеуден, Челябинскіден, Ленинградтан, Омбыдан келді. Бауман атындағы МЖТУ, МБжәнеҚИ, Урал, Челябинск мен Омбы политехникалық және еліміздегі басқа да бірқатар институттардың туыстас кафедраларымен тұрақты байланыстармен және ақпараттармен алмасу жолға қойылды. Жеке курстар бойынша дәрістерді Химия-металлургия институтының жетекші ғылыми қызметкерлері ҚазКСР ҒА академиктері В.В.Михайлов және В.К.Грузинов, институттың басқа да қызметкерлері оқыды.

1963-1965жж. кафедрада оқитын студенттер санының артуына байланысты оның ұжымын жас мамандар – кафедраның, сондай-ақ Мәскеу болат және қорытпа институтының, Одесса политехникалық институты мен еліміздің басқа да институттарының түлектері толықтырды.

Шевцов Е.И. жас оқытушылар кадрының қалыптасуына, олармен өзінің мол инженерлік, педагогикалық, тұрмыстық тәжірибесімен бөлісе жүріп, белсенді ықпал етті. Соның бастамасымен және институт ректоры, академик Әбілқас Сағынұлы Сағыновтың қолдауымен кафедраның жас оқытушыларын, олардың ғылыми біліктілігін арттыру мақсатында, мәскеулік және ленинградтық ЖОО аспирантурасына жіберілді. Аспирантураны бітіріп, кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін олар кафедраның оқытушылар құрамын толықтыра берді. Бұл практика кейінгі жылдары да тиімді пайдаланылды.

1970 жылы Евгений Ивановичке құю өндірісі бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

Зерттеу жұмыстарының шебі кеңейіп, кафедрада жеке ғылыми мектебі қалыптасқан сайын Евгений Иванович аспирантураны ашуға және біздің институт кеңесінде құю өндірісі бойынша кандидаттық диссертация қорғауды

қабылдау құқығына қол жеткізді. Бірнеше жылдар бойы кафедраның 15-ке жуық қызметкері мен Қарағанды, Теміртау, Павлодар кәсіпорындарының мамандары құю өндірісінің өзекті мәселелері бойынша аспирантурадан немесе ізденуден өтіп, табыспен қорғап шықты.

Е.И. Шевцов бірнеше жыл машина жасаушылардың ғылыми-техникалық қоғамының Қарағандыдағы бөлімшесінің құю секциясының ауыстырылмайтын төрағасы болды. Осы орында ол құюшылардың көптеген республикалық және облыстық ғылыми-техникалық конференцияларын ұйымдастырушы және басшысы болды, оған Қарағанды кәсіпорындарының, ғылыми және оқу ұйымдарының қызметкерлерінен басқа, республикамыздың басқа да қалаларынан, сондай-ақ Мәскеуден, Украинадан, Белоруссиядан, Өзбекстаннан мамандар қатысты. Сонымен қатар, ол бірнеше бүкілодақтық және екі халықаралық құюшылар съезіне қатысты.

Евгений Иванович Шевцов механика-технологиялық факультеттің деканы бола жүріп, машина жасау және пісіру өндірісі технологиялары кафедрасының да қалыптасуы мен дамуына, олардың оқытушылар құрамын толықтыру үшін мамандар тауып, шақырып, көп күш жұмсады. Ол біздің аймағымыздың кәсіпорындары мен Қазақстан үшін тұтастай құюшы инженерлік кадрлар даярлауда көп істер атқарды. Оның белсенді араласуы мен ықпалдасуы арқасында Теміртау мен Павлодарда құю өндірісі кафедралары құрылды, оларға қалыптасу кезінде әдістемелік жұмыста, оқу құралдарымен және арнайы әдебиеттермен, т.б. қамтамасыз етуде қажетті көмек көрсетілді, олардың оқытушылық ұжымдары, көбінесе олардың шәкірттерімен – Қарағанды политехникалық институтының түлектерімен толықтырылды.

Е.И. Шевцовта тамаша дәріскерлік шеберлік болды. Оның дәрістері студент тыңдаушылар мен жас оқытушы-тыңдаушылардың қызығушылығын тудыратын, оқу материалдары әрқашан өмірден, өндірістен, ғылымнан алынған жанды, бейнелі мысалдарға бай болатын. Оның педагогтық ұстанымы студентке білім беру ғана емес, сондай-ақ оны талдай білуге, осыған орай шаблондар мен догмаларды басшылыққа алу емес, дұрыс ойлауға сүйенуге үйретті.

Ол болашақ мамандарды практикалық даярлауға және олардың техникалық ой-өрісін кеңейтуге көп көңіл аударды. Өзінің осы мәселеге үнемі көңіл аударуының арқасында ол кафедрада студенттердің өндірістік практикаларын ұйымдастыруға өте жауапты және асқан дәлдікпен қарады. Оларды өткізу үшін еліміздің анағұрлым алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бірқатарымен тығыз байланыс орнатылды, соның көмегімен студенттер ең жаңа технологиялар мен жабдықтарды іс жүзінде үйренуге мүмкіндік алды.

Біздің институтымыздың құюшы-студенттерінің командасы 1982 жылы Запорожьеда өткізілген құю өндірісі бойынша Бүкілодақтық студенттер олимпиадасында орталық ЖОО бірқатар командаларын басып озып, екінші орын алуы тегін емес (осы команда мүшесінің бірі О.А.Шарая – қазір МФ деканы болды).

Өздерінің кәсіптік шеберлік шыңына бастар жолдарын Евгений Ивановичтің жетекшілігімен бастаған біздің университеттің қазіргі басқарушы

қызметкерлері мен оқытушылары өздерін соның шәкірттері деп санауға құқығы бар. Бұлар – бірінші проректор Исағұлов А.З., оқу ісі жөніндегі проректор Егоров В.В., машина жасау факультетінің деканы Шарая О.А., металлургия, материалтану және нанотехнология кафедрасының профессорлары Күзембаев С.Б., Исин Д.Қ. және Манжурин И.П., доценттер Жөкебаева Т.Ж., Канунникова С.Г., Әлжанов М.Қ.

Кафедраның он түлегі - доктор, 60-тан астамы техника ғылымдарының кандидаттары болды.

Евгений Иванович салауатты өмір салтының белсенді жақтаушысы және насихаттаушысы болғандығына ерекше тоқталған жөн. Ол темекі шекпейтін, алкоголь сусындарын қолданған жоқ деуге болады. Жас кезінде спортпен айналысқан, бұл өзінің айтуынша, соғыс жылдарында оның басына түскен физикалық және моральдық ауырпалықтарды арқалап шығуға көмектесті. Қарағандыда ерте көктемнен қара күзге дейін қала саябағындағы көлге үнемі суға түсіп жүрген, ал қыста жас оқытушы әріптестерімен қатар Н.Әбдіров атындағы Спорт сарайында бассейнде жүзетін және онда 7 метрлік биіктіктен секіретін, оған ғалымнан анағұрлым жас дегендердің көбінің батылы бара бермейтін. Қартайған шағында да тамаша дене бітімін сақтады, өте сирек ауыратын, қыста фуражкамен жүретін, құлақшын кимейтін. Көп уақыт ол велосипедпен ұзақ сапар шегетін. Әбден қартайған кезіне дейін жаяу жүру әдетін сақтай жүріп, политех пен медицина институтының оқытушыларының арасындағы қатарластарын бірнеше рет өзіне еліктететін. Олардың Гоголь көшесінен саябаққа қарай бағытталған компаниясын, ауа райының кірпияздығына қарамастан, әрбір жексенбі сайын кездестіруге болар еді. Ол қарағандылық «Шахтердің» жанкүйері болатын, әрқашан белсенді түрде институттағы спорт жаңалықтарына қызығушылық танытатын, факультеттік және кафедралық спорт командаларының жарыстарын құмарта қарайтын.

Евгений Иванович 1985 жылға дейін кафедраны басқарды, осыдан кейін кафедрада профессор лауазымымен 1992 жылы зейнеткерлікке шыққанша жұмыс істеді.

Ол 1996 жылдың қаһарлы ақпанында өмірден өтті. Оны кафедралар мен университет қызметкерлері, Қарағанды және Теміртау қалаларының кәсіпорындары мен ғылыми ұйымдарының қызметкерлері соңғы сапарға шығарып салды.

Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ ТМД және алыс шетелдердің көптеген қалаларында Қарағанды «политехінде» Евгений Иванович Шевцовтан инженер мамандығына жолдама алғандар және оны осы күнге дейін мамандықта да, өмірде де өзінің ең басты ұстаздарының бірі деп санайтындар тұрып, еңбек етіп жатыр.

Квон С.С. – ғалым, педагог, ұйымдастырушы

*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
ПҚКҚ кафедрасының меңгерушісі,
т.ғ.д., профессор
Т.К. Исабек*

Сергей Сын-Гувич Квон 1923 ж. 17 тамызда Қарағандыдан мыңдаған километр жердегі Ресей Федерациясы Приморье өлкесі Посьет ауылында шаруа отбасында туған. Корейлерді әділетсіздікпен өз елдеріне жаппай қайтару нәтижесінде ол және оның отбасы Қазақстанға келеді. Соғыс басталып, тым жас Сергей Квонды еңбек әскеріне алып кетеді. Ол орманды сұлатудың не екенін көзбен көріп, бір тілім қара нанның нағыз құнын білді. Бірақ жарқын жандар жас жігіттің қабілетін, оның оқуға деген талпынысын байқап, оның Мәскеуге институтқа баруына көмектесті. Сергей Квон тау-кен саласын таңдап алды. Бес жыл бойы ол тау-кен пәндерін қызығушылықпен меңгерді. Оның ғылымға деген сүйіспеншілігі, жаңалыққа ұмтылысы осы жерде оянды.

Мәскеу тау-кен институтын аяқтағаннан кейін 1948 ж. бастап Квон С.С. Қарағанды көмір бассейніне жіберілді, онда бассейн шахталары мен көмір тресінде түрлі инженер-техникалық лауазымдарда жұмыс атқарды.

1957 ж. Квон С.С. Қарағанды тау-кен техникумына оқытушылық жұмысқа, кейінірек политехникалық институтына «Пайдалы қазбалардың кен орындарына қазба жүргізу» кафедрасына ауысады. Ол мұнда ғалым ретінде, шахта алаптарын ашу және дайындау жөніндегі маман ретінде қалыптасты.

1960 жылы оны өзінің көмір шахталарын жобалау мәселелері бойынша болашақ идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іссапарға – «Қарағандыгипрошахт» институтына іссапарға жібереді. Мұнда ол жаңа типті, көмір өндіру және қайта өңдеу жөніндегі процестердің жоғары механикаландырылған және автоматтандырылған шахта жобасымен жұмыс істейді. Жоба сол кездің ең прогресті техникалық және технологиялық шешімдерін өзіне сіңірді. С.С. Квон жобада оларға жаңадан ұсынған, тілігі бар және лаваның артына қазба жасалған қатпарларды қысқа тазартым забойларымен алу технологиясын пайдаланды. Қысқа лавалармен алу үшін бірегей тазарту техникасы ұсынылды. Бұл – жобалаушы-инженер С.С. Квонның көптеген ойлары мен идеяларының бірі.

1965 ж. С.С. Квон кандидаттық диссертациясын қорғайды да, 1967 ж. Қарағанды политехникалық институтына ғылыми-педагогикалық жұмысына қайта оралады.

1971 ж. А.А. Скочинский атындағы (Мәскеу қаласы) ТИИ Квон С.С. докторлық диссертациясын қорғайды. 1973 жылы оған профессор ғылыми атағы берілді.

Оның іргелі ғылыми еңбектері, ТМД елдеріндегі мамандар арасында кеңінен танымал болған ҚР ҒА академигі Ә.С.Сағыновпен және ҚР ҒА корреспондент-мүшесі К.Н.Әділовпен бірлесіп жазған «Көмір шахталарының

технологиялық сұлбаларын талдау және оңтайландыру әдістері» және «Көмір шахталарының технологиялық сұлбаларын оңтайландыру» монографиялары жобалаушылар, аспиранттар мен тау-кен инженерлері үшін құнды құрал болды, жана математикалық әдістерді көмір шахталарында тау-кен өндірісін жобалау және жоспарлау кезінде технологиялық мәселелерді шешуде қолдануға ықпал етті.

С.С. Квон КСРО Химия өнеркәсібі министрлігінің, ҚазақКСР ЖОО министрлігінің, «Қарағанды көмір» ӨБ салалық зертханаларының ұйымдастырушысы және ғылыми жетекшісі болды. С.С. Квонның ғылыми жұмыстары пайдалы қазбалардың қатпарлық кен орындарын жер асты өндірудің негізгі мәселелеріне – шахта алаптарын ашу және дайындау тәсілдерін көмір шахталарының технологиялық сұлбасын талдау және синтез әдісімен жетілдіруге; олардың параметрлерін оңтайландыруға және көмір шахталарын жобалауға; тазарту жұмыстарын механикалаудың технологиялық сұлбасы мен құралдарын жетілдіруге және тау-кен жыныстарын физика-химиялық беріктендіруге, қазылған кеңістіктерді толтырмалауға; Қарағанды бассейнінің шахта қорын қайта құрылымдау мен диверсификациялауға; тау-кен кәсіпорындарын жобалаудың автоматтандырылған жүйелеріне арналған.

Осы зерттеулер тау-кен ғылымына айтарлықтай үлес қосты және жобалаудың, аршудың, сондай-ақ шахта алаптарын жаңа прогресті бағыттармен дайындаудың ғылыми негіздерін байытты.

Квон С.С. алғашқы «Қарағанды бассейнін 1965-1985 жылдар кезеңінде игеру мен дамытудың іс жүзіндегі шахта қорын қайта конструкциялаудың кешендік жобаларының» авторы болды. Осы жобалар жоғарғы бағаға ие болып, оны КСРО Мемлекеттік жоспарындағы отын өнеркәсібі жөніндегі Мемлекеттік комитет Қарағанды бассейнінің одан әрі дамуының негізгі техникалық бағыты ретінде бекітті. «Кешенді жоспарлардың ...» негізгі шешімін жүзеге асыру Қарағанды бассейнін тиімді игеруде және шахталардың жоғарғы техника-экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізуде үлкен рөл атқарды. Бұрынғы «Қарағанды көмір» ӨБ тапсырмасы бойынша соның жетекшілігімен «Қарағанды бассейнінің 2005 ж. кезеңіне дейін кешенді және оңтайлы дамуының ғылыми-техникалық негіздері» жұмысы орындалды.

Өндіріс концентрациясында, «шахта-лава» принципін жүзеге асыру, шахта алаптарын аршу және дайындау тәсілдері, өндіру жүйелерін жетілдіру, Қарағанды бассейнінде қазып алу учаскесінің жүгін ұлғайту табыстарына қол жеткізуде С.С.Квонның ғылыми зерттеулері, практикалық дайындамалары мен ұсыныстары айтарлықтай рөл атқарды.

Олар 200-ден астам ғылыми мақала, 17 монография жариялады, өнертабысқа 65 авторлық куәлік алды. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін профессор Квон С.С. тау-кен бейінді мамандарды даярлауда кеңінен пайдаланды.

С.С. Квон жастармен, студенттермен, аспиранттармен, олардың бастамаларын шектеместен, шығармашылық ізденісте жаңа идеяларын, бағыттарын қолдай отырып, көп жұмыс жасады. Ол Абайдың «Ғылымды анасы

туған ұлын сүйгеніндей сүю керек, сонда ғылым да саған жауап береді» деген сөздерін студенттердің есіне жиі салатын.

Оның тау-кен өндірісінің жоғары білікті ғалымдары мен мамандарын даярлауда еңбектері зор. Олардың ішінде Дрижд Н.А., Президент Г.М., Перзадаев М.А және т.б. сияқты белгілі ғалымдар және ірі мамандар мен басшылар бар. Оның жетекшілігімен 29 диссертация, оның ішінде 5 докторлық жұмыс дайындалып, қорғалды.

Сергей Сын-Гувич Квон – ғалым-азамат. Ол әрқашан бассейнің өзекті міндеттерін шешу үшін өзінің мәселе түсінігін, өзінің ғылыми-техникалық тәсілдері мен ұсыныстарын ынтыға, сендіре қорғайтын. Соңғы жылдары өндірудің төмендеуі мен бірқатар шахталардың жабылуына байланысты бассейнде болып жатқан бұзылу процестері оның жанына бататын. Бұл түсінікті де. Оның көз алдында көмір аймағы қарқынды дамыды және ол сырттан бақылаушы емес, ең белсенді құрылысшы, осы қамтушы, жасампаз процестің көшбасшысы болды. Азаматтық сана-сезімі мол Сергей Сын-Гувич облыстық баспасөз арқылы жалғыз өзі қауымдастыққа, облыс пен республика ағаларына бассейн тағдырын айтып дабыл көтерді. Ол кәсіби ғалым ретінде дағдарыс жағдайынан минимум шығындармен шығуға, бассейнің одан әрі құлдырауына жол бермеуге көмектесетін нақты шешімдерді ұсынды.

С.С.Квон Қазақстаннан тыс алыс жерлерде өзінің еңбектерімен белгілі. Ол докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау жөніндегі бірқатар диссертациялық Кеңестердің мүшесі болды (Мәскеу қаласы, МРТУ Новосибирск қаласы МРТУ, КСРО ҒА ТИИ СО), Ресей мен Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің тау-кен білімі бойынша оқу-әдістемелік кеңесінің мүшесі, «ЖОО хабарлары» журналы редакция алқасының мүшесі болды (Екатеринбург қаласы).

Оның жоғарғы білгірлігі, педагогтық іскерлігі, мамандығы оны әріптестері мен студенттердің шынайы құрметіне бөледі. Егер оның азаматтық қасиеті туралы айтсақ, онда қайырымдылығы, қарапайымдылығы, адамға көмектесуге дайындығы ең алдымен тұратын еді.

Ол елінің патриоты болды, халқының тарихын, дәстүрлерін, корейлердің ғана емес, тіпті қазақтардың да шығу тегін жақсы білді. Ол жастарды жақсы көрді, оларға білім беруге дайын тұрды, талап қоя білді. Студенттердің оның жетекшілігімен орындаған курстық жұмыстары, оқу бітіру жұмыстары ерекше сапасымен, практикалық және ғылыми құндылығымен, дұрыстығымен ерекшеленетін.

С.С. Квонның еңбегі жоғары бағаланды: «Шахтер даңқы» белгісінің толық кавалері, ғылым бойынша ЖОО министрлігі Сыйлығының лауреаты; басқа да үкіметтік және салалық марапаттары оның тау-кен ғылымы мен білімін дамытуға қосқан үлесін көрсетеді. Оның есімі университеттің Құрмет кітабына енді.

Көрнекті ғалым, әрі педагог Квон Сергей Сын-Гувичтің өмірі мен қызметі студент жастардың еліктеуіне тамаша үлгі.

2008 жылы 2-ші корпусстың 3-ші қабатына, ПҚКҚ кафедрасы орналасқан жерге мемориалдық тақта орнатылды.

Профессор Р.П. Окатовтың өмірі және шығармашылығы

*Қарағанды мемлекеттік
техникалық университетінің
МІ және Г кафедрасының меңгерушісі
т.ғ.д., профессор
Ф.К. Низаметдинов*

Рафаил Петрович Окатовтың өмірі – тынымсыз еңбек, адамдарға көмекке ұмтылу, ғылыми-зерттеу шығармашылығы. Әрбір адам сүйікті ісімен айналысуды, оның дамуына тікелей қатысты болуды, соңында шәкірттері мен ізбасарларын қалдыруды армандайды. Рафаил Петрович өз саласының романтигі болды: ҚарМТУ «Маркшейдер ісі және геодезия» кафедрасының дамуы мен қалыптасуына араласты, атақты ғалым болды, сондай-ақ мақтануға тұрарлықтай өмір сүрді.

Окатов Рафаил Петрович 1937 жылы 15 қарашада дүниеге келді. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1957 жылы Қарағанды институтына түседі, ал 1962 жылы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «тау-кен инженер-маркшейдер» мамандығы бойынша бітіріп, «Қарағанды көмір» бірлестігінің №35 шахтасында маркшейдер болып жұмыс істейді.

1967 жылдан бастап оның шығармашылық өмірбаяны геодезия және маркшейдер ісі кафедрасымен байланысты, онда ол сырттай аспирантураны бітіреді де, 1973 жылы Мәскеуде (ММИ) кандидаттық диссертациясын табысты қорғайды.

Аға оқытушы (1974 ж. бастап), доцент (1975 ж. бастап) болып қызмет етеді. 1985 жылы Окатов Р.П. карьер қиябетінің беріктігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу жөнінде докторлық диссертациясын қорғайды да, 1987 ж. бастап кафедра профессоры лауазымына ие болады. 1990 жылдан бастап 1998 жылға дейін маркшейдер ісі және геодезия кафедрасын басқарады.

Окатов Рафаил Петрович жоғары білікті инженер кадрларын даярлау жөнінде зор мақсатты жұмыстар жүргізді. Кафедра меңгерушісі болып істей жүріп, оқу, материалдық және ғылыми базаларды нығайтуда, оқытушылар біліктілігін арттыруда, оқу процесін жетілдіруде көп жұмыстар атқарды. Ол «Тау-кен геометриясы» пәні бойынша оқу құралының, студенттер оқитын оқулықтың, кітапшалардың және оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқаулардың авторы.

Окатов Р.П. – ашық қазба жұмыстарының маркшейдерия және геомеханика, физика-механикалық қасиеттерін зерттеу, тау-кен массивінің жарықшақтығы мен құрылымы салаларының ірі ғалымы. Олар ашық өндіру геомеханикасы бойынша 3 монография мен 150-ден астам ғылыми мақала жариялады.

Оның ғылыми дайындамалары мен Қазақстанның ірі-ірі карьерлеріндегі (Николаев, Қоңырат, Ақши Спасск, Нұрқазған, Златоус-Беловский және Саяқ, Дон, Қарағайлы, Оңтүстік Топар, Шұбаркөл, Қу Шоқы, Молодежный, Шығанақ, Қаражыра және т.б.) қиябеттері мен беткейлерінің беріктігін қамтамасыз ету бойынша көп жылдық жұмыс тәжірибесі тау-кен ісі

практикасына тұрақты беткейлердің олардың көлбеуінің максимум мүмкін болатын тік бұрышындағы беріктігін қамтамасыз ету бойынша прогрессивтік әдістерді жасап, енгізуге мүмкіндік берді. Олардың, тұрақты қиябеттердің жарықшақтық массивтерінде параметрлерді негіздеу, контурлық таспаларды өңдеу кезінде бұрғылап-жару жұмыстарын басқару және жобалық контурда кертпешті жайпақтау жөнінде жасаған әдістерін жүзеге асыру пайдалы қазбалардың кен орындарына ашық қазба жүргізу кезіндегі жұмыс тиімділігі мен қауіпсіздігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді.

Профессор Окатов Р.П. кеңінен ойлауға және табиғатта болып жатқан өзі көрген геомеханикалық құбылыстарды ғылыми негіздеуге бейімі бар, жан-жақты адам болған. Бұл олардың жасаған карьер қиябетінің беріктігінің есептік сұлбасынан айқын көрінеді, олар монографиялары мен бірқатар ғылыми мақалаларында келтірілген. Оның «Карьерлердегі көшкіндермен күрес» монографиясы – қалыптасқан ғалымның, тау-кен геометрінің еңбегі. Қазір осының нәтижесінде «Тау-кен геометриясы» немесе «Жер қойнауының геометриясы» оқулығы шықты. Ол жер қойнауларын зерделеуде зор үлес қосқан ұлы ғалым-маркшейдер П.К. Соболевскийдің мұрасын жалғастырушы бола білді.

Ғылымда қол жеткізген табыстары мен карьер қиябеттерінің беріктігін басқару саласында ҒЗР жүргізудің жоғарғы тиімділігі үшін профессор Р.П.Окатов ҚазКСР және КСРО ХШЖК көрмесінде 1988 жылы 1 және 2-ші дәрежелі дипломдарға ие болып, күміс медальмен марапатталды. 1989 жылы ол ғылым мен техника саласында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі сыйлығының лауреаты атанып, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Р.П. Окатов өзінің еңбек жолында үнемі әріптестері мен студенттерге қоятын жоғары талабын олардың тұрмысына, оқуына, бос уақытына деген күнделікті қамқорлықпен ұластырып отырды. Ол тек тамаша адам ғана емес, керемет оқытушы да болды. Тәрбиеленушілері оны өздеріне әрқашан адамгершілікпен, әрі түсіністікпен қарағаны үшін зор құрметпен және ризашылықпен еске алады. Әрине, ол өте талапшыл болды және жауапсыз студенттерді ұнатпайтын, бірақ олармен де ортақ тіл табыса білетін де, нәтижесінде олардың көбі тамаша маман болып шықты.

1999 жылы Рафаил Петрович кафедра профессоры болды. Ғалым сүйікті ісін тастамай, кафедраның білгір түлектерін тәрбиелеуді, жастарға өз тәжірибесін жеткізуді жалғастырып келеді, сондай-ақ кафедраның жана меңгерушісі Ф.К. Низаметдиновке көмектеседі. Ол кафедраның дамуында жаңа кезең енді басталған қиын кездердегі Рафаил Петровичтің кеңестері мен қолдау сөздерін есіне жиі алады.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің әскери кафедра оқытушылары

*В.И. Гуртовой., С.П. Понкратов,
Е.Н. Строков, С.В. Фомин., С.Б. Кузнецов*

18 маусымда 1953 жылы КСРО қорғаныс Министрлігінің № 1274 бұйрығымен Қарағанды тау-кен институтының базасында әскери дайындық кафедрасы құрылды. Кафедра Қарулы Күштердегі запастағы офицерлерді дайындау мақсатымен келесі мамандықтар «Дивизия артиллерия взводының командирі», ал 1958 жылы «Автожолдарда көпірлерді салу және қолдану инженері» және «Жол-құрылыс жұмыстарын механикаландыратын инженерлер» құрылды.

1964 жылы осы мамандықтар қысқартылды, ал кафедра запастағы офицерлерді «Жол-инженерлік, көпір құрылысы және инженерлік-позициялық бөлімшелері взводының командирі» және «Қаруландыру инженерлігін жөндеу, қолдану, жобалау технигі және инженері» мамандықтары бойынша дайындауға кірісті.

1980 жылы «Жол-инженерлік, көпір құрылысы және инженерлік-позициялық бөлімшелері мамандығы жабылып, оның орнына «Танк ротасының техника бөлімі бойынша командир орынбасары» атта жаңа мамандық ашылды. Ал 1981 жылы кафедра келесі мамандықтарды даярлауға көшті, олар: «Әскери және корпустық артиллериясы взводтың командирі» және «Ортаңғы танктің взводының командирі».

Бұрынғы Кеңестік Одақтық Республиканың ыдырауы нәтижесінде тәуелсіз дербес мемлекеттер құрылды. 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік заңына сәйкес 1992 жылға дейін Қазақстан жерін қамтамасыз етіп келе жатқан барлық қосымшалары мен бөліктерінің негізінде жеке өзінің Қарулы Күштері құрылды.

1992 жылы 7 мамырында Қазақстан Республикасының Президентінің «Қарулы Күштерді құру туралы» қаулысы жарияланды. Әскер қатарында электрлік арнайы құралдар бойынша мамандардың жетіспеулігінен жоғары әскери штабтың басшысының №59 бұйрығымен 10.03.2001 жылы ҚарМТУ-дың әскери кафедрасында жаңа «Бронетанклік техниканы техникалық даярлау» циклы құрылды. Олар:

- бронетанк техникаларды жөндеу және пайдалануын ұйымдастыру;
- бронетанк техникаларды автоматтандыру және электрлік арнайы құралдарды жөндеу, сонымен қатар қолдану.

Әскери кафедра 58 жыл ішінде 15000-нан астам запастағы офицерін дайындады.

Әскери кафедраның 80%-ге жуық түлектері бұрынғы Совет Одағы кезіндегідей, сондай-ақ қазіргі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің офицерлік лауазымында нақты әскери қызметін атқаруда.

Әскери кафедраны құру кезінде әскери кафедраның салтын қалыптастырған майдан офицерлерімен толықтырылған.

Бірінші әскери кафедраның басшысы В.К. Ижик болды.

Ижик Владислав Константинович 1910 жылы Хабаровск өлкесінде, Николаевский ауданы, Ново-Каменка ауылында шаруа ортасында дүниеге келді, ұлты поляк. 1929 жылы Көкшетау облысы Шучье орта мектебін аяқтады. 1931 және 1954 жылдар аралығында Қызыл әскер қатарында болды. Ұлы Отан соғысын 1941 жылы қыркүйек айында бастап 1945 жылы мамыр айында аяқтады. Офицер артиллерист. Қазіргі әскердегі соңғы лауазымы – артиллерия полкының командирі. Соңғы әскери атағы «полковник».

Полковник В.К. Ижиктің жауынгерлік өмірі туралы оның жауынгерлік марапаттары «Красное знамя», «Отечественная война», «Кутузова III степени», «Красная звезда» ордендері және көптеген жауынгерлік медальдары айтады. 1954 жылы қазан айында полковник Ижик Қарағандыға келіп, Қарағанды тау-кен институтының әскери кафедрасын бірінші басшысы болып басқаруға кірісті.

Институт басшысы Әбілқас Сағынұлымен бірге істеген жұмыстары әскери кафедрасының бірінші басшысының жұмыс істеу әдісіне, қалыптасу кезеңіне және онан арғы жұмыс істеуіне, студенттерді тәрбиеленуіне және оқу процесінің ыңғайын таба білуіне көмектесті. Осы жұмыстың жемісті және ымырасыз екенін Социалистік еңбек ері Ұлттық Ғылым Академиясының Академигі Сағынов Әбілқас Сағынұлының әскери кафедрасының басшысы Ижик Владислав Константиновичке жазған пікірінен оқуға болады.

Владислав Константинович қатал, бірақ жарқын өмір сүрді. Ол халқының болашағы мен оның гүлденуіне көп үлес қосты. Әйелі Тамара Владимировна екуі Альбина және Маргарита есімді қыздарды тәрбиелеп өсірді. Тапсырма бойынша жіберілген барлық учаскелерде жұмыс пен қызметті нақты және сапалы атқарды. Өз Отаны мен еліне шексіз адал берік болды. Бұл адамдар жайында ән айтып, аңыз бен өлең жазуға болады. Біздің болашақты осындай, полковник Ижик сияқты адамдар құрған. Тек осы адамдар үлгісімен өмір сүруіміз қажет, өзіміз, балаларымыз, тіпті немерелеріміз де.

Гуртовой Иван Иванович 1915 жылдың 14 қыркүйегінде Сталин облысы, Новочеркасск ауданы, Старо-Майорск ауылында шаруалар отбасында туған. Ұлты – украин. Сол жерде орта мектепті бітірді. Өз білімін Старо-Игнатьевск Агротехникумында жалғастырды. Ұлы Отан соғысы әрі қарай білім алуына және мамандығы бойынша жұмыс істеуіне кедергі болды.

Соғыстың алғашқы күнінен-ақ майдан даласында болды. Ол 1941 жылғы қанды майданнан, 1945 жылғы салтанатты жеңіске дейінгі, қатардағы жауынгерден, полковникке дейінгі даңқты жолдан өтті. Осы соғыстың ұлы шайқастарына қатысқаны үшін, ол 6 орденмен, және көптеген медальдармен марапатталған. Оның кеудесінде лайықты орынды келесі ордендер алды: «Боевого красного знамени», «Красной звезды», «Великой Отечественной войны», қолбасшы ордені «Александра Невского». Бұл қолбасшылық ордені даңқты офицерлік Гуртовой әулетінің негізін құраушы И.И. Гуртовойдың ұйымдастырғыштық және қолбасшылық талантын көрсетеді.

Золоев Владимир Данинович, 1922 жылдың 25 қарашасында КСРА Солтүстік-Осетияның Дигорон ауылында дүниеге келген. Қарапайым еңбек

адамының өмірбаяны. Жұмысшы факультетін бітірген. Орташа ауылшаруашылық білім алған, миллиондаған адамдар сияқты бар өмірін еңбек жолына арнамақшы болды. Алайда өмірі басқаша болды.

1941 жыл басталғанда, әлі өмірді танып білмеген жас жігіт әскери мамандықты таңдауға мәжбүр болды. 1942 жылы Әскери артиллериялық училищесін қысқартылған бағдарлама бойынша аяқтап, бірден офицер артиллерист болған Золоев Владимир Данинович қызу майданның ортасынан бірақ шықты. Жаралану, міне, осы оның әскери өмірбаяны, алайда осының артында ерліктері, марапаттары, алты әскери орден және тоғыз медаль Ұлы Отан соғысы жылдарындағы көптеген шайқастарында қатысқаны үшін берілді.

Соғыс аяқталғаннан кейін көптеген адамдар сияқты бір бөлімнен екінші бөлімге ауыса жүріп, Ленинград қаласындағы (Санкт-Петербург) артиллериялық Академияға қарасты Орталық артиллериялық курста білімін жалғастырады. 1959 жылы оны ойдағыдай аяқтап шықты. Тағы да бір қызмет орнынан басқа қызметке ауысып жүрді.

Өзінің әскери тәжірибесін жастарға беретін уақытқа келді, тағы да В.Д. Золоев алдыңғы қатарда – ол КПТИ-дің әскери кафедрасында аға оқытушы, онда ол 1973 жылға дейін қызмет етті. Қызметінен босағаннан кейін Д.В. Золоев өзінің туған жері Солтүстік Осетияға кетіп, сол жақта өзінің еңбек қызметін жалғастырды.

Оның жерлестерінің айтуынша ол тек жақсылыққа ұмтылатын тынымсыз адам болып қала берген. Сондай-ақ, ол өзінің балаларын және немерелерін, өзінің көптеген шәкірттері сияқты тәрбиелі, өнегелі етіп тәрбиеледі.

Мұндай адамның даңқы ғасырлар бойы өшпейді.

Гудзов Михаил Павлович, 1919 жылдың 16 қаңтарында Волгоград облысының Еланский ауданының Елань-Катышенский ауылында қарапайым шаруа жанұясында дүниеге келген, украин азаматы.

1921 және 1937 жылдары Еланскийдегі орта мектепте оқыды. 1941 жылдан бастап М.П. Гудзов әскердегі офицер. Михаил Павлович өзінің әскери жолын Қырым фронты құрамындағы әртүрлі қызметтерде өткізді. Оның әскери жолы «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, «Әскери еңбегі үшін» медалімен және де көптеген медальдарымен марапатталды.

Михаил Павловичтың соғыстан кейінгі кезеңі КСРО-ның ВС-тегі қызметімен байланысты. Ол қайда жұмыс жасаса да, оның еңбегін марапаттап отырды.

М.П. Гудзов өзінің педагогикалық қызметін 1959 жылдың тамызында әскери кафедрада бастады. Оның еңбегі сіңген педагог екендігін көптеген алғыс хаттары мен мақтау қағазы айқындайды. Өзінің өнегелі өмірінде Михаил Павлович Юрий атты ұлы мен Любовь атты қызын тәрбиеледі. Бұл адам өз өмірінде өнегелі із қалдырды.

Юрасов Валентин Александрович, 1924 жылы 16 қазанда Горьковский облысының Городецкий ауданының Гумнище ауылының қарапайым шаруаның жанұясында дүниеге келген. Орыс азаматы. 10 сыныптық білім алғаннан кейін еңбек қызметін бастады. Алайда бірқалыпты өміріне соғыс кедергі жасады. Жас Юрасов фронтқа асықты, бірақ военкомат өзінше шешті. Міне, жас Валя

Юрасов-Томскідегі Артиллерия училищесінің курсанты, оны 1943 жылдың қанды майданында аяқтайды. Бірден фронтқа, бірден шайқасқа, госпитальға, қайра фронтқа. Екі әскери ордені мен көптеген медальдары, екі ауыр жарақаты офицер В.А. Юрасовтың ерліктерін дәлелдейді, одан кейінгі бейбітшілік өмірі денсаулығын жақсарту, жаңа қызметке ауысу сияқты тірліктерімен өтті.

Александра атты жұбайы екеуі Дмитрий, Владимир және Татьяна атты үш баланы тәрбиеледі. Өзінің әскери тәжірибесін кейінгі ұрпаққа үйрету мерзімі де келді. 1968 жылдан 1975 жылдары аралығында Валентин Александрович КПТИ-дің әскери кафедрасында сабақ берді. Мұнда да ол алдыңғы озық қатарда. Көптеген алдыңғы қатарлы оқытудың әдістері және оларды оқу процесіне енгізу сияқты жұмыстар оқытушы – фронтовиктің басты мақсаты. «Іздеген жетер мұратқа» ұраны В.А. Юрасовтың жұмысқа деген ыстық ықыласы, әскерде де, еңбекте де ол қалыспайды. Бұл адамнан үлгі алуға болады.

Киселев Иван Лукич, 1919 жылы 9 қазанда ҚазССР кезіндегі Солтүстік Қазақстан облысының Соколовский ауданының Кустовое ауылында дүниеге келген. Қарапайым шаруадан шыққан орыс азаматы 1939 жылы Петропавл қаласындағы 10 сыныптық орта мектепті бітірді. Совет армиясы қатарына шақырылды. Оның әскери ерліктерін марапаттары айқындайды. Бұл «Қызыл жұлдыз» ордені, «Әскери еңбегі үшін» медалі, «Германияны жеңгені үшін» медалі және тағы басқалар. Соғысты аға лейтенант болып аяқтады. ВС КСРО қысқаруына байланысты 1960 жылы әскерден қайтты, бірақ армиямен байланысын үзген жоқ. Қарағанды облысындағы облыстық әскери комиссариатында әртүрлі жауапты қызметтер атқарады, содан кейін 1963 жылдан 18 жыл бойы ҚарПТИ-дің әскери кафедрасында жұмыс істеді.

Романчук Иван Петрович, 1914 жылы 17 сәуірде Житомир облысының Родомышельский ауданының Заньки селосында дүниеге келген. Кедей шаруа жанұясынан шыққан, украиндық.

Бала жасынан құлдық өмірді таныды. Өзінің білімін орта мектепте, жерге орналастырушылық техникумында алды. Одан кейін араға біраз жыл салып 1936 жылы Житомир қаласындағы мұғалімдер (педагогикалық) институтына түсіп, онда 3 жыл оқып, орта мектебінің жоғары кластарына сабақ беретін география мұғалімі біліктілігін алды. Әрі қарайғы оқуына соғыс кедергі болды.

Р.И.Петрович үш тілді меңгерген. 1962 жылдың қыркүйегінен бастап Иван Петрович әскери кафедрада лаборанттан бастап кафедраның аға оқытушысына дейінгі жолды жүріп өтті.

Жұмысқа деген махабатты Ұлы Отан соғысы ардагерінің ерекше қасиеті.

Ортенберг Илья Маркович, 1912 жылдың 12 желтоқсанында Хмельницкой облысының Белогородка аймағында, қызметші жанұясында дүниеге келген. Еврей. Білімі жоғары.

1942 ж. желтоқсанынан бастап совет армиясында Харьковтегі әскери-пехота училищесін тәмәмдаған. 1944 жылдың қыркүйегінен 1 Белоруссия фронты взводының командирі. Белоруссияда, Польшада, Германияда соғысқа қатысты осы уақыт аралығында екі мәрте жарақат алды.

«Қызыл жұлдыз» орденімен және 12 медалімен марапатталған.

1950 жылы Красносельский орта мектебін бітіріп, шет тілдері әскери институтының сырттай оқу бөліміне оқуға түсті. 1953 жылы тыл және транспорт әскери академиясына түсті. Оны 1958 жылы ойдағыдай аяқтап, диссертациясын қорғап, техника ғылымдарының кандидаты атанды.

Әрі қарайғы қызметін Түркістан округінің Краснознаменный әскерінде батальон командирі болып жалғастырды. Оқытушылық қызметке Илья Маркович 1960 жылы Душанбидегі ПТИ-дің әскери кафедрасына оқытушы болумен бастады. 1961 жылдан ҚарПТИ-дің әскери кафедрадағы жұмысы, оқытушылықтан бастап техникалық циклдің бастығына дейінгі басқыштардан өтті.

Оренбург Илья Марковичтің бар ғұмыры мен қызметі үлгі боларлықтай.

Зайчиков Николай Михайлович, 1951 жылы 27 қаңтарда Тульский облысы, Арсеньевск ауданы, Часовня ауылында дүниеге келді. 1968 жылы Арсеньевск орта мектебінің 10 сыныбын тәмәмдап, осы жылы И.В. Сталин атындағы Харьков жоғарғы командалық гвардиялық танк училищесіне түсіп, 1972-1977 жылдар аралығында солтүстік Кавказдағы әскери округте өзінің міндетін атқарды. Содан 1982 жылға дейін Германиядағы Кеңестік әскер тобында міндетін атқарды. 1982-1989 жылдары Орталық Азия әскери округінде өзінің міндетін атқарды. 1989-2010 жылдары ҚарМТУ әскери кафедрасында қызметін өтеді. Әскери қызметін училищеде курсанттан бастап, ҚарМТУ әскери кафедрасында аға оқытушысына дейін өсті.

«КСРО-ның Қарулы күштерінде Отанға қызмет еткені үшін» III дәрежелі орден, КСРО-ның Қарулы күштеріне 60 жыл, 70 жыл – медальдар, көп жылғы еңбегі үшін 3-ші дәрежелі медаль.

«Командир анықтамасы», «Негізгі ұрыс түріндегі танк», «Тактикалық дайындықтағы альбом схемасы» деген бірлескен автордың Ғылыми кеңесінде мақұлданған оқу-әдістемелік құралдары. 5 сертификацияланған слайд-лекцияның, 4 электронды оқулықтың, 19-оқыту сыныбындағы плакаттар комплектының авторы.

Тактикалық дайындық сабағын өткізуде оқыту процесінде қолданылатын электрофицирланған және радиофицирланған аймақтың макетін жасауға және құруға қатысқан.

Әскери кафедраның аудиторияларындағы Р-123, Р-173 радиостанциялары үшін жұмыс орнын жасауда жетекші болып табылады.

Алаев Александр Алексеевич, 1947 жылы 14 сәуірде Краснодар шеті, Архангельск ауылында дүниеге келген. 1964 жылы Хоби қаласында Грузин КСР орта мектебінің 8-сыныбын тәмәмдады. 1964 жылы КСР автономды солтүстік Осетиядағы Орджоникидзе қаласындағы Кавказдық Краснознаменды суворов әскери училищесіне түсіп, 1967 жылы бітірген.

1967 жылы В.И. Ленин атындағы Ульяновск Гвардиялық ордені Қызыл жұлдыз, Қызыл ту ордені жоғарғы танк командалы училищесіне түсіп, 1971 жылы бітірді.

Міндетін орындады: 1971-1976жж. Солтүстік Кавказ әскери округінде міндетін атқарды; 1976-1981 жж. Германиядағы Кеңес әскери тобында міндетін

атқарды; 1981 жылдан бері ҚарМТУ-дың әскери кафедрасында міндетін атқаруда.

Әскери қызметін училищеде курсанттан бастап, ҚарМТУ әскери кафедрасында аға оқытушысына дейін өсті.

Медальдар мен наградалар: КСРО-ның Қарулы күштеріне 50 жыл, КСРО-ның Қарулы күштеріне 60 жыл, КСРО-ның Қарулы күштеріне 70 жыл, «Мүлтіксіз қызмет үшін» ІІІ дәрежелі, «КСРО Ұарулы күштерінің ардагері», «ҚР Қарулы күштеріне 10 жыл».

А.А. Алаев Ғылыми кеңес мақұлданған оқу құралдарының авторы: «Т-72 танкінің эксплуатациясы», 2 сертификацияланған слайд-лекциялар, 2 электронды оқулық, 3, 5 оқу сыныбындағы, дайындық сыныбындағы, ату дайындықтары бокстағы плакаттар комплекті. 2004 жылы «Автоматты оқтау» видеофильмін құрастырудағы жетекшісі. Оның жеке жетекшілігімен құрастырылған бірегей нысанына жою имитаторы әскери кафедраның оқу процесіне қолданылады, ҚР ҚМ мақұлдаған және ҚР ҚК қолдануға ұсынылған.

Фронтвиктердің дәстүрін жалғастырушы әскери кафедраның ардагерлері әрқашан алдыңғы шепте.

Әскери кафедраның құрылған жылдардан бастап ең нағыз офицерлер дайындайтын және тәрбиелейтін ұстахана болды. Біздің университеттің ректорларының, әскери кафедраның бастықтарының арқасында 1982 жылдан бастап әскери кафедра орнықты, жаңа заманғы техникамен және қару-жарақтармен, жаңа жаттығу сыныбы мен аудиториялармен жабдықталды. Қазіргі таңда оқыту процесі қарамағында жауынгерлік техникалардан басқа, соңғы талаптарға сай бірегей ату жаттығу және техникалық дайындық сыныптары, үш әйгілі 30 (отыз) оқыту аумақты компьютерлер сыныбы бар.

Әскери кафедраның оқытушыларының күштерімен дайындалған және енгізілген үлкен мөлшердегі рационализаторлы және жаңашыл ұсыныстар, оқыту процесін жеңілдетті және оны сапалы да нәтижелі етті. Әскери кафедрада соңғы жылдары офицерлерді қосымша алты мамандық бойынша дайындау курстары ашылды.

Қазақстан республикасындағы әскери кафедралардың арасында көшбасшылар қатарында ең үздік кафедра болу дәстүр болып қалды. Осының бәрі әскери кафедраны құрған, болашақ Отанды қорғаушыларға білімін, ептілігін және дағдысын беріп, тәрбиелеуге үлкен үлес қосқан ардагерлердің арқасында.

Мазмұны

Ғазалиев А.М. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің құрылғанына 58 жыл.....	3
Обухов Ю.Д. ҚарМТУ құрылуы мен дамуының негізгі кезеңдері.....	5
Исабек Т.К. Академик Сағынов Ә.С. – ғалым және Қазақстандағы жоғары техникалық білімді ұйымдастырушы... ..	13
Шарая О.А. ҚарМТУ – ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың білім ордасы.....	17
Обухов Ю.Д. Ғалымдар, педагогтар – ҚарМТУ мақтанышы.....	21
Тутанов С.Қ. Қазақтың тұңғыш математигі Ә.Ә. Ермаковтің өмірі және қызметі	27
Брейдо И.В. Бырька В.Ф. – ғалым, ұйымдастырушы, ұстаз.....	32
Малыбаев С.К., Дедов А.Н., Данияров Н.А. Профессор, техника ғылымдарының докторы Данияров А.Н	36
Низаметдинов Ф.К. Попов И.И. – Орталық Қазақстанда маркшейдер ғылыми мектебін құрушы.....	43
Шәріпов Н.Х. Гращенко Н.Ф. – қазақстандық еңбек қауіпсіздігі мектебін құрушы	45
Пономарева М.А. Академик, профессор, геология-минералогия ғылымдарының докторы Ермаков М.Ә	48
Дәулетбаева Н.Б. Қашық Ш.Қ-ұстаз, ғалым, тәлімгер, патриот.....	52
Күзембаев С.Б., Кипнис Л.С. Профессор Шевцов Е.И. – металлург, ғалым, ұстаз..... ..	56
Исабек Т.К. Квон С.С. – ғалым, педагог, ұйымдастырушы	61
Низаметдинов Ф.К. Профессор Р.П. Окатовтың өмірі және шығармашылығы.....	64
Гуртовой В.И., Понкратов С.П., Строков Е.Н., Фомин С.Ф., Кузнецов С.Б. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің әскери кафедра оқытушылары.....	66

ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен

ҚАРМТУ-дың ДАМУ ТАРИХЫ

5-кітап

2-ші басылым, өңдел. және толық.

Құрастырушы авторлар: Байжабагинова Г.А., Матвееenkova Л.Г., Волкова А.В., Сламбекова А.К., Обухов Ю.Д., Исабек Т.К., Шарая О.А., Туганов С.К., Брейдо И.В., Малыбаев С.К., Низаметдинов Ф.К., Шәріпов Н.Х., Пономарева М.А., Дәулетбаева Н.Б., Күзембаев С.Б., Гуртовой В.И., Понкратов С.П., Строков Е.Н., Фомин С.В., Кузнецов С.Б.

31.03.2004 ж. берілген № 50 мемл.баспа лиц.
Басуға 15.12.2011 ж. қол қойылды. Тапсырыс 1924
Пішімі 60x84x16. Есептік баспа табағы 4,4. Таралымы 3 дана.
Бағасы келісімді.
ҚарМТУ баспасы. 100027. Қарағанды. Бейбітшілік бульвары, 56